

Үмітай  
Жармағанбетұлы

Жанымның фойдасы

Жанырағын

A decorative floral wreath consisting of two symmetrical branches of leaves and flowers, framing the text below.

Балқаш - 2003



Үмітай Жармағанбетұлы

**Жанымның жайдым  
жапырағын**

Балқаш-2003 ж.

ББК 84 Қаз 7-5

Ж 31

## Үмітай Жармағанбетұлы

Ж 31 Жанымның жайдым жапырағын. Өлеңдер, естеліктер. Балқаш. 150 бет.

ISBN 9965 – 9366 – 0 – 9

Ақтоғай топырағында туып, артына өшпес жырларын, кара сөздерін қалдырған санаулы таланттың бірі – Үмітай Жармағанбетұлы еді. Оның ата-анасының азан шақырып қойған есімі Мүбәрәк. Алайда, қазақы дәстүр бойынша еркелетіп туыс-бауырлары Үмітай атап кеткен.

Оқырманға ұсынып отырған ақын, әрі журналист Үмітайдың жыр кітабы оның тіршілікте бітімі бөлек, отаншыл, қоғамшыл, ұлтжанды азамат болғанын айқындай түседі. Шындығында ол ешкімге ұқсамай бөлекше ғұмыр кешкен нағыз ақын мінезді жан болатын.

411811  
ББК 84 Қаз 7-5

4702250202

Ж

00 (05) - 03



## **ЖАНЫМНЫҢ ЖАЙДЫМ ЖАПЫРАҒЫН...**

### **Менің өмірбаяным**

Ыстығынды да сезбеппін,  
Білмедім парқын суықтың.  
Соңғысы болып баланың,  
Соғыстан кейін туыппын.  
Жан әкем Жәкең армансыз,  
Ұл дегеннен бар – алтауы,  
Ішіндегі мен боппын,  
Кенжесі, әрі жалқауы.  
Сараңдығы да тағдырдың,  
Айналып өтпей біздерден,  
Алты ұлдан бөлек ақсудай,  
Араға жалғыз қыз берген.  
Даурығып жүрдік кеше біз,  
«Жалпақ ел, жайсаң халықпыз».  
Жауынгершіліктен қайтқандай,  
Селдіреп бүгін қалыппыз.  
Ажалың алса қырына,  
Таппассың қарсы күш оған.  
Бес қабір жатыр бес жерде.

**Жан әкем,**

**Аням,**

**Үш ағам.**

Кімдерге қанша белгісіз,  
Көрер күн, дәмін татарың.  
Төртеуіміз барып толтырдық;

— Жетімдер санын, қатарың,  
Толысқан айдай шақта тұр,

**Қуатым,**

**Күшім,**

**Дәрменім.**

Жетімдігімді білдіртпес.  
Құлындарым да бар менің.  
Осы бір жарық фәниден,  
Көргенім жоқ кой таршылық.

Жетімдігімді білдіртпес,  
Аға – жеңгелер де баршылық.  
Жағдайым да жоқ өмірден,  
Күдерімді үзіп кетерлік.  
Жетімдігімді білдіртпес ,  
Достарым менің жетерлік .  
Елімнің мұңын бөлісем ,  
Қу бастың қамын жемеймін.  
Мен кедеймін , өзімді ,  
Шіріген баймын демеймін.  
Өмірім өтіп барады ,  
Болашақ бұлдыр , арты сын .  
«Әгу – гайлармен » өткіздім ,  
О жарықтықтың да жартысын .  
Жасып бір кейде кектендім .  
Қарсы тұралмай азапқа .  
Мезгілді бастан өткердім .  
Төзе алмай кейбір мазаққа .  
«Бөрі арығымызды » білдірмей ,  
Ақынбыз қанша десек те ,  
Тоғышар топас мәнгүрттер .  
Алмай жүр бізді есепке .  
«Күш адал болса , сүті арам »  
Ақындар әлде есек пе ?!  
Баласымын ғой қазақтың,  
«Мың тіріліп жүріп, өлген мың»  
Жұмақ деген осы деп,  
Коммунист те болып көргенмін.  
Журналист- асқақ арманым.  
Соны алдым тандап өмірден.  
Көзімнің майын тауысып,  
Қағаз жеп, қалам кеміргем.  
Адалдық керек, бауырым,  
Болмасын дос жат, ел егес.  
Бақ іздеп тағы көргем жоқ,  
Тақ қуған жаның мен емес!  
Шындықты қалай жасырам.

Дедім бе бәлкім «кесекпін»  
Ақиқат жолмен жүрем деп,  
Өртинде қалғам өсектін.  
Өзімде білмей далмын мен,  
Тобырдан бөлек өстім бе.  
Ақиқатты іздеп көргенмін,  
Ішінен төбелестін де.  
Бұл жаста жүріп көргем жоқ,  
Айнадай асфальт тақтаймен.  
Әкемнің аузын былғатсам,  
Қайсыбір досқа жақпай мен.  
Келемін әлі бір ізбен,  
Есептей алмай жоқ барды.  
Акын деп бүгін таниды,  
Кешегі сойқан сотқарды.  
Өмірім жайсаң, дара бақ,  
Көргем жоқ жанды қаралап.  
Адам біткендердің жүрегін.  
Алмасам деймін жаралап.  
Кешегі қайран жиырма бес,  
Түспейтін бұғау құрыққа.  
Өтті де кетті, ал бүгін,  
«Мөңіреп жүрмін» тұлыпқа.  
Сетінеп жатқан сияқты,  
Өмірім,  
Жазым,  
Өткенім,  
Жібек таба алмай жыртығын,  
Шіріген жіппен көктедім.  
Айтпаймын ешбір пендеге,  
«Өлеңмен, жырмен, дәрумін»,  
Өзім де кемтар адамдай,  
Жылы сөздерге зәрумін.  
Күнде тілеймін құдайдан,  
Бабамның мәрттік кейпін бер.  
Қас жауым, меннің бас жауым,  
Есіркеп, мүсіркейтіндер!

Ойласам болды бір сәтке,  
Өртеніп шығар от беттен.  
Кешегі ғашық сұлуым,  
Сары қарын әйел боп кеткен.  
Келуші ек түнді таңға ұрып,  
Аңдары сынды даланың.  
Кешегі қырғын бойдақтар.  
Әкесі төрт-бес баланың.  
Дамыл бермейтін аяқты,  
Басатын болдым жай, аңдап,  
Мерт болып кетпей тұрғанда.  
Жүрген де жақсы-ау аяндап.  
Қызбалықпен қойдым ба,  
Айтпайтын сырды баяндап.  
Ала өкпе болып қайтемін.  
Жақсы ғой ой-хой аяңым.  
Жолдарым ұзақ болғанмен,  
Қысқа ғой өмірбаяным.

## А Ш Ы Н У

Ағызбай жырын асау селдей ақын,  
Дүрмектен оқ бойы озып келмей атың.  
Шөп пен шөнге жырларың кімге дәру.  
Қалмаған соң артыңда өлмей атың.

«Жыр-кәусарға қандырам тәмәм елді»,  
Деген арман адыра қалар енді.  
Мен білетін бір ақын: Абай ғана.  
Төрт тағанға сиғызған бар әлемді.

Мына фәни жалғанда қайырымсыз,  
Ақын бар ма, Күні – ашық, Айы – мұңсыз? !  
Атқа мінген ақынға ақжол айтып,  
Қашан тартып бердіңіз айылын сіз?!



Ақын жүрек езіліп, егілер де.  
Мұң шағады пендеге, перілерге,  
Жыламаңдар ақынға,  
Жыр оқыңдар!  
Қара жердің койнына берілерде!

Ақын жанын шық басқан күз демендер,  
Жылылыққа зәруміз біз дегендер,  
Ақындарды аяла тірісінде,  
Өлгеннен соң «ойбайлап» іздемендер!

### Э Л Е Г И Я

Кездестік те , еске алдық жырақ күнді  
Жүрекке мұң, санаға сұрақ тұнды.  
Көңіл шерін ақтарып, мойыныма,  
Ақ білегің асылып, жылап тұрды.  
Тағдыр бізге жасады өз дегенін,  
Өмір мәнін түсінер кез бе менің,  
Басқа жанға ұсынып жүрегімді.  
Оның құлай сүйгенін сезбеп едім.  
«Жаз жанын жаралама тоты құстың»,  
Деп маған жасап еді өтініш кім?  
Кіл арудың ішінен гүл аруды.  
Отына тастап кеттім өкініштің.  
Алданбады мақпал-түн, лала-таңмен.  
Шер-мұңын қалай енді таратам мен?  
Жұбатуға сөз таппай жанарының,  
Жастарын сүрте бердім алақанмен.  
Айлы түнде еске алдық жырақ күнді,  
Жүрекке мұң, санаға сұрақ тұнды ,  
Көңіл шерін ақтарып қоштасарда,  
Аққайыңға сүйеніп жылап тұрды.

### Д О С К А С Ы Р

Естімедік,  
Білмедік қайғы , мұңды.



## ҒАСЫР ПЕРЗЕНТІ

(микробаллада)

Туған жердің тау-тасы, жері-суы ертегі,  
Жүрегіңмен тыңдай білсең, ғажайып сыр шертеді.  
Әмбеге аян қойнауының тылсым тарих екені,  
Ақтоғайым-арыстар мен асылдардың мекені.  
Мұзарт шынды армандайтын мұзбалақтар сияқты,  
Бұл өңірде жігіттер бар мыятты да, тұяқты.  
Тылсым жатқан дүниенің тас емшегін идіріп,  
Ай-мандайын ару-күнге сүйдіріп...  
Өмір-марген пештерінің қызуында шыңдалған,  
Шыңыраудан маржан теріп, сыр тартатын шыңдардан.  
Зейнетінің қызығы мен бейнетінің күйігін,  
Қатар көріп, «алсам», дейтін арманының биігін.  
Жан-сарайына үңіліп көр, көрікті де сәулетті,  
Мақсат қылып көрген емес байлық, мансап, дәулетті.  
Қандай қиын істеріңді қарсы алатын тік тұрып,  
Азаматтың кредосы-Мықтылық!  
Мәуелеген терек дерсің, нәр алатын тереннен,  
Керіс танау келбетінен таңның нұрын көрем мен.  
Жақсылыққа құшақ ашып, жайып кеме желкенін,  
Бүгінгісін місе тұтпай, ойлай жүрер ертеңін-  
азаматты білем мен!  
Мінез дархан, жүрек-жылы, көңілдің жоқ бүкпесі,  
Адам жайлы әңгіменің болмас сірә нүктесі.  
Ер азамат бұл өмірден тек кетпейді, тек келіп,  
Арманы да алдамайды, қалмайды әрі шеттеліп,  
Қырымда ма, Ұрымда ма, жүрсің шетте, жырақта,  
Туған елден, өскен жерден асқан не бар бірақ та?!  
Мен соғысты көргенім жоқ, көргенім жоқ лаңын,  
Соғыстан соң тудым дағы естіп бактым «жыр-әнін».  
Мен соғысты көргенім жоқ, көргем жоқ сол кесірді,  
Көрдім бірақ қайғы-зармен шашы ағарған жесірді.  
Мен соғысты көргенім жоқ, қан сасыған даланы,  
Көрдім бірақ үйіндегі жетім қалған баланы.  
Дауаламай жүрегім, сырласпадым сол күнмен,  
Оқтар тескен денесін мүгедекті көрдім мен.

Келе жатыр көшеде жоғары ұстап намысын.  
Енді қанша жүресің «елім» деген арысым.

### ТАБИҒАТ МҰҢЫ

Біз мынау табиғатқа не істемедік,  
(Уайымсыз, қайғысыз өскен едік)  
Жан-жағыңа карашы, көретінің.  
Тартылған көл...  
Ауған құс..  
Көшкен елік..  
Не сиқыр бар адамның санасында  
(Ұмытып бара ма, ана, панасында ),  
Табиғаттың көз жасын көрмейін деп,  
Киік ауып кетіпті, панасың ба?!  
Аққу көрсек мылтықпен жетіп барған.  
Қырсықпыз ғой , бұлаққа етік малған.  
Көресінді сендерден көрдім-ау деп,  
Қарлығаш құс өкпелеп кетіп қалған.  
Болмаған ба біздерге еш кедергі,  
Табиғат мұны кейін ескереді.  
Жұмақ үйін дозаққа айналдырып,  
Жіберген соң.  
Күстар да кеш келеді.  
Жер- ана белгілі ғой жайың бастан,  
Сұлулықты тұрушы еді қайың бастап.  
Жәннатыңды мына біз қолымызбен,  
Ақ тақырға жібердік айырбастап.  
Тасында елік ойнап , билемеді,  
Жүрек шіркін қамырдай иленеді.  
Табиғаттың көргені аз болғандай,  
Атом деген зілзала кимеледі.  
Жол беруге бір сәтте болмас оған.  
Біріңдер,  
Тұрындар.  
Қолдас адам!

Бәрімізді бірлікке шақырады,  
Шыр-пыры шығып жүрген Олжас ағам.  
Бір түйін бар оп-оңай шешілмейді  
Байқайсың ба, саумал жел есілмейді  
Абайлау керек енді аямасақ,  
Табиғаттың киесі кешірмейді.

\* \* \*

Лағы қашты киіктің,  
Өлімге басын тігер кім?  
«Атамын» деген аңшының  
Мылтығын қағып жібердім.  
Отыра кетті тізерлеп,  
Мандайын ұстап «аһ» ұрып.  
Сәлден соң маған тіл қатты,  
«Не деген жансың, мақұлық»?  
Өмірдің өзі бағалар,  
Кім жаман, бүгін кім жақсы.  
Қатыгез жүрек жандардан,  
Мақұлық болған мың жақсы

### **АҚТОҒАЙДЫҢ КЕҢЕСІ – МАҚТАНЫШЫМ**

Көңілде жарық мол, жалын басым,  
Сен тұрғанда қай қамал алынбасын.  
Өзің сынды жігітке ғашық болып,  
Арулардың жүрегі жалындасын!  
Ризамын ақ таңға атқаны үшін.  
Анаңның азаматты тапқаны шын.  
Алатаудың басынан бір көрінші,  
Ақтоғайдың Кеңесі- мақтанышым!  
Өзіңдей болсыншы бір азаматым,  
Өнердің ошақ – отын жаға алатын.

Заңғар көкке қалықтап алып ұштын,  
Еліңнің , туған жердің АМАНАТЫН.

## АҚ АЛТЫН

Толғау

*(Ақш.лік комбайыншы Т.Садуақасовқа)*

Түрлендіріп теңіздей қыр даланы.  
Қыр далада «Ақ алтын» ырғалады.  
Көр егінді!  
Көзіңе елестесін,  
Ару қыздың шолпысы, сырғалары.  
Қыр далада «Ақ алтын» ырғалады  
Сол ырғақ кеп жүректі тырмалады  
Алтын болып өрілген аңыздарда  
Масақ емес!  
Жал-жал боп жыр қалады.  
Дегендей «алау болып жанбайын ба»  
Алқызыл ту желбіреп маңдайында.  
Қаздай қатар тізіліп келе жатқан  
Талғат отыр алдыңғы комбайында.  
Қасиетті НАН болып аталатын,  
«Ақ алтын»- деп қойдық қой лақап атын.  
Күдіретті күшінде бөле алмайды.  
Алтын менен Талғаттың махаббатын.  
Ал айтайын ақыры сөз алдың ба.  
Талғат жайлы жыр жазу өз алдына.  
СӘДУАҚАСОВ десем-ақ елес беріп  
СТАХАНОВ келеді көз алдыма.  
Еңбекті де, ән, жырды селдететін,  
Біздің елді еңбекқор ел десетін.  
Бәрі шындық, ал осы Талғатпенен  
Егінжайда ешкім жоқ белдесетін.  
«-Ұят болды, Талғаттан алыс қалдық»

(Жігіттер жүр күбірлеп, намыстанып)  
-Босқа арам тер болмаңдар- деді біреу.  
-Бел сындырар күштімен алыспалық!  
Деген кезде бір жігіт кимеледі  
- Намыссыз-ау, сен бөрік киме – деді  
Ал өзі ше?  
Белбеуі босаңдау ма,  
Талғатпенен жарысқа именеді.  
Жүрекке жалын отын қыстаталық,  
Жүлдені жүлдегерге ұстаталық.  
Сәдуақасов жайында ойланып көр.  
Көз алдына келеді Стаханов!  
Түбіт мұрты жарты айдай қияктанып  
Егінжайлап жыр төгіп, күй ақтарып  
Сәдуақасов жүр бүгін көш басында.  
Алексей Стаханов сияктанып.

### **ЖҮРЕГІМДЕ ЖАҢА ЖЫР**

Бар әлемнің паш етіп жаналығын,  
Ақындарда төгеді жаңа жырын,  
Біз өзіңді тағатсыз тосып едік,  
Төрлет, төрлет, жоғарыла жаңа жылым.  
Жаңа жылым, о менің жаңа жырым.

Думандатып баршаны қыздырып кел,  
Саған дайын құрметпен ізгіліктер.  
Мен ән айтып берейін домбырамен,  
Билеп берсін өзіңе қыз-жігіттер.

Жаңа бақыт әкелдің ғашықтарға,  
(Жаңа жігер құйып бер жасықтарға)  
Міне, бүгін қос ғашық қол ұстасып  
Арманына жетуге асықты алға.  
Жаңа бақыт сыйлашы ғашықтарға.

Жылдар, жылдар...  
Өтеді тізбектеліп  
Байқамалық соны біз жүрсекте еріп  
78 сен біраз аялдашы.  
Асығатын мәнің жоқ іздеп келіп,  
Өтіп кеткен жылдарға тізбектеліп.

\* \* \*

Жылдар өтіп кетіпті арқалатып салмағын,  
Біреу қуанады ғой, біреу тістеп бармағын  
Ескі жылмен қоштасып, қимай оны тұрса да.  
Жаңа жылдан күтеді бақыты мен арманын.  
Ақ жүрекпен күтеміз жаңа жылды қарсы алып  
Сен де келіп жеттің бе жер шарына жар салып?  
Ақшақарға малынған абзал адамдарға сен.  
Қарап көрші қызығып, тамашалап, тамсанып!  
Жүректер мен жүректер ұғысты да , от алды  
Кел жаңа жыл алайық,  
Шампан толы бокалды!

## **А Б А Й Ғ А Т А Б Ы Н У**

*Абайдың 150 жылдығында*

*Қарауылда оқылған өлең*

Асылын жырдың,  
Жасынын жырдың ұқтырып,  
Ұл болып туып, ұлы ақын болу – мықтылық.  
Абайды білген жанарға күміс шық тұнып,  
Әлемнің халқы қуанып жатыр тік тұрып.  
Ұл болып туып, ұлы ақын болу- мықтылық.  
Жыр маржан шашып  
«Абайлап» атар нұр таным.  
Келеді менің шарықтап, көкке шырқағым.



Сайын Сарыарқа сағынып дүлдүл тұлпарын.  
Жырыңа елтіп, әніңе балқып ұрпағың,  
Табысып жатыр, жүректің басып іңкөрін.  
Ұлылық дерсің, көңілді жырмен аулаған,  
Пірімсің Абай айтпайды пенде дау маған.  
Жер-жаһан гүл боп, тұнып тұр бүгін лаулаған  
Тоғжанға жазған жырыңнан сенің аумаған.  
Пірімсің Абай айтпайды ешкім дау маған,  
Шыңғыстау куә,  
Басынан саумал жыр ескен, .  
Кетпейді сонау запыран құсқан күн естен.  
Дауларың біткен, жауларың да жок тірескен,  
Басына бишік үйіргендердің де үні өшкен.  
Кетпейді сонау запыран құсқан күн естен.  
«Алыстан сермеп, жүректен тербеп» арман-ай.  
Пушкин,  
Гете,  
Лермонтовты көрдім мен.  
Сайын даламда жыр-тұлпар болып самғаған.  
Көтеріп көкке көкорай көңіл хошыңды,  
Қара өлеңдерің найзағай - от боп жосылды.  
Қаламқасқа айтқан сәлемің-жанның әлемің,  
Тербеді дағы қос ақсу болып қосылды,  
Көтеріп көкке көкорай көңіл хошыңды.  
Пенделік бөлкім, шығалмай жүріп беткейге  
Армандаймыз-ау «ұлы ақын болам»-деп кейде.  
Сұлу сезімге қаталап қалған жүректі,  
Жібітіп кеткен бір Абай бізге жетпей ме?!  
Ақынбыз дейміз шыға алмай жүріп беткейге.

### **...ЕР ТУҒАН АНАСЫНАН**

*Алғашқы қазақ ғарышкері Т.Әубәкіровке*

Ештеңеден ағайын жасқанбалық,  
Біздің қазақ жыр халық, дастан халық.  
Токтар деген бір ұлын ғарышқа ұшты,  
Елімнің абройын аспанға алып.

Ұл екен ғой ер туған анасынан,  
Аман болсын сұқ көздің наласынан.  
Тоқтар самғап кетті әне , көк жүзіне,  
Байқоңырдың, казактың даласынан.

Шар тарапқа шалықтап жатыр әнім,  
Мен калайша жыр жазбай отырамын.  
«Иіскеп қойсам күні ғой »деп қазағымның,  
Ала кетті бір уысын топырағын.

Ер Тоқтарым елімнің ары сынды,  
Мұндай ұлдың қазақта бары шынды.  
Туған жердің төсіне қайта оралды.  
Бағындырып алды да ғарышыңды!

Бабамыздың әруағы сүйікті еткен,  
Бар жақсылық жүрекке сыйып кеткен.  
Тоқтар қалды әлемнің тарихында.  
Қазақтың мәртебесін биіктеткен.

## БІР ТҮП ТЕРЕК

*(Аманжолға)*

...Сол жылы көктем еді  
Көктем нұры не деген өктем еді.  
Досым егіп қойған бір терегі,  
Бүршік жарып. көгеріп көктеп еді,  
Болған істі немесе тозған істі,  
Жаңғыртып айтып берсем сөкпе мені.

\* \* \*

Ойын десе кететін қызып қаны,  
Балалық-ай, таусылмас қызықтары,  
Арамыздан қыл өтпес дос боп жүрдік,  
Бір ауылдың бес-алты «бұзықтары».  
«Жолдар даңғыл,  
Бөгет жоқ,

Көшеміз кең»

Ойын десе кетпеуші ед есе бізден.  
Сабаққа да зауқымыз сокпай жүріп,  
Шапалақ та жеуші едік шешемізден.

Жылжып жатыр уақыт, күндер өтіп,  
(Қалды аяқтың тер исі сіңген етік),  
Бойды түзеп, сән қуып жігіттікпен,  
Көше кезіп жүрдік біз түнделетіп.  
Жазылды ғой жүрекке нелер есім,  
Махаббат па, білмейміз, қағып жүрдік,  
Қыздары бар үйлердің терезесін.

Мақсат та жоқ, не біліп ұйғарасың,  
Таң ата кеп көруші ек үй қарасын.  
Түнімен қызықтап қайтатынбыз,  
Аманжолдың ойнаған гитарасын.

Белшемізден кассирге борыштана,  
Көретін киномыз тек «соғыс» қана.  
Қос тілді қанат қып ұстаған ол,  
Судай ағып тұратын орысшаға.

Көрші тұрдық еншіміз бөлінбеген,  
(Қазір міне, от болып өрілді өлең).  
Ұмыту да кінә ғой уақытты,  
Жалғыз құртты қақ жарып бөліп жеген.

Жастық дәурен,  
«Ох», шіркін, еркеледік,  
Бір күн мұз боп кетеміз ертең еріп,  
Ағалардан таяқ жеп, есесіне,  
Кішілерді ал келіп, желкеледік.

Еске алам соның бәрін жылап тұрып,  
Жаңғырғанда кетеді құлақ тұнып.

Білмедік қой жолына сұм ажалдың,  
Қойғанын көрінбейтін тұзақ құрып.

Қалай кидың гүл терген қырларыңды,  
Қырларыңды жатқа айтқан жырларыңды.  
Білмейсің-ау, білмейсің қабіріннің,  
Басында жырл оқып тұрғанымды.

\* \* \*

Бір ой келіп көңіліме қонып тұр,  
Келте өмірің гүлдестерге толып тұр.  
Тындап көрсең жүрегімнің қағысын,  
Есіміңді атап сенің соғып тұр.

Кім айтады, ажал қолы жетті деп,  
Өмір едік,  
Балғын едік,  
Жеткен ек,  
Өлгені не? Естіп едік біз сені,  
Су түбінен бақыт іздеп кетті деп.  
Айырушен қараны да, ақты да,  
Қайтпадың ғой, судың асты жақты ма?  
«Аманжанның хәлін біліп келем»- деп.  
Анаң іздеп кетіп еді. Тапты ма?!

Біз де аманбыз,  
Өмір бізді күтті ерек,  
Тірі адамға еңбек керек, күт керек.  
Сен кеткелі қанша баптап, күтсем де,  
Өспей қойды өзін еккен түп терек.

Арман. Қиял жетегінде жортамын.  
Қызығы едің,  
Думаны едің ортаның.  
«Бір теректі күте алмаған сорлы» деп,  
Өзің келіп ұрса ма деп қорқамын.

Тар көзінен өте алмасам електің,  
Онда кімнің қажетіне керекпін.  
Әлі күнге жанымды жеп жүрмін мен,  
Обалына қалдым ба деп теректің.

Кінәсіз деп өмір мені қолдаса.  
Ренжудің керегі жоқ онда аса.  
Тамыр жайып кете алмайды терек те,  
Баптап, күтер өз адамы болмаса.

\* \* \*

... Сол жылы көктем еді,  
Көктем нұры не деген өктем еді,  
Досымның қолмен еккен көк терегі,  
Бүршік жарып, көгеріп, көктеп еді,  
Ағайын, сөкпе мені?!

## Қ А Р А Ш А Л

*Кенішбай Жұбандықұлының рухына  
(арнау)*

Құлпырып Ақтоғайдың атырабы,  
Жанынды кәусар сырға батырады.  
«Кенішбай», «Кенішбай» деп үн қатады,  
Тал, қайың, теректердің жапырағы.

Жыр азабын ол шекпей кім шегеді,  
Жанына жәйсіз сөздер мұң себеді.  
Кенішбай өлді дейді, бәрі бекер.  
Ақын өлді дегенге кім сенеді?!  
«Өлді» – деп сәуегейлер бал ашады,  
Ақын тірі! Кім оған таласады.  
Дүркіретіп той жасап жатыр бүгін,  
Ісі қазақ халқының «қара шалы».

Дос қуанып, ішінен қасы күйген,  
Ақын еді ол «елім» деп жасын иген.



Айтыстың ақберені тізгін қақаса,  
Шашубай, Доскейлерге басын иген.

Күн салып қарай бердің шоқтығына,  
Кеншекең деп саумал жел соқты мына.  
Рухы жүр біздерге қуат беріп,  
Өкінеміз өзінің жоқтығына.

Ақберен, шешені еді «аласаның»,  
Көркі, сәні, шырағы тамашаның.  
Әруағыңа бас иіп жатыр халқың,  
Бір аунап түсші бүгін «қара шалым».

### ТЕҢГЕ

Қу тірлікте кеткендей – ақ есеміз,  
Жарқ еткеннің бәрін маржан десеміз.  
Санамызды сыналайды бір сұрақ,  
«Кім болып ек кеше біз?!»  
Қай отына түспеп едік мазақтың,  
Неше атасын көрмеп едік азаптың.  
Аузынан сөз, қойнынан бөз... о, тоба,  
Маңдайына жазып па еді қазақтың.  
Тұлдыр қалды тас қашайтын тұяқтан,  
Бұлдыр қалды қиып түсер қияқтан.  
Азапқа да , мазаққа да көндік біз,  
Аттай алмай,

АРДАН,  
СЫЙДАН,  
ҰЯТТАН!

Кім айтады тарих сөзін бекер деп,  
Бекер болса ғашық – Күнге жетер ме ек.  
Намыс – бишік жаныңды осып өтпесе,  
Шілдің қиы сияктанып кетер ме ек?!  
Өмір өлшер тойынды кім, тоңды кім,  
Таразылар сорлысы кім, қоңды кім.  
Бір жейдеге жеткізе алмай жүрдік біз.

Ресейдің бес мыңы мен он мыңын!  
Ой – қиялдың күрсауында қамалып,  
Тірлік кештік «жан берісіп, жан алып»,  
Әйеліміз қайтып жүрді дүкеннен,  
Елу сомға бір – ақ бөлке нан алып.  
Көңілінді бассыз баға жаулап ап,  
Бір күнінді бір күніңе саумалап.  
Біз жүргенде...  
Базарда тұр бір мөңгүрт,  
Қос кебісті жүз мың сомға саудалап.  
АДАМ МҰҢЛЫ,  
ДАЛА ШЕРЛІ,  
ҮНСІЗ БАҚ,  
Жүрек шіркін әлсін- әлсін тұр сыздап,  
Тұрмағанда қайтеді енді күн санап,  
Бара жатса миллиондар күнсыздап.  
Қарға ғұрлым ғұмыры жоқ пендеміз,  
Пенделікке дәру таппай емге біз.  
Жүрген шақта, Абылайхан бастаған,  
Ат ойнатып шыға келді Тенгеміз!  
«Шанырағын шат күлкіге толсын» - деп,  
«Бастарыңа бақыт құсы қонсын» – деп.  
Қария тұр жанарына жас алып,  
«Ұлттық теңге берекелі болсын!» - деп.

### ҚАРАТАЛЫМ

Жырымды бір кәдеңе жаратамын,  
Атыңды аңыз етіп таратамын.  
Кешегі серіктіктен бастау алып,  
Көкке қанат қағыпсың Қараталым,  
Өзен де бар, ел де бар, дария бар,  
Кез келді ғой ұрпаққа жариялар.  
Бәрі де бар, тек қана жылдан жылға,  
Азайып бара жатыр қариялар.  
Жыр боп келіп жүрекке жатталғандай,  
Ауыл қандай? Ғажап-ай бақтар қандай?

Беказыға қарашы, сыр шертіп тұр,  
Тарихтың парақтарын ақтарғандай.  
Ал, одан жалтарып кім ақталады,  
Ұрпақтан ұрпаққа кеп бақ тарады.  
Қайла-кетпен сол жылдар куәсіндей,  
Тек қана музейлерде сақталады.  
Гүлге оранып шың таулар, жоталары  
Көрген сәтте сезімнің от алады.  
Бәрі ғажап, ох, бірақ көрінбейді,  
Сол кездің ағаш тісті соқалары.  
Жырымды бір кәдеңе жаратамын.  
Атыңды аңыз етіп таратамын.  
Табиғат бар байлығын бере салған,  
Міне, менің бүгінгі Қараталым!

### **АЖАЛМЕН АРБАСУ.**

*(Бауырым марқұм БАҒДАТҚА)*

**Ей, ажал!**

Ол жылы бала екенмін,  
Жанын алып кетіпсің жан әкемнің,  
Жалмағаның жан-жақты аз болғандай.  
Бағдатқа да қол салдың тап әкеңнің.

**- Ей, ажал!**

Жолың сенің қым-қиғаш бұрылар ма?

Жүгінейік екеуміз бүгін арға.

Жер бетінің қызығын қимайтындай

Бағдатымда әкеңнің құны бар ма?!

Ауырын-ай,

Тағдырдың дауылын-ай,

Неге соғып кетті бұл дауыл ұдай.

Бұл өмірден түк көрмей кеткенің бе?

Бағдатым-ай,

Бағдатым,

Бауырым-ай!

**-Ей, ажал!**



Сен кімге тасадан кеп жолықпадың,  
Аз болды ма, мұнайып, торыққаным.  
Бағдатқа да қол салдың, тап әкеңнің.  
Тап әкеңнің... ал, сенен қорықпадым.  
Ауырын-ай,  
Тағдырдың дауылын-ай,  
Неге соғып кетті бұл дауыл ұдай.  
Бұл өмірден түк көрмей кеткенің бе?  
Бағдатым- ай,  
Бағдатым,  
Бауырым-ай!

### **БАҚЫТТЫҢ НҰРЫН СЕПКЕНДЕР...**

Дала мынау жыр-думанға бөленген,  
Ақ көгершін ұшып жатыр төбемнен,  
Осы күнге бейбіт күнге жеткізген,  
Ағаларға басымды иіп келем мен.  
Тік көтеріп ауырлықтың барлығын,  
Кеудесімен сақтап қалған таң нұрын.  
Егер сендер болмасаңдар, ағалар,  
Не болар еді мына менің тағдырым?  
Біздер үшін қанын судай төккендер,  
Біздер үшін бақыт нұрын сепкендер.  
Ардагерлер,  
Өзім жеке жол салмай,  
Іздеріңмен жүріп келем сөкпендер!

\*\*\*

Кімдер олар,  
Олар-өмір музасы.  
Ойлағаны емес еді қу басы,  
Алты алаштың басын қосам деп кеткен.  
Үшеуі де Ақтоғайдың тумасы.

## АРДАГЕРЛЕР!

Дәуірдің тиеп алып тауын нарға,  
Жауындарда,  
Суықта, дауылдарда,  
Бірің жүрдің соғыста қанжоса боп,  
Бірің жүрдің жер жыртып ауылдарда.  
Соны ойласақ босаймыз, егілеміз,  
Қай өмірдің жетіппіз шегіне біз,  
Мына бейбіт күндердің тыныштығын  
Сендер ұстап тұрғандай сезінеміз.  
Жырымыз да,  
Уайым жок,  
Қайғы жок, жүздік өрге,  
Енбек деген тұлпардың тізгіні ерде.  
Ұлы істерге, бастайтын тың істерге,  
Ардагерлер керек-ау біздің елге.  
Әніміз, қара да тұр,  
Бір-біреуі өр тұлға, дара батыр,  
Қорқынышты, ох, қандай өкінішті,  
Ардагерлер азайып бара жатыр,  
Гүл болып өніп, күл болып кеткен қала бар.  
От жалын шарпып, айықпай жатқан дала бар.  
Сурет те солай, абайлап көрсен ағайын,  
Бетінде мұның жазылмай тұрған жара бар  
Аранын ашып, соғыс боларын біліп пе ел,  
Отаным үшін құрбандыққа басын тігіпті ер.  
Отқа да түсіп, оққа да тосты кеудесін,  
Сол жылдардағы уыздай ғана жігіттер,-десек,  
Ардагерлер!  
Өзіңсіз жыр көусарын құя алмас ем,  
Енді самғай алмассың қиянға сен.  
Ардагерге бір құрмет көрсет десе,  
Төбеме көтеруге ұялмас ем!

## ӨМІРДІҢ ӨЗІ САЙҚАЛ-АУ!

(Ақын інім Саят Бейсенбаевқа)

-Кабинетке Саят кірді. Көңіл-күй сабаудан өткен жүндей күте-түтесі шығыпты. Ішкі сарайы әлем, жөлем. Ол түнеріп отырып: «Үмке, мен Ақтоғайдан әділдік көрмедім»-деп терең күрсінді. Күрсініс төркіні МАИ қызметкерлері Саятты көрсе ата жауларын аттан түсіргендей, жүргізушілік куәлігіне шабаланып шап береді екен.

Мен ойланып қалдым...

Аралығын жақын менен жатыңның,  
Білу үшін-қажеті жоқ ақылдың.  
Жұртта қалған жырық тиын сияқты,  
Итке берсін көрген күнін ақынның.  
Әділдік пе?!  
Әділдігің шартты ұғым,  
(Табамын деп еңсең төмен тартты інім)  
Ағайын жоқ! Ата жауың көбейіп,  
Мөңгүрттерден таяқ жейді мәрттігің!  
Мына заман-Заманы екен ептінің  
(Күрсінісің мені де езіп кетті інім)  
Әділдікті қамап жатыр тексіздер,  
Көз жасымен суарылған тектінің.  
«Әділдік!»-деп лапылдама, жанбаса,  
Ол дегенің көбіктенген далбаса.  
«Оразбайлар» күйлеп тұрған Заманда.  
Әділеттің ауызы-басы қан жоса.  
«Әділдіктен баға кетті, бақ тайды,  
Иесісін иттер ғана мақтайды»  
Еңсең сенің езілмесін ақыным,  
Құдай өзі құл-пендесін сақтайды.  
Ашылғанда келер ғасыр парағы,  
Әділдікті ақтап алсақ... Жарады!  
Саят айтшы?! Ақындардың әулетін,  
Сайқал өмір қайда сүйреп барады?!  
– Саят!

Ғұмыр неткен шолақ еді, келте еді,  
Бетбақ Заман тұнып тұрған ертегі.  
Әділеттің Зар илеген күйлерін,  
Біздер емес, келер ұрпақ шертеді!  
Солай інім!  
Күйзелеміз біз неге?  
Ақын болсаң Әділетті... Албасты,  
Басып тұрған бұл ғасырдан іздеме?!

### **ҰЛЫМ БАҒДАТҚА**

... БАЗ КЕШУ

Көз жетті дүниенің жалғанына,  
Тағдыр –иттің «тамақтан» алғаны ма?  
Бір үйге бір-ақ ақын жетіп жатыр.  
Мен түсейін ажалдың қармағына,  
Сен аман бол!

### **ҚЫЗЫМ САЛТУҒА**

Дүлдүлі едің , бұлбұлы едің ортаның.  
(Ауыр ойдың жетегінде жортамын.)  
Ажал ауын құрып жатыр алдыма,  
Жетімсіреп қаласың ба... қорқамын.

### **ҰЛЫМ МАҚСАТҚА**

Сен деп едім арқа сүйер тірегім,  
Әулетімде кесек едің, ірі едің.  
«Мен базардан қайтып келем» құлыным.  
Бір сұмдықты сезді-дағы жүрегім.

## БАЗЫНА

Мен аурып достарымды бір сынадым.  
Күн шыдадым келер деп, түн шыдадым.  
«Не жаздым?»- деп, оларға тыншымадым.  
Саушылықта үйірсек «иттер-ай» деп.  
«Балақтан басқа шыққан биттер-ай» деп,  
Өз жанымды өзім кеп шымшыладым.

\*\*\*

Бір таң атып келеді күле міне,  
Халқымның қарап өстім гүл әніне.  
Ей, ажал! Арманым жоқ, мына менің,  
Жерленсем егер елдің жүрегіне.

\*\*\*

Өлді екен деп ақынды сен ойлама,  
Айналады ол қазыналы қоймаға.  
«Бір кездері біздер артист», «Спорт шолушысы» деп  
менсінбеген Рональд Рейган, сегіз жыл ұлы Американы тәп-  
гәуір «дөңгелетіп» еді.  
Ал, біздер көбінесе «экономист», «финансист», «заңгер» деп  
өбден милары сарғайып кеткендерді төңіректен жүрміз.  
Қазіргі қоғамның жұлын-құрттары солар ма деп ойлаймын.  
-Қажетті сөздерді орамалдың шетіне түйіп қойған да жақсы.  
-Ішкі істер министрлігі дегеніміз- репрессиялық аппарат!  
Қандай қорқынышты. Ә!  
-Қазір кім тоқ?  
-Қоңымды жеген бит тоқ.  
-Боғымды жеген ит тоқ.  
-Артық ойласан да артық сөйлем.  
-Біз ғой «кемелімізге келдік, кемерімізге толдық» деп,  
тымағымызды аспанға атып жүргенде, рухымыз кеміп,  
өзімізден-өзіміз жеріп, санамыздан ерік, салтымыздан көрік  
кетіп бара жатқанын білмейміз. Сөзі сыбырға, ісі жыбырға  
айналған байқұс қазақ-ай!  
-«Менің бойымнан кемшілік іздеу»-қараңғы үйден қара  
мысық іздегенмен бірдей еді. Кемшіліксіз емеспіз ғой,

дегенмен де.

-Тойып тамақ ішіп барып өлген адамның не арманы бар.

- Өлем дегенім күпіршілік, ұрпақтарым бар шүкіршілік.

\*\*\*

Кеме бар да күні не қайықтының,  
Мансап-ауру! Ал, одан айықты кім?  
Аға болып ақылды сөз айтпадым,  
Інілерге сол үшін айыптымын.

\*\*\*

Біреу жүр бірді беріп мыңды аламын деп,  
Тіршілікте тартыс көп, шырғалаң көп.  
Асығамын-асықсам, астан емес,  
Жақсылардың сөзінен құр қаламын деп.  
Тасқа соқтым басымды көсілемін деп,  
Күйіп кетті жырларым-есіл еңбек.  
Асығамын –асықсам, мансапқа емес.  
Ақын сөзін естуден кешігемін деп.  
Бірде тыныш көңілім, бірде алаң боп,  
Жыр бесікті тербетем бір балалы боп,  
Асығамын-асықсам, сыбаға емес,  
Зиялының сөзінен құр қаламын деп.

\*\*\*

-Аурумын... Жанымды ұғар кім?  
Ох, өмір! Мен саған құмармын.  
Ой-бесік қажытты-ау санамды,  
Басымнан арылмай мұнар-күн!  
Мереке, әперші қаламды.  
Жыр жазам... өлетін шығармын.

## КҮРСІНІС (БАЛЛАДА)

Кезекті сапарнамада жүргенде ауылдың бір қариясына барып сәлем бердім. Ол көгершіннің қанатындай дірілдеген сакалын тарамдап отырып, жиі – жиі күрсіне берді.

-Ассалаумағалейкум!

-Әлікісілем, қай баласың?

Деді де, шал қармады айналасын,  
Шақшасын сипап тауып жерде жатқан,

Көңілін насыбаймен жайлағасын,

-Ал, балам, тізеңді бүк мына жерге,

Кемпір келсін, содан сон жайланасың?!

-Жөн екен,

Жөн қарағым тілшілігін.

Басымда бір қайғы бар бірші күнім,

Казитке жазамын деп жүретұғын,

Өзін емес, өзгенің тіршілігін,

Менің де болып еді бір «шыбығым»,

... Бұл мезгіл көктем еді,

Көктемнің ызғары да өктем еді,

Осы үйге мен келерден бұрынырақ,

Жаңбыр да төгіп-төгіп өткен еді.

-Үсті-басы су болды-ау, Бәтшағардың,

Әлгінде бұзау іздеп кеткен еді.

Шал жаны ашып отыр кемпіріне,

(Тағдырдың қолында ғой еркі міне).

-Тігерге тұяғы жоқ, ол сорлының.

Жіберіп алар едім төркініне,

... Шал жаны ашып отыр кемпіріне.

-Қарағым, ренжіме мына маған,

Ұлым өліп, жайым бар тұралаған.

Ажалда да ақыл жоқ, кімді аларын,

Жалпак елден жар салып сұрамаған.

Байланғанша қарттықтың көгенінде,

Алса мені қайтеді, көнемін де,

Арман бар ма, әкесі баласына

Өсиетін айта алса өлерінде.

Арман бар ма, бұйырса ұрпағынан,  
Бір уыс топырағы көмерінде.  
«Ол құлыным жас еді, қыршын еді»,  
Осыны айтып қария күрсінеді.  
... Ерте ме, кеш пе, ажалдың алары бар,  
Ойласаң шыбын жаның түршігеді.  
Шал күрсінеді...

\*\*\*

Болмаса да туысым, ұқсастығым,  
Бар еді жолдастығым, тұстастығым.  
«... Қайтыс болды»,  
Бұл хабар келген күні,  
Су-су болып шығыпты құс жастығым.  
Өмірдің қуантпады көші мені.  
Арадан қыл өтпеген досым еді.  
«Жіпке асылып өліпті»,  
О, сұмдық-ай,  
Тағдырдың жазымышы осы ма еді!?  
Сыңсып жатқан сияқты дала мына,  
Күннің де қырау тұрды қабағына.  
Жұбатуға бұл шалды сөз таппадым,  
Тас тығылып қалғандай тамағыма.  
Сұм ажал-ай,  
Сұм ажал құлқының кең  
Сен неден йменіп ең, іркіліп ең,  
... күрсінген қарияға қарап едім:  
Жас көрдім моншақ –моншақ кірпігінен.  
Қайтарам достың кімнен қарымтасын,  
Аударып алайын деп бар ынтасын.  
Дедім мен қарияға: «Сабыр керек,  
Көрмеген көшесінен жарылқасын.  
Тағдырдың көп қой бұрыс, бұраланы,  
Мәңгілік кім фөниде тұра алады.»  
Қария жасымаңыз, мынау өмір,  
Қуаныш, реніштен құралады.  
Қай ұшпақтың шығып ек басына біз,



Күн өтсе деп аптығып, асығамыз.  
Пешенеге жазылған жасы шығар,  
Қажымаңыз ақсақал, жасыманыз.  
Аралаушы ек, армансыз сыр бақтарын,  
Көріп өсті өмірдің бұлтақтарын  
Қанаттыға қақтырмай, өгейсітпей,  
Аялау керек, енді ұрпақтарын,  
Деп едім,  
Шал отырып «Е-е» деген!,  
Кімдер келіп кетпеді, не демеді.  
«Ұрпақтарын аяла»-дегенін жөн,  
Ал, ұлымның орны бөлек еді...  
Шайқалтып жіберердей қыр даланы,  
Ақсақал «Ах» ұрады, мұнданады.  
Тағдырдың соққысына шыдай алмай  
Дауыл ұрған теректей ырғалады.  
Жасын сынды жарқ етер жанып көктен,  
Бір үйге сән кіргізіп, көрікті еткен.  
Азаматым жоқ бүгін! Бірақ сәтте,  
Өзіне-өзі қол жұмсап өліп кеткен.  
Жүрек қысты.  
Тынысым кеңеймеді.  
Бір қорқыныш биледі неге ей мені.  
Асылу мен атылу, о, керемет,  
Зобаланнан емес пе, Семейдегі?!

\*\*\*

Жүрек шаншып, неге қысты жас кеудем.  
Семейдегі жарылыстар-басты өурем.  
Сол нәубетті көрмей, білмей өтем деп,  
Жіпке асылып өліп кетті, жас дәурен.  
Шүкір дейік ұрпақтары жетілді,  
Ең кенжесі қайырып жүр кекілді.  
Ал, әкесі тас мүсінге айналып,  
Бір әулетті қорғап тұрған секілді.  
Шау тартқанда қайғы көру күш оған  
Кәрілік бар төрттағандап тұсаған.

Жатқан жерің жайлы болғыр, қария,  
Ол да кетті, қайтыс болып құсадан.

### КЕШІР МЕНІ

Абай ата!  
Өтінем, кешір мені,  
Өлең – жырда есімің көшілгері.  
Жанымды аяз болып қарып отыр,  
Евгений Курдаковтың есіргені.  
Абай ата,  
Өтінем, кешір мені?!  
Бір мәңгірт шықты өзінді түсінбеген,  
Жүргендеймін екі оттың ішінде мен.  
Жалғандыққа шыдамай жылап тұрған,  
Өзінді көріп шықтым түсімде мен.  
Бұл кім өзі.  
Тарихты кидалаған.  
Жан екен-ау басыңда ми қалмаған,  
Курдаковқа орын жоқ ортамызда,  
Абайымның аруағын силамаған.  
Бір жаланы жапты да арысыма,  
Айқай салды ол.  
Жаһанға жаны шыға,  
Қара күйе жағу ғой оның ойы,  
Иісі қазақ халқының намысына.  
Естіп біттік мәңгірттің «шандыр әнін»,  
Бір сұрақты басы ашық қалдырамын,  
Не айтамыз одақтық басылымға,  
Біреудің баса салған сандырағын.  
Айырмайтын айырды ашаменен,  
Жазушы ма ол,  
Жүрсе егер тасаменен.  
Курдаковқа бір зауал тұрған шығар,  
Абайды өлді деген «нашаменен».  
Абай ата!

Өтпем, кешір мені,  
Бұл қазақта есімін көшілгері,  
Қайтейін қабырғама батып отыр,  
«Жазушы» Курдаковтың есіргені.  
Кешір мені...

## АҚЫН. ДОС. БЕЙТАНЫС

*( Аманжолға )*

Дос қуанып:  
Далаға шық, ақыным далаға шық,  
Мынау қандай түн еді, алаң ашық.  
Тағы да бір белеске алып келді.  
Көңіл деген көк дөнен ала қашып.

Еске алайық кешегі гүлді өңірді,  
Шағтық көрнеп тұр менің көңілімді.  
Ақ ұлпаға бір аунап алайында,  
Содан кейін айтайын тілегімді.

Аманбысың,  
Армысың Жаңа жылым!  
Жаңа жылым,  
О, менің жаңа жырым.  
Кел ақыным шырқайық қосылып бір,  
«Дос жырын»,  
«Әке жырын»,  
«Ана жырын»!

Ақын күрсініп:  
Көргендерде арманда, көрмегенде...  
( Тағдыр оған ұзақ жас бермеген бе? )  
Отырар ед думан қып ортамызда,  
Аманжол марқұм ерте өлмегенде.  
Көргендерде арманда, көрмегенде...

Өткен жылдар!  
Ол деген жатқан аңыз,  
Жаңа жылда жаңаша шаттанамыз.  
Ерте ме, кеш пе досым, бізде бір күн,  
Соңынан Аманжолдың аттанамыз.

Тиіп кетіп жанымның жарасына,  
Ауырсындым.  
Сен білмей барасың, ө  
Ән-жырларды сыйлайық Аманжолдың,  
Анасына,  
Жарына,  
Баласына!

Бейтаныс масаттанып:  
Жаңа жылда көзіне жас алғаны,  
Жігіттің жігерінің кашалағаны.  
Мен болсам баршаға бак тілей келдім,  
Немене,  
Таусылды ма тілектерің?!  
Бізде ақынбыз өзімізді күштесек,  
Несі қызық,  
Билемесек,  
Ішпесек?!

Ақын бейтанысты құшақтап:  
-Ағайын, кешірім ет құшқаным,  
Құшамын қуанышты тұста мына,  
Жаңа жылда бейтаныс, досқа түтіл,  
Аманшылық тілеймін дұшпаным.

Үлгереміз бәріне, масаттанба,  
Кешір мені көзімнен жас аққанға.  
Жаңа жыл жаңа бақыт берсін деймін.  
Тасада тұрып маған тас атқанға.  
Ұшар ма еді түйе құсқа ұш десен,  
Сенен ақын шығар ма еді күштесек?!

Қайтер еді билемесек, ішпесек,  
Менің ойым сол Аманжол марқұмның,  
Әруағына бір мәзірет істесек...

Ал, ол үшін отырмайық, тұрайық,  
Дау арнасын әділетке бұрайық.  
Жаңа жылда жаңа тілек айытсын деп,  
Аманжолдың анасынан сұрайық?!

\* \* \*

Ана сөзі өтті бізді қамшылап,  
Сөз емес ед тыңдап тұрған жан шыдап.  
Бейтанысқа қарап едім, көзінен,  
Мөлгі-мөлті етіп жас тұр екен тамшылап.

### ШӨП ТЕ ӨЛЕҢ

*«Жер шары сопайып кеткен бе?»  
(Редакцияға келген бір автордың өлеңінен)*

Бесікке бөленсе өлең, жөн бөлеген.  
Жер шары кінәлі ме, дөңгелеген.  
О, ғажап!  
Не боп кетті мына заман,  
Шөп те өлең,  
Шалам да өлең.  
Шөнге де өлең.

Жаза алмасаң сәнді өлең, сауатты өлең,  
Өз обалың өзіңе, «сауап»дер ем.  
«Ақын деген кім?» десе, тік тұрам да,  
Уақыт мінберінен жауап берем.  
Бір тау биік, ал, бірі аласа ғой,  
Жыр-әлемде қым-қиғаш таласады ой,  
Жаза алмасаң бар екен, қолайлысы,  
Жазбайтын ақын болған тамаша ғой.

Қолына күсе қалмас «жетпесін» кеп,  
( Кім айтты жырдың дәмін екпесін деп )  
Күн ерте сактандырам,  
Абайдың киесі атып кетпесін деп.

## МЕН ҰЙҚЫМНАН ШОШЫНАМ...

*(тарихпен сырласу)*

*«... Филипп Голощекиннің ролін айтпасақ болмайды.  
Қазақстанның барлық еңбекші бұқарасы оған сенім артын  
шын сүйіп, шын құрмет көрсетеді. Оған лайықты  
теоретик, әрі практик жоқ».*  
*(Қанды қол қарақшының көзі тірісіндегі жандайшаптары-  
ның сөзінен)*

Байғыздар сайрап, көкектер көкіп тынбастан.  
Күндіз түнеріп, қан жылап тұрды түнгі аспан.  
Отызыншы жылдар, ойыма түсіп... отырмын.  
Көгімді тұман, көңілді шерлі мұң басқан.  
Жаныма менің тыныштық бермей қойды-ау бір  
Байғыздар сайрап, көкектер көкіп тынбастан.  
Әнгүдіктер мен мәңгүрттер мезі қылған соң.  
Тарихпен келіп сырласқам.

### **Тарих:**

-Бір-ақ уыс болып қалған кен дала,  
Сол жылдардың куәгері мен ғана.  
Жүрегімді қан жылатып қайтадан.  
Қиналдың-ау, сен бала,  
Қиналдың-ау, сен бала!

### **Мен:**

-Қиналғанмен бола ма,  
Тарих мұнын тыңдамаса, білмесе,  
Ұрпақ болып оңа ма?!

### **Тарих:**

-Бетін ашып аузы біткен жараның.  
Сөл шегініс жасағаным рас еді, карағым.

Куәгері мен ғанамын жазықсыз бен жазаның,  
Әр парақта қатқан қан бар, әр парағым нала-мұн.  
Бұл сұрағым бойына шак, ой-шамаңмен тең келсе,  
Қазақ деген кімдер еді, кім болып ең сен кеше?  
І олоцекин жайында сен сұрадың ғой, айтайын,  
Зерделеп ал ендеше!

Мен:

-Рас, рас! Ел болмас ек, заман өмір ауыспай,  
Мең тыңдайын,  
Айтып берші төзімді тауыспай?!

\*\*\*

Тарих сөйлеп, ақиқатын селдетті,  
Оны тыңдау мүмкін емес немкетті.  
«Грузиннің князына» не дейсін,  
Қазағыма басшы қылған жендетті.  
Қиянаттан асқан бар ма жалғанда,  
Бар болса, сал таразың мен талғамға.  
Шүберекке түйіп алдык ку жанды.  
Жау жағадан, бөрі етекпен алғанда.  
Арды таптап,  
Жиып қойып ұятты,  
Филипп десе жанардан жас жиі ақты.  
Қазаққа оның тісі қышып тұратын,  
Көшедегі қаңғыбас ит сияқты.  
Білген жоқсың,  
Көрген жоқсың көзбенен,  
Көп кездескем «көсемдермен», езбенен.  
Қайран қалам екі аяқты мәңгүртке,  
Ит екенін сезбеген.  
Сұрақтарға шырмалды да егесті ой,  
Деме мұны, күрғақ қиял, елес қой.  
Қынадайын қырып салды қазақты,  
Оның бөрі «Халық жауы» емес қой!  
Тас жүрегін билеп алып тек күдік,  
Күдігінен көкейіне кек тұнып.

Аш қырғаны аз болды ма қазақты,  
Кетті тағы қызыл қанға бөктіріп.  
Мен тарихпын айтар сынға қанып ал,  
Филипп деген, міне, осы танып ал!  
Аш көздеген ондай иттің, мойнында,  
Арыстар мен асылдардың қаны бар.  
Қусырылды,  
Қуырылды сан апшы.  
Ей, ұрпақтар!  
Ол заманның зары ашы.  
Ит боп жүріп, ит өлімге кездесті,  
Қазағымның қанын ішкен қарақшы.  
Улап алып ердің, елдің санасын,  
Атты,  
Асты дарханы мен данасын.  
Ойыма алсам, қан жылайды жүрегім,  
Голощекин деген иттің баласын!

\*\*\*

Естігендей тосын әуен, тосын ән,  
Сенейін бе, сенбейін бе осыған.  
Филипп деген жиі кіріп түсіме,  
Мен ұйқымнан шошынам!..

### **АРУ ЖЫР.**

Күнім өтіп барама текке менің,  
Көп қой әлі алдымда жетпегенім.  
Нұрлы күнде жұмыспен шығарып сап,  
Мұңлы түнде ойменен өткеремін.  
Айыра алмай дұрыс пен бұрыстықты,  
Тындыра алмай келем-ау бір іс мықты.  
Сағаттың тық-тық еткен дауысының,  
Бұзуын-ай мына бір тыныштықты.  
Түн құшағы жанымды тербетеді.  
Ару-жыр ұстатпайды, терлетеді.  
Қаламсапты бір ұрып босағаға,  
Төсекке құлай кетсем нем кетеді?!  
Онда түнім өткені текке менің.



Ешкімге де келмейді өкпелегім.  
Ару жырды сол түні бір құшпасам,  
Өзімді-өзім табалап, жек көремін

### НЕ ТЫНДЫРДЫМ

Жас та келді,  
Не тынды, не бітірдім?  
Сұрақ емес дейсің бұл тегі кімнің.  
Жазылмаған жырларым қалып қойды.  
Қойнында селтен какқан сері түннің,  
Тосып тұрған алдымда аз ба міндет.  
Өкінемін Абайша жазбадым деп.  
Ақындыққа қиналып, пақырлықтың,  
Отына жанып кете жаздадым кеп.  
Өтіп жатқан сияқты босқа өмірім,  
Таппадым жырмен тербеп дос көңілін.  
Құрсаудайын қақырай кетпес пе екен,  
Поэзия жолында көш-көлігім?!  
Жүрсе де дос ренжіп, күндеп бөтен,  
Жыр мекені мәңгілік күнбет пе екен!  
Тамаша өлең жазбадым, сонда менің,  
Мұқағали болуым міндет пе екен?!  
Танытпаса өз атын көпке бейне,  
Онда ақының тағдырға өкпелей ме?  
Жаза алмаған сәттерде, өкінемін,  
Аксұнкарұлы болмадым деп те кейде.  
Сағым – ойлар ұстатпай кетілдім мың,  
Ақбоз жырдың жайлауға бетін бұрдым.  
Алдымдағы жазарым шашымнан көп,  
Ал артыма қарасам... Не тындырдым?  
Тәуір дейтін екі өлең жаза алмастан,  
Жетегінде кетіппін «жетім жырдың».

## ӘЙЕЛДІҢ СОҢҒЫ МҰҢЫ.

(БАЛЛАДА)

-Мұнымды айтып, шер тарқатар сіз болдыңыз  
тапқаным,  
Маған тағдыр құрған екен, қасіреттің қақпанын.  
Ар алдында күнәһармын! Иланыңыз сөзіме,  
Өкінгенмен шара бар ма?  
Өз обалым өзіме.  
Жаным нәзік.  
Нәзіктіктің жау екенін кім ұққан.  
Бәрі де кеш! Керегі не, сылтау іздеп сынықтан.  
Енді маған жарық күннен көр жақсы ғой қараңғы,  
Ашып сізге бар сырымды батырайын қарамды.  
Мүмкін мені есіркерсіз,  
Мүсіркерсіз,  
Аярсыз,  
Жо-жок, аға, маған енді ғұмыр кешу баянсыз,  
Мен сындырдым өмірімнің мөлдіреген шөлмегін,  
Қайғы жұтып, қан құсқанша екі есе артық өлгенім  
Көрінгенмен бір қараған жанға мүмкін аяуды.  
(Төкаппарлық шығар бәлкім, жек көремін аяуды).  
Еркек біткен елжірейтін кенде емеспін көріктен.  
Бірақ, құдай жаратты екен әлсіз қылып неліктен?  
Жағам жайлау, төбем көктем. жағдайым жоқ аландар.  
Мен деген де жаны бөлек жарым және балам бар,  
Болса болар, отбасымда жеңілісім, жеңісім  
Солар еді өрісім де, солар еді кеңісім.  
Бір-ақ сәттік қызық үшін татып өмір кермегін,  
Мен әйелдік намысымды тұрмастай қып жерледім.  
Асқақ арман осы жерде көктей солсын, үзілсін,  
Мендей бейбақ күнәһарды ата-баба тұзы ұрсын.  
Алдандым да сұлу сөзге, алдамшы бір үмітке,  
Еріп кетіп бейтаныстау жігітке,  
Бар күнәні көтердім де мойныма.  
Жатып шықтым сол жігіттің койнына...  
Солай, аға! Бөгде жанға билеттім де еркімді.

Менің әйел намысымның шеті түнде кертiлдi.  
Е, жiгiт пе?!  
О, арам-ай алды-артына қарамай,  
Кетiп қалды болған iске кешiр деуге жарамай.  
Аямаңыз,  
Күнәһармын! Жүзiм күйген тас кара,  
Оһ, мен үшiн бола қоймас бұдан өткен масқара.  
Бәрi, бәрi әлсiздiк қой әйелге тән мендегi,  
Бұл күнәмдi табылмайды тазартудың ендi емi.  
Мен құнсызбын! Әмiрiме нүкте қояр iс керек,  
Жер үстiнде жүре алмаймын бармағымды тiстелеп,  
Ендi маған жарық күннен жақсы гой қараңғы,  
Хош болыңыз, бұл фәниден батырайын қарамды.  
Жарасына жаға ма жүрт мына мендей арамды.  
Хош бол, аға!!!

\*\*\*

Бiлмейдi жүрт әлiм сырын, бiлмеген соң не десiн,  
Үш күннен соң тауыпты оның тау iшiнен денесiн.  
Айтқанында тұрып әйел өзiн-өзi пышақтап,  
Өлген екен баласының бiр суретiн құшақтап.  
Кiмдi мәңгi ұстап тұрар өмiрдiң төрт тағаны,  
Ал намыстан өле бiлу бар өлiмнен бағалы.

## ТҮСІМДЕ КӨРДІМ МЕН СЕНІ...

*Сен мені кешір?! Түске не кірмейді, кім кірмейді, оның бәрі үлкендеріме жорып, бал ашып отырудың саған да, маған да қажеті қанша. Бірақ, қалай екені белгісіз, сен менің түсіме кірдің басқадай ойым жоқ, тек сол түсті өзіңе жазбаша түсіндіруді парыз санадым. Ең бастысы, түске бола кектешіп кетпейік. Бір-бірімізді жеккөріп кетпейік*

*(Автор)*

Түн еді бұл...  
Тас қараңғы төңірек,  
Сыртта жел тұр, сиыр құсап мөңіреп.  
Сол түсімде  
Атқан таңдай нұрлы едің,  
Сол бір бейнен  
Көз алдымда тұр менің.  
Түс болса да естен кетпей жүр әлі,  
Өзіңменен бақ ішінде жүргенім.  
Көз алдымда  
Сол бір ғажап сәттерім.  
Күміс күлкі...  
Қонырулы үн...  
Тәтті ерін...  
Сол түсімде  
Өмір бізге ұсынады,  
Махаббаттың қак төрін.  
Түсімде өтті,  
Бозбала күн, бал шағым.  
Содан бері өтіп жатыр қанша күн.  
Сені қайдам, сол түсімді ойлаумен  
Мен де аздап шаршадым.  
Енді қайтем,  
Мен де өзіндей пендемін,  
«Түс түлкінің...»-деді біреу, сенбедім.  
Бір ұйқымды онға бөліп бір түнде,  
Қайдан ғана түсіме енді сен менің?!  
Түс деген не,  
Сандырақ па, басқа ма?

Не болса да өзінді өзің жасқама.  
Екеуіміздің арамызда қалсын бұл  
Айта көрме басқаға?!

## Актоғайым – арыстардың мекені.

Тәуелсіздік алдық та, ел болып ек бірігіп,  
Өшкеніміз жанды да, өлгеніміз тіріліп.  
Ақиқаттың ақ жолы салтанатын құрғандай,  
Жүректер мен жүректер енді ұғысып тұрғандай.  
Санамызға сіңіп жатыр шымыр сөздер, деректі ой,  
Арыстардың аруағы үшін бір ой толғау керек қой.  
Ұғынындар, түсініндер, тұшынындар келешек,  
Үш арысқа исі қазақ қарыз және берешек!  
Жағдайымыз жақсарып кетпес еді онда аса.  
Бөкейханов, Ақбаев, Ермековтар болмаса.  
Иә, иә, ол кездер заман емес оңатын,  
Арыстардың арманы-тәуелсіздік болатын!  
Ой- санаңды біліммен алу керек жарақтап,  
Содан кейін тарихтың беттерін көр парактап.  
Байқар едің одан сен қыс ызғарын, күз демін,  
Жер ұйығын іздеген арыстардың іздерін.  
Ресейдің бодауында кеткен талай есеміз,  
Ей ағайын, ойлап көрші, кімдер едік кеше біз?  
Басымыздан зобаландар, не бір нәубет өтпеген,  
Содан қалған жаралар бар, бітіп әлі кетпеген.  
«Елім» деген азаматтар солды, кетті жерге еніп:  
Зомбылық пен зорлықтардың неше атасын көрмедік.  
Бодандықтың шылауында жігеріміз құм болып,  
Жігіттерім құл атанып, кетті қыздар күн болып.  
Отаршылар саясатпен үркітем деп Алашты,  
Әкесінен қалғандай-ақ жерге келіп таласты.  
Құдайы бар екендігін білемеді ме қазақтың  
Жазықсызды жан демеді, салды отына азаптың.  
Ресейді айналдырып ордасына мазақтың,

Салды дейсің қылбұрауды тақымына қазақтың,  
Бөріне де тарих куә тайталаспа, таласпа,  
Арыстарым шықты сонда ара түсіп Алашқа.  
Шырылдаған шындыққа жетелейді мендегі ой,  
Ленин де қателесті, жұмыр басты пенде ғой.  
Сталин аты аталса бала шошып оянды,  
Айтты, бітті, зиялылар қызыл қанға боялды.  
Сталиннің нұсқауымен қуырылды бар апшы,  
Қынадайын қырып салды қанды қолды қарақшы.  
Қойдай айдап қоныр елді түрмелерге жапқызды,  
Сол Сталин нұсқау беріп Бөкейхановты атқызды!  
Жақпады екен жендеттерге қай істері, қай қылық.  
Әлиханнның қазасына жүрмін әлі қайғырып.  
Алаш үшін аласұрып, кеткен бастан бақ тайып,  
Көсемдердің алғыры еді Жакып мырза Ақбаев!  
Тұңғышы да Жақан еді заңгер болған қазақтың,  
Аңсағаны ел тірлігі, бостандық пен азат күн!  
Тоз-тоз болған Алашымды жіберем деп халық қып,  
Тәуекелге басын тікті. не көрмеді жарықтық?!  
Жарты өмірін түрмелерде, тар қапаста өткізіп,  
Жүрсе дағы Жақам елін көкке жеткізіп,  
Арман құсы енді ғана қанат қаға бергенде,  
Ажал деген тажал келіп, арамызды кетті үзіп.  
Жоғары ұстап желбіреттім ақ байрағын Алаштың,  
Жақаң жайлы ой толғадым, тарих бетін жаңа аштым,  
Күн сөнбесін көгімізде, ата берсін таң керім,  
Рухыңа бас иемін тұңғыш менің заңгерім!  
Шен-шекпенді «көсемдерді» мақтаудан мен жалықтым  
Ал Ақбаев қайталанбас бір туары халықтың.  
Оқу-білім дариясын жіберетін селдетіп,  
Ақтоғайлық арысым бар – профессор Ермеков!  
Тағдыр оған оң қолы мен оң қабағын берген жоқ,  
Көптің бірі болып Әли, бұл фәниге келген жоқ.  
Ермековты кім деп досым сұра, мейлі сұрама,  
Ол қазақтан шыққан тұңғыш ойшыл, көсем, ғұлама.  
Қазағымның кең жері үшін ғажайып бір күйге еніп,  
Ленинмен салғыласқан, көрмеген ол именіп.

Атқан бір кез, атқан талай, атып жатыр жыр таны,  
Арыстарын қасиеттеп, жатыр бүгін ұрпағы.  
Кімдер олар,  
Олар – өмір музасы.  
Ойлағаны емес еді қу басы,  
Алты алаштың басын қоссам деп кеткен.  
Үшеуі де Ақтоғайдың тумасы.

### АЛМАС АҚЫН

Аға,кешіріңіз?!  
Бұл жырын жазды ма екен кеш ініңіз.  
Мен толғанып жүргенде шартарапқа,  
Мәшһүр болып кетіпті-ау,есіміңіз.

### Сырды бүгін жасырмау қажет тегі

Содан бері қанша қыс,жаз өтпелі.  
Қыздарға қызбалана оқушы едім,  
Өлеңдерін ағаның газеттегі.  
Әсері ғой бәрі де жас кылықтың,  
Ал,қазір байсалдылық жасқа іліктім.  
Мектепте де,  
Олең-жыр,  
Өмірде де,  
Шәкірті боп жүрмін мен Қашқыновтың.

Адаса ма ізінді басқан адам,  
Жүгін ауыр болса егер,таста маған.  
Жабы мініп кетіп ең , Ақтоғайдан,  
«Тұлпар» жасап шығардың астанадан.

Жыр бактарын мен бейбак кезе алдым ба,  
Кезе алмасам, сен соған төзе алдың ба?  
Жаман өлең жазсам мен, каһар шашып,  
Сен тұрасың, сүп-сүр боп көз алдымда.

Жігерімді жасытпай, ерік бердің,  
Жыр жемісін ағанын теріп келдім.  
Сокпағын соғып жүрсем арманым не,  
Жеңіс,  
Абзал,  
Дәуітәлі,  
Серіктердің?!

Кім бар ед, шаужайыңа жармасатын,  
Жолың бар ғасырларға жалғасатын  
Елуінде Жеңіс боп аталғанмен,  
Сәл кейін аталарсың «Алмас ақын»

Мейір қана қояр ма, сүйіп тіптен,  
Жырыңды оқып тарқайды күйік біткен  
Мен шыға алмай жүрмін ғой бір төбеге,  
Сен қарайсың «Он тоғызыншы биіктіктен».

Жыр өлкеде өзінсің паналарым,  
Жолың бер, сокпағын бер, нар ағанын.  
Су құюға қолына шамам жетсе,  
Ол да менін ағаға жарағаным.

Ғұмыр кештің құр аттай жарты ғасыр,  
Жайып салдың жасырмай халқыңа сыр.  
Ер жасына келгенде төгіліп бір,  
Еліңнің бағын жырлай, данқын асыр.

Жырың кетер жаһанға тарап таңнан,  
Саған саулық тіледім жаратқаннан.



Баспадан жыр кітабын шығып жатса,  
Қуаныштан қолыма шарап та алғам

Елуінде елжіреп еріп тұрсын,  
Жүрегіңнің жылуын беріп тұрсын.  
Шау тарттым деп ойлама,буырқанын,  
Жыр жазатын кезенге келіп тұрсын.

Қарауда күнө саған күдікпенен,  
Еліңнің жүрсін жайын біліп терең.  
Өзің жайлы бір мықты жыр жаза алмай,  
Қалт-құлт етіп,соңыңда жүріп келем.

Көңілімде жоқ менің басқа күдік,  
Сырымды айттым,жүрсін деп басқа біліп.  
Аға, сізден қорқамын, жаза алмасам,  
Жон арқамнан алардай таспа тіліп.

Жан бар ма,шаужайыңа жармасатын,  
Жырың бар , өмір-көшке жалғасатын.  
Елуінде Жеңе боп атадғаимен.  
Сәл кейін,аталарсың «Алмас ақын!»

### **БІЗ ҚАЗАҚПЫЗ....**

Зобалаңдар...  
Қақырап құлыптары,  
Атты елімнің тұнық таны.  
Қалын елден,  
Қазақтай,  
Қайран жұрттан,  
Сейіліп жатыр күдік бұлттары.

Сыр тартып жыр-өлемнің катпарынап,  
Мен бүгін ағымнан бір ақтарылам.

Арылып біз болдық на Абай айтқан:  
«Бок көтерген боқтықтың қаптарынан?!»

Абай – Құдай!  
Табынам! Кешір мені?!  
Есімің Алаш – жырда көш ілгері,  
Жанымның жайлауына жай түсірді,  
Қурдаков деген иттің есіргені!

Ой такырып,  
Асаудай қашады өлен,  
Қашады өлең көз көрмес тасаменен.  
Қурдаковқа бір зауал болар бәлкім,  
Абайды өлді деген «нашаменен».

Төбесіне көтеріп Абайды әлем,  
Жатқан шақта, жыр ұшпас қалай менен.  
Ақиқатты айтамын Ар алдында,  
Біз – қазақпыз бір ғана Абайменен!

### **«МЕН ҚАЗАҚПЫН МЫҢ ӨЛІП, МЫҢ ТІРІЛГЕН»**

*Жұбан Молдағалиев*

Мен - қазақпын!  
Болауында жүрдім талай мазактың,  
Шылауында жүрдім талай азаптың.  
Мың өліп мен, мың тіріліп жүрсем де,  
Аңсағаным - азат күн!  
Мен – қазақпын!

Мен – қазақпын!  
Өткен күн жоқ арымай,  
Арқамды аяз өтпеп еді қарымай.  
Отаршылдың тепкісінде жүрдім мен,  
Аузым асқа, тақым атқа жарымай.

Мен - казакпын!  
Момын едім жалғанда,  
Кетті талай боздақтарым арманда.  
Келімсектің қолын қағып көргем жоқ,  
Төрімді алып, төбеме ойнақ салғанда.

Жаным газы,  
Газы тәнім, арым да,  
Осы менің бойымдағы барымда.  
Содан тапқан пайдамыз ба, кеттік біз,  
Қарақшының қанды тырнақтарында.  
Емес дейсің өмір сүру кімге арман,  
Көр тұлғамды асқарлардан шындардан.

### МАНАРБЕККЕ

Қалмасын көңілдерге қырау қағып,  
Өнердің шын тұлпарын құраулатып,  
Ұлытауға үн қосқан Ман – ағамды,  
Алайық желпіндіріп, бір аулатып.

Сый көрсетіп біріміз – бірімізге,  
Тағзым етіп үлкен мен ірімізге.  
Тік тұрып қол соғуын керек бүгін,  
Өнерде Манарбектей пірімізге.

Ән-жыры қырды кезіп, дала кеткен.  
(Тарихты білмейтұғын бала деп пе ең)  
Ақтық демі бігерде, о керемет,  
Ажалға да Ман ағам, қарады өктем.  
Ал содан соң, киелі Ақтоғайдың,  
Бір уыс топырағын ала кеткен.

Ризамыз ақ таңның атқаны үшін,  
Көңілде көп сырпадың жатқаны шын.

Сіз бен біздің құрметтеу парызымыз,  
Исі қазақ халқының мақтанышын!

Жаныңды шыраққа әкеп танығандай,  
Өнерге жүрміз біз әлі қанбай..  
Төрткіл әлем танданып, тамсанатын,  
Ох, шіркін, күйі қандай, өні қандай?!

Мен неден тартынайын, бұл данайын,  
Ол – жұлдыз!  
Көгімде күн!  
Туған айым!  
Ман – ағамның рухы түр асқақтап,  
Өнерде қайталанбас тұлғадайын!  
Өмірде қайталанбас тұлғадайын!

### АРДАГЕРЛЕР АРАМЫЗДА

*«Сүйенерім-салтым, тіренерім-халқым» дейді ауыл ақсақалы  
Сатыбалды Тайбекөв.*

#### 1. Бастау

Өмір деген жыр-толғау, өмір деген қызық өн,  
Мен қызықсам алтынға емес, Сөкеңдерге қызығам.  
Талмай тарытып келе жатқан замана- көш кірені,  
Сөкең деген жақсылар мен жайсандардың бірі еді,  
Бір ауылдың ақсакалы, бір әулеттің тірегі,  
Көңілі де шығтай өппақ, ақ қой және жүрегі.  
-Шат-шадыман күн кешер ме, ел бақыт құсы қонбаса,  
Ел қатарлы тірлігім бар... Берікболым болмаса...  
Деп ақсақал жанарынан жасын иіп алды да,  
Бастан кешкен хикаясын жайып салды алдыма.  
Көңілдері жақсылардың алтын сандық, ерек қой.  
Тыңдау үшін құлақ емес, зерде-жүрек керек қой.  
-Айналайын, бұл жасымда көргенім жоқ мақтанып,  
Сен сұрадың, мен айтайын жан сырымды актарып...

## II. Түйін

Саған қарап қызығады көрі-күртан, жасыңда,  
Тәуба дерсің, ұрпағың бар өсіп-өнген тасаңда.  
Алпыс бестің биігіне шығып алған екенсіз,  
Ақсақалдың тұғырыңыз мықты болсын кашанда.

Таңдарың бар күліп әлі құлпыра кеп ататын,  
Немереден кенде емеспіз койнына алып жататын.  
Әулетіне дәулетің сай, бәрі де бар, тек қана  
Берікболдың қазасы ғой қу жанына бататын.

### ЖИЫРМА ЖЕТІ КӨКТЕМІМ

Жиырма жеті көктемімді өткеріп-ақ тастап ем,  
Атой салып келіп қаппын отыз деген жасқа мен.  
Қимас менің жас дәуренім, қоштасалық, қолды әкел !  
Өзің жайлы бір әуенді енді ғана бастап ем.  
Біпей қалған әуенімді жалғастырам немен мен?  
Отыз деген не тәйірі, әлі жаспын. Дегенмен,  
Он сегіз бен жиырма бестей бола алмаспын әрине.  
Аласұрған көңілімді жасартумен келем мен.

Өмір мені жетелейді алды артыма қаратпай,  
Еріп келем, жүрсемдағы асықтырғанын жаратпай.  
Жиырма бестің бал шырына тоймай өтіп кетіп ем,  
Отыз жастық дәмін көрдім, ашылығы «шараптай».

### АРМАН

Арман шыңы биік-ау, жетемін бе,  
Талпынсам да жүрмін мен етегінде,  
Шаршауым жоқ талмай-ақ жүріп келем,  
Пәк арманның мызғымас жетегінде.

Арман шыңы мен үшін «жәннат мекен»,  
Ойпыр-ай,

Орта жолда талмас па екем ?!  
Оқжетпеске шығар ем бірақ сені.  
Неге ғана биік қып жаратты екен.

Жо-жок арман әлі де биіктесің,  
Бұл мендегі бекіген тұйық кесім.  
Сенің анау шыңыңа шыққандар бар.  
Мол шағтықтан айтшы өзің жиің па есің ?

Арман, арман,  
Күнде жүз қайталадым.  
Сен болдың жүрегім айтар өнім,  
Өзің жайлы жыр отын үрлеп жүргені,  
Қалайша бір ұлыңды байқамадың.

Көп күттіріп,  
Үзілтіп,  
Сағындырып,  
Түн баласын өзіне табындырып.  
Шығыс жақтан күн көзі көтерілді,  
ЖЕР-АНАНЫ шуаққа малындырып,  
Сұлулыққа ей адам, қара мына,  
Қалайша ілікпес бұл жанарыңа,  
Бір келіншек келеді, алма бетін,  
Аймалатып ақ таңның самалына,  
Сұлулыққа сұқтанып қарамас кім,  
Арман-қиял алысқа ала қаптың.  
Осы ма еді іздеген кейінкерім,  
Осы ма еді еркесі Жаланаңның ?  
Тарқайды көңілдерден бұлт арылып,  
Сезімі қытықтайды ұша-қылық,  
Гүлді көйлек ашытап қоз тартады,  
Алғандай он бойына гүл тағынып,  
Әлдекімдей шаңып да күзетпеген,  
/Сыншыл ханшак бөлеміз біз егтеген./  
Бас иіп, сөлемдесіп барады өтіп,  
Қасынан нәти жаның ізетпенен

Ой де мың бұралған бұлақ сынды.  
Даусы ше ?  
О, ғажап, құлақ тұнды.  
Періште ме,  
Ару ма, қайдан келген ?  
Ойымда осындай бір сұрақ тұрды.  
Қоймады көз талдырып қарамасқа,  
Көңілім сәл сабыр ет ала қашпа.  
Осы екен ғой іздеген кейіпкерім,  
Көрінбей жүріп жатқан Жалаңашта.

Ашыла берсін сенің бағың әлі,  
Адам ертең бұл күннің сағынады,  
Косегесі еңбекпен көгергендер,  
Алғыстың алқаларын тағынады.  
Бар шығар жиып ашар бір несібең,  
«Еңбек»-деп түн кешіп ең, күн кешіп ең.  
Кезің енді кезексіз сөз алатын.  
Қайта құру кезеңі мінбесінен.  
Өмір өтсін жүрекке жара салмай,  
Талайлар жүр өзіңмен таласа алмай.  
Арман- қанат талмасын, шарықтай бер,  
Бүгінгі биігіңнен аласармай.

### АНА ТУРАЛЫ ОДА

Жөнімді білем, есейіп кеттім дегенмен,  
Көлеңкеңде ана саялап әлі келем мен.  
Балаңа деген күдіреттілігіңді басқаға,  
Жеткізе алмаспын өлеңмен.

Жит боп кеттік «сырықтай» болып бойымыз.  
/Пендешлікті қойыңыз/  
Өздерін жайлы күңіреніп жырлап оқыр ек,  
Күрмеуге келмей қысқа боп жатыр ойымыз.

Сынығы деуші ең мені бір өткір алмастың.  
Қарызынды өсте өленмен өтей алмаспын.  
«Пайғамбар» жасы тоқсанға келген анамның,  
Өміріне ғана жалғастым.

Шыңдалған жоқпын.

Дауменен,

Жанжал,

Егесте.

Кетті той олар айналып қайта келмеске,  
Арамдық жоқ қой бойымда менің, себебі.  
Анамнан гудым емес пе ?!

## ӨНЕГЕЛІ ӨМІР

Қазкен Тойымбековке/

Жасырмай ақ қояйын елден мұны,  
Жасырмаймын тау тастан, желден мұны.  
Қалжалыққа соятын қой болмады,  
Жас сәби бұл өмірге келген күні.

Өтті заман,

Тек қазір ойға салам,

Шындыққа ренжи қоймас адам/.

Қуанышка мыңғырған малдары бар,

Байлар ғана ат-көпір той жасаған.

Қанат алып кетеді-ау ойың көкке,

Қалжың деп те айтарсыз, ойын деп те.

Қазкен келді өмірге, ал соятын,

Қотыр лақ болмапты Тойымбекте.

Жоқшылық сақ-сақ күліп табалайды,

Жас сәби бар-жоғына қарамайды.



Сыртта боран өрекіні,  
Қараша үйдің,  
Сүйегін сықырлатып сабалайды.

Айтпаңыздар, әзілі уытты деп,  
Жайма-шуақ көңілді суытты деп.  
Құрдасынша Қазкеңе қалжындаймыз,  
Жоқшылықта,  
Боранада туытты деп.

Ауырлықтан сескенбей-ақ өткендер,  
Біздер үшін маңдай терін төккендер.  
Ардагерлер,  
Өзім жеке жол салмай  
Іздеріммен жүріп келем,  
Сөкпендер ?!  
Татты өмірдің кермек дәмін, сортаңын,  
Тірегі де бола білді ортанын.  
60 жасқа алқынбай-ақ жеткендер,  
Енді алпыс жыл жүрмей ме деп қорқамын.

Өзіңізбен келген сәтте бетпе-бет,  
Қорқамыз-ау ұрыспай-ақ кетсе деп,  
Шын жүректен бір-ақ тілек тілейміз.  
Ақ бас шалым енді жүзге жетсе деп.

### ТҮС

Жаздым жырды жүрек-өмір күшімен,  
Ренжисің. Білем, оны түсінем.  
Өзіңді іздеп жүріп-жүріп бір күні  
Көрдім сені көп аққудың ішінен.

Келе жаттың сағымдай боп тербеліп,  
Қарамасқа қалмады ғой менде ерік.

Жанарыңнан жарқ еткен бір үшқыннан  
Кететіндей болып едім жерге еніп.

Ой да бірдей және жас-шама,  
Ғашықтық па? Менен туған бастама.  
Қиналып-ақ жаздым осы жырымды  
Қақ айырын коқыстарға тастама.

Бұл ойымды түсін, мейлі түсінбе  
Ренжи ғой жыр жазғаным үшін де.  
Көп аққудың ортасынан тандап ап  
Саған қарап тұр екенмін түсімде.

Қандай жақсы бақыт күстың қонғаны,  
Бақыт күстың болмасыншы соңғы өні.  
Саған қарап тұра берсем деп едім,  
Қиын екен түстің қысқа болғаны.

### АҚ КӨЙЛЕКТІ АРУ ҚЫЗ...

Келмейді бұл өмірде жат сөйлегім,  
Өзінді күнәсі жоқ, пәк қой дедім.

Тереземнің алдынан күнде өтесін  
Самал желге тербеліп ақ көйлегін

Көріп пе едім дәл сендей жарық нұрды,  
Қайран, қайран жиырма бес тарықтырды.  
Сұлулығын – жүрекке отын жағып,  
Ақ көйлегін – көзімді қарықтырды.  
Көңілімде жоқ еді бос алаңым,  
Болмаса да жыр-көшке қоса аламын.  
Ақ көйлекті қас бөліп жіберердей,  
Көзімді арбап қос анарың !

Сезбестер бұл сөзіме келіспесін,  
Құдайға арыз жазып «теріс» десін.  
Бір-ақ сөтге жүректі жаулап алған,  
О, ғажап ! Қайдан түскен періштесін ?!

Кетейін артық сөйлен, көш ілгері,  
Жырымен ақынын тұр көсілгелі.  
Бекежан Төлегенді тосып алған.  
Қос оба сияқты екен тосіндегі.

Жыр жазбаймын жолына ата кектің,  
Ақын сөзін айтады қате деп кім ?!  
Ақ көйлекті аруды құшып сүйіп,  
Ақ ұлпаға келеді жата кеткім.

Жүректен тізгін босап, ерік кетсе,  
Кетпегенде, қызды етер көрікті етсе.  
Ақ көйлекті аруды бір аймалап,  
Арман жоқ содан кейін өліп кетсе.

Болат тұяқ қыран ем күздан ұшқан,  
Ақ таңмын мен, түсі мен қыз ғарыштан.  
Анау әппак тамақтан сүйін тұрсам,  
Жігіт біткен өлер ед қызы аныштан.

Қиялға бөледің-ау бекер мені,  
Тек сені армандаумен өтер ме еді.  
...Түсімде бір суық қол ақ көйлектің,  
Жатыр екен етегің көтергелі...  
...Сенесің бе, сенбейсің бе осыған.  
Содан бері мен түсімнен шошынам...

### **МҰҚАРАЛИҒА...**

Бір ауыр ой жаныштап, езді нықты,  
Жүрек-мұңлы, ой – тұман, көз-күйікті,  
«Дариға-ай, домбырамды берші маған»  
Шырқатып жіберейін «Жезкиікті».

Жырларым шырақ сынды жағылмаса,  
Ақын болып жүрмеспін бабымда аса.  
Менің атым мәңгілік өшті дендер,  
«Шан басқан архивтерден» табылмаса.

### **ҚАСЫМ АМАНЖОЛОВША...**

Сыр сандықтан шашыл жыр, құлыпты анам,  
Қасым айтқан бір саз бар ұмытпасам,  
Баспанам да мұздап тұр, асғанам да,  
«Өленнің отын жағып жылытпасам»

Ақынның түсер бәлкім басы мұңға,  
Досы азайып, көбейер қасы мыңға.  
Ажалдан қорықпаймын, мен түгілі,  
Алған ол Аманжолдың Қасымында !

### **40 ЖАСҚА БАЗЫНА НЕМЕСЕ ҚАЙРАН ЖИЫРМА БЕС**

О, сұмдық-ай,  
Не деген ғажап мүсін.  
Жүрекке от сап, көзімді қарықтырды.  
Сұлу көрсем бір ауыз тил қататын  
Кешегі 25-ім зарықтырды.

Не деген ғажап мүсін,  
Кете барды жүректі бұлқындырып.  
Тұсаулы аттай тұралап тұрамысың,

Кісеніңді үз !  
Буырқан !  
Жұлқын қырық !

Білемін жақын қандай, жырақ қандай.  
Неге бауыр жазбаймын құр аттардай.  
Қырық деген қырсықтың қылығынан,  
Тұрып қалдым бір ауыз сыр ақтармай.

Көзіме жиырма бесті елестетіп,  
Қиялай өтіп кетті бір ақ мандай.  
Өмір деген осы ма, із-түзі жоқ,  
Жауапсыз қалған бейне бір сұрақтардай ???

### **АНА СҮТІН АСПАНҒА САУҒЫЗАТЫН...**

Нысанаға атылар октан бұрын,  
Еске түсер жас күнің, сотқар күнің.  
Бар анаға жаутандап қарайды екен,  
Өз анасы өмірде жоқтар бүгін.

Именбейміз құр елес, өктем күштен.  
Қауышармыз гүл өрген, көктем күспен.  
Анасынан тумаған кім бар дейсің,  
Екі аяғы салбырап көктем түскен.

Болсадағы асқарың, бөйтерегің,  
Тауып беріп жатырсың қай керегің.  
Табаныңа тас батса жаны ауыратын.  
Егер, анаң болмаса қайтер едің ?!

Бар енбегін жоқ қылып, тасқа ұратын,  
Тәрік қылған о, сұмдық «тақсыр» атын.  
Мәнгүрттерге не дейсің өз анасын,  
«Қарттар үйі» дегенге тапсыратын.

Ана «өлдин» байгүстар аз ұқты ма?  
Өсті ананың ақ сүтін азық қыла.  
Сол мөнгүртті өмірге шар еткізіп,  
Алып келген-анасы жазықты ма ?!

Не түсіндің бұл сөздің жүйесінен,  
Мал да рахым күтеді иесінен.  
Жүрегі тас жан ғой ол қорықпайтын,  
Ананың асқақтаған киесінен.

Табанға сап кезеңін тау бұзатын,  
Қара бұлтын қарғыстың жауғызатын.  
Сақта құдай?! Сондай бір есуастан,  
Ана сүтін аспанға сауғызатын.

Сыр гаухардан тереннен қаза алатын,  
Жыр жазады жүректен азаматын,  
Бәріне кешіріммен қарайтұғын,  
Асқақтасын ана атың, ғажап атың !

Әкемнен мұра болып қалып па өлең.  
Онсыз да өз жолымды салып келем.  
Ана ! Саған керек пе ?! Керек болса,  
Кеудемнен жүрегімді алып берем.

## ҒАСЫР ПЕРЗЕНТТЕРІ

*микробаллада*

« Қарттарым аман-саумысың? »

*М.Мақатаев.*

### I

Туған жердің тауы-тасы, жері-суы ертегі,  
Жүрегіңмен тыңдай білсең ғажайып сыр шертеді.  
Ұрпаққа аян қойнауының тылсым тарих екені,  
Ақтоғайым – арыстар мен асылдардың мекені.  
Мұзарт шыңды армандайтын мұзбалақтар сияқты.  
Қарттарым бар бұл өңірде миятты да, ұятты.  
Тілетіз жатқан дүниенің тас емшегін идіріп,  
Ай-мандайын ару – Күнге сүйдіріп...  
Өмір – мартен періштенің жалынында шындалған,  
Шыңыраудан маржан теріп, сыр тартатын шындардан.  
Зейнетінің қызығы мен бейнетінің күйігін.  
Қатар көріп, ала білген арманының биігін.  
Жан-сарайы ғажап дерсің көрікті де, сәулетті,  
Мақсат қылып көрген емес байлық, мансап дәулетті.  
Замананың зилзаласын қарсы алды олар тік тұрып,  
Қарттарымының атасы – МӨРТТІК және МЫҚТЫЛЫҚ!  
Бүгін бір-бір терек дерсің тамыр алған тереңнен,  
Әжім сызған жүздерінен өмір жолын көрем мен.  
Болашаққа құшақ ашып, жайып желек-желкенін.  
Қолымеңен қойып берген келешектің ертеңін.  
**ҚАРТТАРЫМДЫ БІЛЕМ МЕН !**  
... Мінез-дархан, жүрек – жылы, көңілдің жоқ бүкпесі,  
Қарттар жайлы, өңгіменің болмас сірә нүктесі.  
Қырандарым бұл өмірден тек кетпейді тек келіп,  
Ақзер арман алдамайды, қалмайды әрі шектеліп.  
Нұрлы болсын дегені ме, болашақтың ертеңі,  
Қарттарымды жазып қойған хат көреді ел тегі.  
Тауға біткен шынар дерсің, әлде биік бәйтерек,  
Қариялар болмаса егер тозар ма едік, қайтер ек ?!  
Қырымды да, Ұрымда да, жүрсек мейлі жырақта,  
Қаратаудай қарияны ұмытпайық, бірақ та ?!

Мен соғысты көргенім жоқ, көргенім жоқ лаңын.  
 Соғыстан соң тудым дағы естіп бактым «жыр-өнін»  
 Мен соғысты көргенім жоқ, сезіп өстім кестірін,  
 Білем «кайтпай қалғандардың» жетімі мен жесірін»,  
 Мен соғысты көргенім жоқ, бірақ, бірде кинода,  
 Көріп едім, қала-жалын, дала-қабір, үй-мола.  
 Бейбіт күнде мүгедектің образы бөлек тұр,  
 Соны жырылап беретіндей асау шабыт керек бір.  
 Ғажайып көп мына өмірде, көп қой және аңыздар,  
 Соғыс мүгедегіне бүгінгі ұрпақ қарыздар.  
 Ұйықта сәби !

Гүл әлемге таң қалған бір пішінмен,  
 /Мүгедектің кім екенін мен де кейін түсінгем/  
 Тарих беті сынсып тұрған қасыреттің түнегі,  
 Енді қайтып жыламасын аналардың жүрегі.  
 Тірілері келе жатыр жоғары ұстап намысын,  
 Ездікпенен алысып, «елім» деген арысым,  
 Жүректегі пәк сезімді кімдер арбап, алдар кім,  
 Бір құласа енді қайтып тұрмайтынын аңғардым.  
 Соны ойладым! Ойладым да бармағымды тістедім,  
 Қарға гүрлым жас бермеген тағдыр неткен күшті едің?  
 Өткен өмір жолдары қалып жатыр тым алыс,  
 Қалт-құлт етіп жүргендері біздер үшін жұбаныш.  
 Гүл атсын да, құлпырсын көңілдердің хоштығы,  
 Жаса мүгедектер мен сау адамның достығы!  
 Есімдерің өшпейді! Ұрпақ естіп, мәпелер,  
**ҒАСЫР ПЕРЗЕНТТЕРІ –ҚАСИЕТТІ ӨКЕЛЕР!**



## АРДАГЕРЛЕР

(Өлең-өчерк)

«Жаңыш» совхозының түрғыны, еңбек ардагері, зейнеткер  
Мұрат Сүлейменұлына арнаймын.

### I.

Фәниден мынау мәңгілік, табар да дейсің тұрақ кім,  
Миымыз ашып жүр бүгін, астында калып сұрақтың.  
Кәусарын ішіп көргенбіз, тас жарған қайнар бұлақтың,  
Жалын да тартып көргенбіз, бауырын жазған пырақтың,  
Жауабын іздей жүрдім де, ойымда жүрген сұрақтың,  
Көктемде... кеште... қонақ боп, үйіне түстім Мұраттың.  
Кетпеспек болды оқ бойы, ойлардан озбай жырақ тым,  
Айтайын енді сіздерге, Сүлейменұлы Мұрат кім?!

Аккуым емес ол менің, ұшатын көкте қаңкылдап,  
Ақыным емес ол менің, оқитын жырын саңкылдап.  
Кішіге сая, көленке, үлкенге сыйлы, салқын бақ.  
«Ассалау» десең мә-ә-ә-әз болып, қалатын жан ғой  
аңкылдап,

Көрмеген әсте адам ол, орыңсыз жерде жаркылдап,  
Сөздері саумал, жібектей, естісең жаның салқындап,  
Кішіге сая, көленке, үлкенге сыйлы, салқын бақ.

### II.

1928 жыл !

Тоқырауын болысы, он екінші ауылда,  
Салқын күзде толассыз, төпеп тұрған жауында,  
Екі қабат бір әйел шелек іліп қарына,  
Келе жатыр аяндай, кешкі сиыр сауынғы.  
Ілбiп келе жатты әйел, аяғы ауыр, ақ маңдай.  
Сәби үшін, жан үшін болмайды енді сақтанбай,  
Алдыңғы күні бұлыңғыр, соры қандай, бақ қандай,  
Ілбiш келе жатты әйел, аяғы ауыр ақ маңдай,  
Бір сәт, көкті қак тіліп, шарт еткенде найзағай,  
Болды әйелге дүние ауып бара жатқандай.  
Шатырлады найзағай, адам айтса сенгісіз,

«Алма» деуге тил оның келді ме екен, белгісіз,  
Жасын ойнап жер-көкте, оқ пен отқа бергісіз,  
Одан кейін не болды?! Соны оқыңыз енді сіз!

### III

... Қараша үйдің ішінде тұрғандай ма, сыр тұнып,  
Әйел есін жиды да, ұшып тұрды жұлқынып,  
«Іңгәләді» бір дауыс, төсі сыздай жөнелді,  
Оң жағына қараса, сәби жатыр бұлқынып,  
Жүрегіне ананың кетгі сол сәт жыр тұнып,  
Кетпегенде қайтеді, сәби жатыр бұлқынып,  
Әнші қайда ол кезде, бастап берер өлеңді,  
Бірақ, ауыл-аймақ боп, бір әсерге бөленді,  
Орауымен алдына ап, икемдеп ед төсіне,  
Ана емшегін нәресте, күрпілдете жөнелді,  
Тіске басар қызыл жок, асаяғың толатын,  
Той жасайтын хал қайда, жағдай бар ма, оңатын,  
Әкесі кетті қой іздеп, ерттеп алып торы атын,  
Сондағы сәби міне осы, Сүлейменұлы болатын.

### IV

Тағдырдың тауқыметтері, кездесіп алдан көлденең,  
Алысып жүріп есейді, киямен, оймен, арменен,  
Заманы сайқал әйелдей, асылын қиып тұрған сон,  
Асыр сап, астан-кестен боп, бала боп ойнап көрмеген,  
Анталап, қасқыр сияқты, тағдырдың шенгел қыспағы,  
Тұрғанда, бала көңілден арман-құс биік ұшпады,  
Тұяғы қатпай, қанаты бекімей жатып сол бала,  
Бір уыс бидай арман боп, өгіздің басын ұстады,  
Бала емес пе, шаршап жүрді, кінә бар ма таңатын,  
Екі қары талып түсіп, көтере алмай қанатын,  
Қалған кезде, ат ойнатып, «аттан» салып, жетіп кеп,  
Бригадир бишікпенен сабап-сабап алатын,  
Мақұрым қап мына өмірдің мәніменен, әнінен,  
Жүрді қорқып бригадирдің бишігі мен көрінен,  
Бір күндері «арман-құсы» көкке қанат қақты да,  
«Білім керек» -деді Мұрат, «оқу жақсы бөрінен!»

## У.

Өтіп кеткен жылдар жатыр айналып бір елеске.  
Ауырлықтар, тапшылықтар көз алдында, бәрі есте.  
Білім алып, еңбек жолын есепшіден бастады,  
Мұратты сол мамандығы, алып шықты белеске.  
Сөз сөйлеудің қажеті не, кеуде керіп, мақтанып,  
Жас кезінде жанарында тұрушы еді, от жанып.  
Еңбектерін еледі ме, баскарма кеп бір күні,  
«Бухгалтер бол»- деген кезде, кеткен еді шаттанып.  
Деді бастық:-мныңдағы толтыр бала, олқыңды,  
Токтап енді жасықтық пен жігерсіздік, солқылды.  
Үлкен сенім көрсетілсе, Мұрат па екен тартынар,  
Жас жігіттің алдында енді, «Басбух» деген жол тұрды.  
Айыратын ауырды да, жеңіл, алыс, жақынды  
Жан болатын жасғайынан ақ көңілді, ақылды.  
Биіктерден қолын бұлғап төмендегі Мұратты,  
Шен-шекпен де, мансап та емес, арман-құсы шақырды.

## АУДАНЫМЫЗДЫҢ 60 ЖЫЛДЫҒЫ ҚАРСАҢЫНДА

*1942-1946 жылдар арасында Ақтоғай аудандық партия  
комитетінің бірінші хатшысы қызметін атқарған  
Әбдірахман Жәнібековпен арада 44 жыл өткеннен кейін  
жүздесудің сәті түсті*

Қайтеміз өткен істің санап бәрін,  
Өзімді – қайрап, байқап, жарақтадым.  
Әбекен кім?! Түсініп, білу үшін,  
Ақтоғайдың 60 жылын парактадым.

Жүріп көңіл ой-қиял өткелімен,  
Елімнен тым ертерек кеткенімен.

Әбекең кім?! Түсініп, білу үшін,  
Іздеп көңіл тарихтың беттерінен.

Ат үстінен сөзімді кім тындасын,  
Ойша ұстап қойып ем жыр тұнбасын,  
Әбекең кім?! Түсініп, білу үшін,  
Елестеттім көзіме түр-тұлғасын.

Соғыс жылы... елім бір қуаныпты,  
Қуаныпты, сәбидей уаныпты.  
Әбекеңнің тұсында біздің аудан,  
Республикалық алқызыл ту алыпты.

Сонын өзім бақ санап, ар көремін,  
Осы болды тапқаным бар дерегім.  
Ал, содан соң жол шектім Ақшатауға,  
Қайдасың деп, ақиық, Ардагерім?!

Жігерімді намысқа таңып алып,  
Сеніп шықтым болар деп жолым анық,  
Жүрегіммен тыңдайын бар әңгімесін,  
Қайтсам деп ем мүбәрәк қолын алып.

«Жалынына шарпылып мол намыстың,  
Жетегінде жүреміз толғаныстың.  
Сыр сандығын айқара ашу керек,  
Көптен бері көңілге қойған істің»  
Деген ой бар, бар және сұрағым да  
Кеттім сүңгіп әйтеуір бір ағынға.  
Іздеп келем, қайтсем де табамын деп,  
Білмеуші едім  
Үй,  
Көше,  
Тұрағын да.

## ОБКМ МҮШЕСІ

*Қызығарайлық озат механизатор Жанат Оразов туралы  
шағын штрихтар.*

### 1.

Көп үміт бар жүректе, көп сауал бар көңілде,  
Адам болып туыпсың, азамат бол өмірде.  
Жігіт деген намысын ар, ұятқа жаныңды,  
Оттай ұшқын шашпаса, халқы қалай таниды?  
Менің кейіпкерім де жігіт екен тұяқты,  
Қыран сынды биікті аңсайтуғын сияқты.  
Әке жолын жүр жалғай, жоқ ешкімнің таласы,  
Кім дейсің бе? Әйгілі Ақымыстың баласы.  
Ол да сәби болған- тым, сүп-сүйкімді кекілді.  
«Әке көріп, оқ жонып» ерте есейді, жетілді.  
Бір үйдегі төрт еркек, темір тұлпар тізгіндеп,  
Тау қопарып тас бұзса, мақтанбаған «біз кім?»-деп.  
Армандап та көрменгі байлық, мансап, дәулет деп,  
Халқы баға беріпті «темір қуған әулет» деп.  
Арқалап ап еңбектің қызығы мен күйігін,  
Армандайды алсам деп, Ақсоранның биігін.  
Маңдайынан күн сүйіп, айдардан жел еседі,  
Тау баласы ағайын, тауға қарап өседі.  
Дала өзгеріп, тау көшіп, кетер мүмкін жол азып,  
Кетпес бірақ мұқалып, коммунист Жанат Оразов!  
Себебі сол, тау баласы сыр тартады шыңдардан,  
Ақымыстың мектебінде суарылған, шындалған.  
Тұлпарым бір сілкіндіріп, қырға шықса ән салып,  
Арулар да қалады екен тамашалап, тамсанып.  
Аптабың ба, бораның ба, Жанат үшін бәрі бір,  
Өмір жолы тұнған еңбек, айналасы, бәрі нұр.  
Ұлы істердің қызуына жан жүрегін күйдіріп,  
Жер-ананың тас емшегін идіріп...  
Төккен анау маңдай тердің бар ақысы төленіп,  
Биіктерден көрініп жүр, алғыстарға бөленіп.  
Дәріптесем бәрі-бәрі сай маған,

Коммунистер оны обкомның мүшесіне сайлаған.  
Сенім деген, құрмет деген осы емес пе, ағайын,  
Өлең-жырдан кеудесіне гүлдестелеп тағайын.

Салтынды сақта, ағайын!

**«ҚОЛДА БАРДА АЛТЫННЫҢ ҚАДІРІ  
ЖОҚ»  
ДЕГЕН ОСЫ ЕКЕН-АУ, Ә!**

Келмейді бас ауыртып, ойланғымыз.  
Қайда құрттық ірімшік, айранды біз?  
Бие иесіз, құлындар құлан болып,  
Көзден бүлбүл ұштың-ау қайран қымыз.

Білмейміз-ау,  
Білмейміз нарқымызды,  
Ұмытып кеттік пе әлде салтымызды.  
Өңімізде, кеберсіп, шөлдеп жүріп,  
Түсімізде көреміз бал қымызды.

Кешіріңдер,  
Кешіріңдер бабаларым,  
/Тым арзандап кетті ме бағаларын/  
...Музейлерден көреміз, біз қазақтың,  
Шараларын,  
Ожауын,  
Сабаларын !

Жүрсек те мұздай болып, есен-аман,  
Ағайын сәл тұра-тұр, есеп алам.

Қай бетімен не жауап берер еді,  
«Қымыз деген немене?» - десе балаң.

Кешегінді бүгінмен салғастырып,  
Келеміз күн мен күнді жалғастырып.  
Ұрпағымыз жүрмесе жарар еді,  
Бал қымызды шараппен алмастырып ?!

### АРНАУ

Жаз да қайғты,  
Күз өтер,  
Қыс келеді,  
Қара суық анталай ішке енеді.  
Ұйықтап кетсем, о, гажап, аруақтар,  
Ұрпақтарым «қайдалап» түске енеді.

Көкіректі карашы бұлт алғанын  
Көлеңке көп кеудемде – құрта алмадым  
Теріс қарай, бүк түсіп жатсындар ма,  
Қанатынан қыркылған сұңқарларым.

Көрген түсім енді өңге айналды ма,  
Ақбоз көңіл қазыққа байлана ма,  
Арыстарым қиялға ұшып кетіп,  
Жалғыз қалдым, қиялдай айдалада.

Азаматтық жүрекпен аңғарамын,  
Сарғайған сағынышпен жан бағамын.  
Ұрпағына дем беріп, жебеп жүрген.  
Рухына, әкелер таң қаламын !

Таңқаламын! Ішімде – ойым, қайғым,  
Ессіздік, көзсіздікке бой ұрмаймын.  
Қасиетті әкелер атынан мәрттігінді,  
Бүкіл ұрпақ атынан мойындаймын!

Сездік бүгін саумал жел есілгеннен,  
Өр дауысым жетер ме есіл менің.  
Ұрпақтардан-ұрпаққа жалғассын деп,  
Тасқа қашап жазылды есімдерің.

Тік тұрғызып көріміз, жасымызды,  
Есімдерің жазылған тасын ізгі.  
Аруақтарын жебесін, желесін деп,  
Мәңгі иіп өтеміз басымызды.

### **АҒЫЛСЫН ЖЫРЛАР...**

Кетеміз кейде бір қиялмен қырды асып,  
Даланың сәнді қызғалдақтарымен сырласып  
Пау, шіркін сонда ақынның жанын тербетіп,  
Арнадан асып кетеді бір сәт жыр тасып.

Ағылсын жырлар асын-ақ кетсін арнадан,  
Далам-ау саған дарынды бір ән арнағам.  
Шалқактап жүрің, өяңді жырға қоспасам,  
Ақындығыма арланам.

### **БАТЫРАШТЫҢ БАЛТАСЫ...**

Жол болса жақсы-ау,  
Кесіліп қалмай, шектелмей,  
Кесіліп жатса, көгершін канат-көктемдей.  
Қолтықты сөгіп, бауырды жазар сәттерде.  
Балтасы колда... Батыраштар шығар өктемдей.  
Болмайды жолдар қоршаусыз және қамалсыз,  
Жүрегің - мұздақ,  
Көңілің – салқын,  
Далаң сыз.  
Батыраштар барда балтасын сілтеп қалатын.  
Жолға да шығу болмайды екен ғой алаңсыз.  
Жолдардың көрдім тәттісін және сортаңын,



Ұлы едім мен де «Е, жақсы» дейтін ортаның.  
Ала жіп аттап көрмеген жанға бір байғұс,  
Балтасын ала тап берсе кайтем... қорқамын!  
Сапардан келдім,  
«-қызығынды айт» -деп сұрады ел,  
«-Базарлық бар ма?»  
Қол созды балам – мұрагер,  
Көзіме менің елестеп кетті сол сәтте,  
Батыраш..  
Балта...,  
Қансырап жатқан Күлагер!  
Ұмыт та болар, арайлап ақ таң атқасын,  
Жолдардан үрку-достарың түгіл, жатқасын.  
Сапарға шықсаң жолыңды Күдай оңғарып,  
Балтасын тыққан Батыраштардан сақтасын!

### ЖЫР ЖИНАҚТАРЫМ

*«-Сіз неге жыр жинақтарыңызды шығармайсыз?»*

*Мейірхан Тәтибеков*

Айтайық, ақиқатты жасырмайық,  
Тақпаймын жылдарға мұң, ғасырға айып.  
Көңіл-көлшік! Ал өзім сияқтымын,  
Түмсығын тасқа соққан тасыр қайық.  
Ақынның да қурайлық құны қалмай,  
Өзімді-өзім келемін ұғына алмай,  
Қасқыр-заман азуын көрсетеді,  
Менде бір әкесінің құны бардай!  
Түсінсеңіз ақынды тірі аңыз деп,  
Тірі аңыздан жыр жайын сұраңыз кеп.  
Бала кезден... шырылдап дала кезгем,  
Тұнығы-сыр,  
Суы-жыр бұлақ іздеп,  
Жанымның жаз жайлауын кетірмес ем.

«Жыр өлкеде жүрген бір өкіл»-десен,  
Жүректерге жол тауып жатса өлеңім  
Жинақ үшін бауырым, өкінбес ем.

### ДОСТЫҚ ДЕГЕН НЕМЕНЕ?

*«...Ауыр тағдырыма ортақтасқан достым өлеңім  
басыма іс түскенде жолға тастап кетті»  
//Дос күнде кісінен!*

Бұл сөзімді еле мейлі, елеме,  
Дос дейміз-ау,  
Достық деген немене?  
Достық па сол, дастарханда бір болып,  
Шыға бере жара салса денеңе.

Мінінді айтып,  
Ұялтса, егер жылатса,  
Үкімінді ар сотынан сұратса –  
Міне, достық, достық па егер тасада,  
Аяғыңнан шалып сені құлатса.

Достық керек, жалындаған от керек,  
/Кажеті не айта беріп көп дерек/  
Достық па сол, ат құйрығын кесетін.  
Бір-ақ атым насыбайға өкпелеп.

Дос дейміз-ау,  
Ішкі сырын түсінбей.  
Тек жүрсек қой күпірленбей, ісінбей.  
Нағыз досты қалай қиып кеттің сен,  
Тағдырына ортақтасқан үшін бе-ей ?!

О, ғажап-ай,  
Сасқаның ба, не еткенің,  
Осы ма еді дос шегіне жеткенің ?

Таңымайтын маған таңба болып тұр,  
«Жан досыңды» жолға тастап кеткенің.

Бір-ақ ауыз сауалым,  
Дос деген не?!  
Айғшы маған жауабын.  
Досты алтыңға айырбастағандардың  
Өмір өзі берер бір күн сауалын,  
Өмір өзі берер бір күн сауалын!

### АНАМЕН СЫРЛАСУ

Сезімтал,  
Сергек едім,  
Ояулы едім,  
Бұл күндері көңілім қаяу менін.  
«Ана жақта» билмейтін хал-жайыңды,  
Тіріліңде ел-жұртқа аяулы едің.

Бере алмай бойымдағы күшіме ерік,  
/ал, оны әлсіздік деп түсінелік/.  
О, қажап! Аң-таңмын мен, биыл апа.  
Жүрең сен жиі – жиі түсіме еніп.

Ауыр ойдың шынжырын тағындым да,  
Батып-шығып жүрмін мен сағым-мұңға.  
Емшегіңді қақтаған кенжең едім,  
Немене апа?! Сен мені сағындың ба?!

Кеңге жайып тұрушы ең керегенді,  
/Керегенді қусырмау керек енді/.  
«Әжең кеткен базарға, жолын тос» деп,  
Алдап қойып жүрдік біз немеренді.

Балаң бүгін түйық та,  
Күдікті, ойлы,  
Жыр қызуы жылығар үміт бойды.

Немерен де – ку екен! Көшір апа,  
Сенің мекен-жайыңды біліп қойды.

Қайтемин өлең-жырды дауға құрап,  
Досқа-булак, болайын жауға- құрақ.  
Апа! Сенен құтылдық дегені ме,  
Іргесін салды туыс аулағырақ.  
Айдауында жүрмейді өмір сенің,  
Ертеңме артады көңіл сенім.  
Менің адал туысым сол болады,  
Жүрегіме нұр болып төгілсе кім!

### Д.СТАМБЕКОВТЫҢ 50 ЖАСҚА ТОЛУЫНА ОРАЙ

Бірі көрмей, ұланым көрген бірі,  
Мен жасырып қайтемин елден мұны.  
Көңіл кептер қанатын көкке қақты,  
Ауылыма ақындар келген күні.

Сіркіреген сезімнен арыла алмай,  
Көңілімде күдіктің табы қалмай,  
Ұшып кеткен сияқты жыр еліне,  
Өз жүрегім өзіме бағына алмай.

Бүгін бе?!  
Жырдан маржан тағынасың,  
Айтамыз ақындарға сағына сыр.  
Ақын елі елдігін көрсетеді.  
Көтерем деп ұлының бағын асыл.

Сәбисіз пенде бар ма, нұр күшпаған,  
Ақын келді!  
Түзелді тұрмыстағы ән.  
Отау құрған жас келін, Дәуітәлінің,  
Жырымен сусындасын тұңғыш балан.



*Есетіі Айша Оспанова.*



*Өткен күндерден белгі болсын.*



*Ақтоғайдың аязды күндерінде.*



*Солдаттар.*



*Үмітай қаламдастары мен бірге.*



*Ақынның жасан серігі - домбыра.*



*Солдан оңға қарай: Қарлығаш Жұмбаева,  
Надежда Ақбаева, ақынның жары Мереке Қыдырбаева.*







*Үмітай Азаматтық борышын өтеп жүр.*



*“Диктовка”*



*Балтабектей жігіт қайда?*



*Замандастар, сырластар.*



*Ағаштар бүршік жарғанда.*



*Журналист Қайрат Олжай Ақтоғайға келгенде.*



*Үмітай досы  
Серік Ақсұнқарұлымен  
бірге.*



*Қарамап мен Оралбек.*



*"Арқа еңбеккері" газетінің жүлдесі үшін.*



*"Тоқырауын толқыны" ақынның сырлас ұясындай болды.*



*Әріптестер ортасында.*



*Баспасөз мәслихаты.*



*Үмітай қарқаралық  
журналист Нәзипа  
Асқаровамен бірге.*



*Қалжыңсыз өмір сүреңіз...*



*Үмітай, Жанымның жайдым жапырағын...*



*Солдан оңға қарай: Үмітай, Рымбек, Марат.*





*Үмітай Жармағанбетұлының жанұясы*



*Азаматтық борышты отеп жүргенде*



*Үмітай қызмет орнында.*



*Елінің қадірлісі Титибек Қадырбаев.*



*Шопандар ауылын аралағанда..*



*Журналистер бас қосты.*



*Мереке балаларымен.*



*Жастық дәурен.*



*Нағашы жұрт - Қаратауда*



*Редактор Қасжан Ақеділов, "Арқа еңбеккері" 80 жылдар.*



*"Арқа еңбеккері" 1975 жыл.*



*Үмітай әріптестерімен.*



*Ақынның отбасы.*



*Ақын Серік Ақсеуқарұлы.*



*Достың ыстық қушағы.*





*Үмітай досымен бірге*



*Жаймайшуақ күндерде.*



*Туыстар ортасында.*



*Солдан оңға қарай: Күләш Қожыбаева, Надежда Ақбаева, Айша Оспанова.*



*"Тоқырауын тынысы" тойында.*



*Бағдат достарымен.*



*Ақынның ұлы Бағдат,  
жас ақын Тілегін  
Әбілов.*



*Қайдасындар, әріптестер.*

Ақынның жырына арқау, талғамы бол,  
Жүру де жақсы-ау! Оның жалғаны жоқ  
Дәуітәлінің жырымен тұңғыштарын.  
Тербеткен аналардын арманы жоқ.

50-ге келіп ағам екпін берді,  
Жүгіріп маңдайымнан төктім терді.  
Ошақтың үш бұтындай үш ақынға,  
Ілесіп муза еліне кеткім келді.

О, ақын мінші бүгін пырағына,  
Кеудеңнен төгілсін бір жыр ағыла.  
Туған жер төсіндегі өр дауысың,  
Шалынсын періштенің құлағына.

Ақының тұрғаннан соң көзі көріп,  
Тілеулестер береді көзге ерік.  
Жыр көусарға сусаған халқың бүгін,  
Қуантып жатыр ақын өзі келіп.

Бұл өмірдің жолдары тегіс пе еді?  
Жо-жоқ! Көп қой ойпаны, еңістері,  
Ақтоғайдың ауасы тарымайды,  
Аман болса Дәуітәлі, Женістері !

Жыр отына кетердей еріп тегі,  
Елі ақынның тыңдауға ерікті еді.  
Ақтоғайдың байрағы құламайды,  
Аман болса, Абзалы, Серіктері.

**А.АХАНОВТЫҢ ЖЕЗҚАЗҒАН  
ҚАЛАСЫНДАҒЫ  
ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ КЕШІ.**

Әнім менің,  
Әз-әуенім бермен кел,  
Тыныш жатқан толқындарды тербендер.

Қалғымасын сергек, ояу көңілдер,  
Мазаландар бір сәт тыным бермендер.

Сәл қалғысам оятып ал сілкілеп,  
Қыран сынды алайын да бір түлеп.  
Домбырамды қағып-қағып жіберіп,  
Әнің болып жауайыншы сіркіреп.

Әнім менің асыл арман, тәтті үміт,  
Ән дегенің сұлулық пен пәктілік.  
Жұмбақ сырын, құпиясын ашатын,  
Әншіге де тілеу керек сәттілік.

Ақбоз — әнім !  
Кел жалыңнан ұстайын,  
Заңғар көкке шарықтайын құстайын,  
Маған елдің жүрегінен орын бер,  
Жаз жайлатып, керек болса қыстайын.

Ән жорғасын шайқалттым да пын баптап,  
Бетке алдым мен ақ қар басқан шыңды апшак,  
Ән маржанын шашам бүгін сіздерге,  
Әнші ұлынды бір кешінде тындап бақ.

Ән болса жүрекпенен сүйер ісін,  
Жалын отқа жаныңның күйері шын.  
Өнердің дүлдүлдерін бере салған,  
Ақтоғай !  
Неткен ғажап, киелісің.

Керек көңілге көп қанағат.  
Саған елің өнерді етті аманат.  
Сезімге бай сиқырлы өр дауысың,  
Қазақтың кең даласын кетті аралап.

Тағдырдың да талабы қатаң әттең,  
Кенге күшақ жаясың шапағатпен.

Күнге қарай бет алып келесі сен,  
Өнерге деген ыстық махаббатпен.

**ЖИЕҢІМ МӘДЕНИЕТ  
ТҮГЕЛБАЙҰЛЫНЫҢ 60 ЖЫЛДЫҚ  
МЕРЕЙТОЙЫНА АҚЫН-НАҒАШЫСЫ  
ҮМІТАЙДЫҢ АРНАУ- ӨЛЕҢІ.**

Жыр оқып жүрмін тойдың талайында,  
Мен бүгін сол үрдістен қалайын ба ?  
Мәкеңнің мәртебесін көтерейін,  
Намыстың ақ байрағын алайын да.

Бұл -- жырға тұнып тұрса қия – белің,  
Шалдыққа қалай сені қияды елің.  
Шығыс пен Орталықты жалғастырған,  
Кешегі Түгелбайдың тұяғы едің.

Еңбегің гой, еліне атақты еткен.  
Жақсыға нұр төгіліп жатса көктен.  
Қадірінді сыйлаған халқың сені,  
Еркелетіп Мәйнә деп атап кеткен.

Жасында да көз тартар пішінді еді.  
Әйел десе бұл Мәйнә күшінде еді.  
Майдасы да, жорғасы атанып жүр,  
Бүгінгі алтыстардың ішіндегі.

Сыр айтам қалғаннан соң қосың бекіп.  
Жазылды өмірдің қос отыз бесі,  
Мәйнәнің туған жылы, о, сұмдық-ай,  
Халықты қан жылатқан отыз жеті !

Алпысында жүзінде жақұт тұнып,  
Жанарымда жайнайды бақыт күліп.  
Немересін елжіреп аймалайды,  
Туған жылы жанында бақыт тұрып.

## БАБАЛАРҒА БАС ИЕДІ БҮГІНГІ ҰРПАҚ

Тұлғасы тым биіктен көрінеді,  
Есімі ән-жыр болып өріледі.  
Қарекемнің аруағы жебеген соң,  
Ақының жыр-сезімге беріледі.

Көңілден «Сарыарқадай» күй ақты да,  
Бауырын жазып салды тұяқты да.  
Тыңдашы,  
Тындай көрші мына ғалам,  
«Қарекем» деп сыңсыған сияқты ма ?!

Жазылар-ау,  
Жазылар дастан әлі,  
Әншінің де шырқалар асқақ әні,  
Бабаның рухына басын иген,  
Ұрпағының көзінен жас тамады.

Алтын арай әлемге тарап таңнан,  
Сол сәтке іңкәрлікпен қарап қалғам.  
Қарекемнің есімі жүрегімде,  
Күн сайын тарих болып парақтаған.

Ақтоғай сән-салтанат жырға ауысты,  
Естідім «Бабалаған» бір дауысты.  
Сол дауыс құлағына шалынды ма,  
Қарекем ұрпағымен бір қауышты  
Қарекем ұрпағымен бір қауышты.

Түсе қалған жоқ едік қой көктен біз  
Тар жолдардан тайғақ кешіп өткенбіз,  
Қазақ болып жаратылып әу баста,  
Неге сонсоң мәңгірттеніп кеткенбіз ?

Күндер кештік «о, құдайлап», амалдап,



Сүйретпесе жатып алдық табандап.  
Үйде, түзде, қайда болсын жүргем,  
Сені қазақ үшіншісін жамандап.

Демессіндер қайдағыны қозғайық.  
Енді білдік жүйке, жүрек тозғанын  
Тұлпарларың шаң қапты да, көрдік біз,  
Жабы мінген Жайдақтардың өзганын?

Жалпақтаумен жабырқаумен күн кештік.  
Жамандықтан жауыр болдық, күнде естіп  
Жан-жағыннан анталап тұр ібіліс.  
Тас атады тасадан кеп күндестік.

Тағдыр жүрсе жон арқанды таяқтап.  
Жан емеспіз ұртымыздан май аққан  
Байқамасаң «дос» деп жүрген адамың.  
Бір-ақ қағып кетеді екен аяқпан.

Жиып қойған ар, намысты, ұятты,  
Бар адамдар сояу тырнақ, тұяқты.  
Мен қорықсам сондайлардан қорқамын,  
Іштен жейтін жегі құрттар сияқты.

Маған ыстық болар дейсің қай теңім,  
Білсең егер өй ағайын, айт емін.  
Дос, бауыр деп жүргендерім акыры.  
Жылан болып шыға келсе қайтемін ?!

**«ЖІГІТ СЫНЫ» БАЙҚАУЫНДАҒЫ ОЙ**  
Жоқ мұнда өнер тарпыған қазан аттар,  
Мұндайда жігіттерді мазалап қал.  
Арулардың сынынан өтсек дейді.  
Көңілдері күпті болған азаматтар.

Таусылып бар төзімі тағаттанып,  
Жұлдызы тосқан сайын жанатұғын.  
Серілердің сезімін селт еткізіп,  
Кез келді ащы терді алатұғын.

Үміттің отын көсеп үрленіздер,  
Болайық серілермен бірге біздер.  
Жігіттердің намысын ояғындар,  
Арулар ! Ұйықтап қалып жүрменіздер!

Тұлпарды болмайды ғой таңға асырмай,  
Жігіттер баһадүрдің ашмасындай.  
Алдарына шығып тұр серілерін,  
Ата-баба салтының жалғасындай.

Билеңдер, күйді шертіп, ән салыңдар  
Бәрінің арманың бар, аңсарың бар.  
Өнердің өрісінде өтсем іздеп,  
Тоғысқан сал әуендер, сал сарындар.

### **ТУҒАН ӨЛКЕ**

*Ақтоғайдың 50 жылдық тойына шаңу*  
*/ жыр - хисса /*

Армысың, Ақтоғайдың топырағы,  
Топырағы,  
Мұнартқан шоқылары!  
Бесігінде тербелген менің жырым  
Мүшел тойда қайтадан оқылады.  
Армысың, Ақтоғайдың топырағы!

Әкелерім,  
Ағаларым,  
Аналарым  
Қарсы айырылып бір туған қағанағым,  
Аққуы боп ұша бер Ақтоғайым

Тойлары тойға ұласқан заманың!

Жерім жанат,  
Ырысты елім-теңіз,  
Салтанатты шеруге ерудеміз.  
Ақтоғайым 50-де  
Бүгінгі күн  
18 –де болсақ та  
50-деміз.

50-деміз бәріміз !  
Халқым асыл,  
Елдігімнің ер тұлға нарқын асыр !  
Жарты ғасыр Ақтоғай жаралғалы,  
Біз өмірге келгелі  
Жарты ғасыр !

Жарты ғасыр!  
Айналайын тұлғаңнан жарқын асыл !  
Заманалар айтады халқыма сыр !  
Бір ғасырдың жасаймыз кереметін  
Уа, уақыт !  
Бер бізге жарты ғасыр !

Кеше кім ек ?  
Қараңыз: бүгін кімбіз?  
Үнің муза болғанда,  
Ділің жұлдыз !  
Қыран құсап, ләйім қиядағы  
Көзімізді Қырымға тігіп жүрміз !

Революция !  
Панасы гүл өмірдің,  
Гүл атқаны пәк арман, тілегімін !  
Басымды ием мәңгілік рухына  
Адамзаттың алыбы Лениннің !

Асулардан асарда жатқан алда,  
Алыс арман көгіне аттанарда,  
Большевиктер айқасты съездерде,  
Большевиктер шайқасты шахталарда.

Тиеп алып Дәуірдің тауын нарға,  
Жауындарда,  
Ұйытқыған дауылдарда,  
Большевиктер шайқасты астанада,  
Большевиктер шайқасты ауылдарда !

Армысындар күн-әлем, тұнған бағым,  
О, менің туғандарым !  
Ақтоғайым мәңгілік ұмытпайды,  
Боздақтарын,  
Қаһарман Уғарларын !  
Ардагердің ғұмырын жалғаныздар,  
Жалғаныздар,  
Гүлдерді арнаңыздар  
От пен отқа қақталған шинелінің  
Бір түймесін жоғалтып алмаңыздар !  
Зеректерін,  
Тарихқа жетіктерін,  
Арманымды аманат етіп менің,  
Ғасыр сайын кремдеп сақтаңыздар.  
Жаудың жерін таптаған етіктерін.

Киров есте  
Естимін жиі дауысын,  
Бізге бола уақытын қыйғаны шын  
30 –ыншы жылдары Еңбекке кеп  
Өзі ашқан партия жиналысын !

Большевиктер,  
Сені ойлап егілеміз,  
Қалай сол бір шақтардан безінеміз

Әлі, әлі партия жиналысында  
Киров сөйлеп тұрғандай сезінеміз !

Большевиктер !  
Даламның азат таңы,  
Дастанымды сан ұрпақ жазад тағы !  
Әкем есте  
Есімде менің әкем  
Ең бірінші парторг қазақтағы!

Шымылдығын дәуірдің ашты-ау бәрі,  
Замананың қаһарман дастандары,  
Колхоздарым есімде ең бірінші,  
Совхоздардың бүгінгі бастаулары !

Ардагерлер !  
Аналар,  
Әкелерім !  
Алақанға салдың да, мәнеледің,  
Болса егер жүлдесі замананың,  
Ең бірінші сендерге әперемін,  
Ардагерлер !  
Аналар,  
Әкелерім !

Елім жаңа,  
Еліме жерім жаңа,  
Жасанды күн сайын керім дала,  
Ауыл толы-ардагер жігіттерім,  
Үйім толы-Ай мүсін келін бала!

Еңбекпенен шарықтап жүздім өрде,  
Береке мен байлықтың тізгіні ерде,  
Жалпақ әдем,  
Сен мені естисің бе?  
Бейбітшілік керек тек біздің елге !

Бейбітшік !

Сені мәңгі өзіме жолдас етем,  
Жолдас етем,  
Жұмағың орнаса екен!  
Болмаса екен жарақат келбетінде,  
Жер бетінде жетімдік болмаса екен!

Шежіре Уақыт !

Ал тыңда дауысымды!  
Болашақ пен құшағым қауышулы!  
Мына бізден үйренсін бүкіл адам  
Замандардан-заманаға ауысуды !

Қарашы әлем !

Қарашы Жахан маған,  
Мен Советтік адаммын,  
Қаһарлы адам !  
Кедейлерміз кешегі жегімдерміз,  
Біздер бірақ секіргенбіз  
Социализм дей тұғын ат арбадан,  
Біз Советтік адамбыз,  
Қаһарлы адам !

Әлі есімде сұм заман қанды жасы,  
Бабаларым есімде зарлы басы,  
Келді сонда алғашқы ауыл Совет  
Жаңа өмірдің алғашқы қарлығашы !

Ардагерлер !

Өнегең озық әлі,  
Эстафетаң үзілмей, созылады !  
Қолдарымен сендердің жамыраған  
Бесжылдықтың алғашқы қозылары !

О, керемет, ғажайып Муза, алыптар!  
Болашаққа осынау жырларың бар !

Ардагерлер атақты Сәтибектер !  
Ардагерлер Қазбек Нұржановтар !

Бейбітшілік ! –  
Бабамның орнатқаны,  
Бейбітшілік даламда болмақ тағы !  
Ұрпақтарың қарыздар саған мәңгі  
Ұлы Отан соғысының солдаттары.

Мөлдіреген тап-таза аспанымыз,  
Біз бақытты Отанның жастарымыз  
Ұлы Отан соғысының солдаттары,  
Бурыл тарта бастап-тау шаштарыңыз !

Есте сол бір зіл уақыт наласы муз,  
Неге, неге көртайып барасыңыз?  
Бостандықты ешкімге қорлатпаймыз  
Біз сіздердей солдаттың баласымыз.  
Түн кетеді,  
Маужырап таң келеді.  
Таң елінің баласы паң келеді:  
Жерім толы егін-жай, миллиард па?  
Елім толы – Еңбектің ардагері !

Ерлік- Еңбек !  
Халайық бұл ғасырда  
Ер жігітті шығарар шың басына!  
Арғымақпен алысқан Сәметінің  
Адам тоймас қараса тұлғасына !

Ер ұлдың шығып па еді даңқы бекер,  
Халықтың азаматы шалқып өтер,  
Даланы тұлпарымен дүбірлетсе,  
Қаланы «Волгасымен» қалқып өтер !

Зікірия  
Шыға бер қиянға сен

Сенсіз жырдың теңізін құя алмас ем,  
Ақтоғайдың адамы қайсың?-десе ел.  
Сені апарып көрсетсем ұялмас – ем !

Мактан етем табасыңды,  
Көздерімнің карасы, ағы сынды,  
Есімдерің сендердің даңқтарын  
Сілкіндірген өңір мен ғарышымды !

Жеңімпаздар  
Ортада,  
Әнімізде;  
Айбарымыз сол біздің, сәнімиз де!  
Жеңімпаздар!  
Тойлары тойға ұласқан !  
Шашу шашам жырыммен бәріңізге !

Ардагерлер !  
Бата алып қолыңыздан,  
«Жалын» еріп келеді соңыңыздан  
Адаспайды Ақжолтай жолыңыздан !

Жалынымыз дәуірдің жасылының  
Тыңдаңыздар ұрпақтың асыл үнін !  
Сәтибектің жүлдесін қолына алған  
Қозысымыз космос ғасырының !

Бақыт, шаттық  
Тың шабыт басымызда,  
Куә болдық көп затқа жасымызда  
Биікке үш деп қонағы күт жерімнің  
Николаев келеді қасымызда!

Қанатымды қырандай жайдым өрде,  
Мен Ақтоғай  
Есімім әйгіл елге !  
Мен Сүнкармын !



Тұлпармын ақ қанатты  
Шауып кірем мен күллі бәйгелерге !

Мен отаумын келетін қонағы молмын  
Мен Отанмын арыным мол ағыным,  
Мен Ақтоғай !  
Ардақты перзентімін  
Атақты ұлы Совет Одағымын !

Сүйем сұлу дидарын гүл өмірдің,  
Сүйем сұлу дидарын нұр өңірдің  
Мен Ақтоғай  
Мен де бір Коммунистпін,  
Партбилетім түбінде жүрегімнің !

Тойым тойға ұласқан мекенім мен,  
Дәуірімнің жүректерін көтердім мен.  
Мен Ақтоғай, табыстың тай қазаны.  
Осындай мекенмін мен.

Жеңімпазды батырым, ерім дедім,  
Еңбек десе ешқашан ерінбедім.  
Елудемін мен бүгін !  
Елуімді  
Емін еркін тойлаңдар, елім бүгін !

Мен-шынармын мұнартқан шыңдағы ерен,  
Бұлбұл бағы,  
Ғажап үн тыңда менен  
Мен Ақтоғай,  
Мен бүгін – елудемін,  
Жүзге келем,  
Бір күні мыңға келем!

Уақыт !  
Сенің жүзіңе жалт қараймын

Қалай сені есіме сақтамаймын !  
Отаныммен мәңгілік бір жасаймын.  
Мен күн сайын жасарған Ақтоғаймын !

Әлі талай керемет жасалады,  
Әлі талай тау-тастар қашалады.  
Әлі талай өмірім жасалады,  
Жаса мәңгі, ұл-қызым ұлағатты,  
Жастық шақ жаса мәңгі !

Елудемін.  
Қартаю ерте бізе,  
Ерудеміз шерулі өр теңізге  
Жастық бар да жалынды құрыш-қайрат,  
Жасым менің-мәңгілік он сегізде !

Дәуірімнің гүл жазира шақтары -ай !  
Қалай оны тұра алармын ақтамай !  
Бақыт құсы қонып отыр қолына,  
50 жасқа толып отыр Ақтоғай !

Шаттан халқым, шаттан бауыр.  
Жерлесім !  
Көкірегінді асқақ шабыт кернесін !  
50 жылда ерге сын деп айтушы ек,  
50 жылда енді міне, елге сын !  
Шаттан халқым, шаттан бауыр,  
Жерлесім !  
Міне, адам танымастай ауылым,  
Тұлғасы да бөлек мүлде тауының  
Тойың мәңгі тойға ұлассын туған ел,  
Дастарханың жиналмасын,  
Бауырым !  
Жинал қауым !  
Қалмаңыздар тосырқап !  
Келіңіздер жастық шақтың отын ап,  
50 жаста ұрпағының үнімен

Бір аунашы, о, киелі топырақ !  
Тойыңа шашу ! ШАШУ ! ШАШУ !

### **ҚАЗЫНАЛЫ ҚАРТТАРЫМ**

Қария қобызындай сарпағанда,  
Қоздайды талай тарих сар даланда.  
Алпыс екі тамырын иімей ме,  
Ұрпаққа ұлағат сөз арпағанда.

Кез келді жаһанға жариялар,  
Түбінде маржаны мол дария бар.  
Дария бар дауылға шайқалмайтын,  
Ол-біздің қазыналы қариялар.

Қариялар - қол жетпес сияқты арман,  
Жаратылған ар-ождан, ұяттардан.  
Жақсылардың кеудесі - алтын сандық,  
Сандықты жақсы емес пе жиі ақтарған.

Ұрпақты бастан қиын өткермеген,  
Тағдырдың сын-соққысын көп көрмеген.  
Қариялар - таудағы шынар сынды,  
Күн - әлемді бетке алып, көкке өрлеген.

Тән ауырса - емші кеп айтар емін,  
Жан ауырса - атама қайтер едім ...  
Мезгіл жетпей құлама, қопарылма.  
Қазыналы қария - бәйтерегім.

## АРМАНҒА МҰРАТ ҰШТАСТЫ

(толғау дастан)

/ «Жәмші» кеңшарының 20 жылдығына/

### I.

Жігіттік шаққа жеттім де бүгін ес білген,  
Ауылды көріп сағыныш көлім кештім мен.  
Жүрекке бір үн саз болып келіп күйылды.  
Туған жер даусы екен ғой мынау естілген.

Сенде де болды, менде де болды бір арман,  
20-ға келіп, алаңсыз шықтың құмардан.  
Жәмшім-ау менің, байқасам сенің жүрегің  
Ақтық пен пәктік, достықтан ғана құралған.

Демессін енді «жаяулар шығар белеспін».  
Бауырыңды жазып арғымақтармен теңестің.  
20 жыл емес, мәңгілік сағынышымсың.  
Мен енді содан ажырай алар емеспін.

Күба жон дала,  
Көксенгір таулар,  
Құтты аспан,  
Жанынмен сенің жұпарың болып жұптасқан.  
Тарихтың көшін халқым бастап келеді,  
Ғасырлар бой арманға мұрат ұштасқан.

### II.

Жақсының мұқалмастай тұяғы олар,  
Қадалса асқақтаған қияны алар.  
Жәмшінің көркі десе болмас па екен,  
Әшембек, Мұрат, Қауаз, Зиядалар !

От болып бүгін біздер тұтаналық,  
Мақтау сөзге сарансып, жұтамалық.  
Ең далаға қадасын қағып беріп,  
Ел қылғанда ер жігіт- Мұқажанов !

Есімізде сан жылдар, деректі айлар,  
Әркімнің жүзінде Күн, еректі ай бар.  
Жәмшінің асқақ атын аспандатқан,  
Орал !  
Есен !  
Дәулетбек !  
Бөлекбайлар !

Кім білер бүгін тыныш жата аларын,  
Бойға құт боп дарысын баталарын,  
Қыз кездерін еске алып аналарым,  
Жігіт шағын ойға алсын аталарым !

Өткенді ойлай көз жасқа ерік берген,  
Жақсылықтың жемісін теріп келген.  
Аналар мен аталар біле білсек.  
Жәмшіге сән кіргізіп, көрік берген.

Болжампаздар, көріпкел, көрегендер,  
Кезінде Ер едіңдер, ерен еңдер.  
20 жылға жасарып кетті бүгін,  
60-тан асып кеткен Елегендер !

### III.

Қайыспай қарсы тұрып киынға да,  
Аты естілді Қырымға, киырға да.  
Қуаныңдар ағайын !  
Тойлаңыздар !  
Жәмші бүгін кемел шақ – жиырмада !

Қалатындай жаста емес жерге құлап,  
Ақиқаттан басқаға сенбе бірақ.  
«Жәмші» шықғы жігіттік белесіне,  
Жиырма жылдық салмағын өңгеріп ап!

Қарашы енді кең дала, белең-жазық.  
Бәрі нәзік. Жан-нәзік, денең – нәзік.  
Жәмші келіп жиырмаға, ақын отыр,  
Ақ сәуделі сезіммен өлең жазып.

От болып маздайық та шырқай жанып.  
Кетер кімдер бұл күні сырт айналып,  
20 жасы есіне түскен жандар,  
Жаныңда жүр өзіңнің шырқ айналып !

Тарихты ақтар, өткенді, басқаны ақтар.  
Қуаныштан жанарға жас қонақтар.  
Ереулі атқа ер салып келеді әнді,  
Сағынтайлар !  
Гүяқтар !  
Ғасбәлаттар !

Туған елдің кешегі құрақтары,  
Намыстың көк байрағын құлаштады.  
Тірегі боп келеді ауылымның,  
Орынбегі ! Рымы ! Мұрағтары !

#### IV

Жер тарпып кермеде тұр Құлагері,  
Жақсыға жан жүрегін бұрады елі.  
Бас жылқышы – Байкатов Бағдатыңыз,  
Кешегі Тойкен аға – мұрагері !

Айларынан есіп бір таң самалы,  
Таң самалын еңбекпен қарсы алады.  
Атқа мінген Бағдатқа ғашық болып,  
Арулар да сыртынан тамсанады !

Сыр шертіп жатыр тауың, күздарында,  
Адам сезбес күзіннің ызғарында.  
Ұлдарың Гөлегендей сымбаттанып,  
Жібектей сұлу екен қыздарың да !

Самғайды күні – түні жастар өні,  
Армандары биікте, асқаралы,  
Тәтибеков Мейірхан бастап жүрген.  
Кеншарды кілең жастар басқарады.

Бар менің өздеріне таң қаларым,  
Көрмедім жатып ішіп, жан бағарым  
Биікке самғарсындар әлі талай,  
Аман болса Ғазиз бен Алмаларың !

Өнге сусап жатыр ма құба белі,  
Жүрегі іздеп өзін, сұрап елі.  
Жармағанбетов Алтай бар ауылында,  
Өнердің шаң тиместей Құлагері !

Дес бермей ауырға да, киынға да,  
Аты кетті Қырымға, киырға да.  
Тойла !  
Тойла !  
Ағайын, тойланыздар.  
«Жәмш» бүгін кемел шақ – жиырмада !

## **ЖЕЛТОҚСАН ЫЗҒАРЫ**

*Айналайын жас қазағым, жас өренім*

*халқымың,*

*Желтоқсанда шындық асырын шырқаймын*

*деп шарқ ұрдың,*

*Желтоқсанда Тәуелсіз ел болсақ деп*

*талпындың,*

*Кеудеңде әлі сызы жатыр сол кездегі*

*салқының,*

«Желтоқсан оқиғасының» басталуына – Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевты Қазақстан Орталық Комитетінің бірінші хатшысы қызметінен босатып, оның орнына Колбиннің

жасырын түрде және халықты қорлайтындай түрде тағайындалуы түрткі болды.

Жанартаулар бұғып жатып, күндердің күнінде бір атылады. Желтоқсан оқиғасы да сол жанартау іспетті жойқын күшке айналып, қазақ халқы тағы бір тар жол тайғақ кешуден өтті.

Өсер ұлдың қай сәтте де бірлік болмақ қалауы,  
Лаула-лаула желтоқсанның мұзға жанған алауы.  
Өздеріндей өр намысты жас өркені бар елдің,  
Ешқашанда еңкеюге тиіс емес жалауы !

### АЛМАТЫДАН СӨЙЛЕП ТҮРМЫЗ !

18 желтоқсан 1986 жыл. Кеше кешкісін және бүгін күндіз Алматыда ұлтшыл элементтер арандатып салған оқушы жастар тобы көшелерге шығып, қазақстан Орталық Комитетінің жуырда болған Пленумның шешіміне наразылық білдірді. Бұл жағдайды бұзақылар, арамтамақтар және қоғамға жат басқа да адамлар пайдаланып, право тәртібінің өкілдері жөнінде правода қарсы әрекеттер жасады. Сондай-ақ азық-түлік дүкендерін, жекеменшік автомобильдерді өртеді, намысты қорлайтын әрекеттерді жасады.

### СОВЕТ ОДАҒЫ ТЕЛЕГРАФ АГЕНТТІГІ.

Жалпы алғанда Желтоқсан оқиғасының алапатында:  
80-нен астам адам айыпты деп танылды.  
83 адам бас бостандығынан айырылды.  
707 адам әкімшілік қамауға алынды.  
1400 адамға ескерту жасалды.  
53 адам партиядан шығарылды.  
210 адам партиялық тәртіп пен жауапқа тартылды.



758 адам комсомолдан. 266 адам оқу орындарынан шығарылды.

Милицияға барлығы 2401 адам жеткізілді.

Үстел аңдардың бір бөлігі қатты соққыға жығылған.

«Метель» операциясына милиция мен ішкі әскерлердің жеке құрамының 3200 адамы, 11 өрт сөндіру машиналары, әскери округтен 15 БТР қатыстырылды.

«Желтоқсан оқиғасы» Алматыда ғана емес, Жезқазғанда, Қарағандыда, Талдықорғанда, Арқалықта, Көкшетауда, Сарыөзекте, Талғарда, Павлодарда, Шымкентте тағы басқа да қалаларда өтті.

---

### ЖЕЛТОҚСАН ЫЗҒАРЫ

Еске салып қан-сөлсіз бір қаланы  
Қолдан жасап өкініш, мұң, наланы.  
Шөліркеп тұр қызыл қанға қаталып.  
Алматыда ... Брежнев алаңы !

Сол бір күнді қолын соғып қоштар кім,  
Дейтін шығар «ісі ғой бұл мастардың !»  
Обалына кімдер қалды, о, ғажап.  
Жазығы жоқ, жазасы жоқ жастардың.

Бағасын бер қабырғамен кеңес те,  
Мажым жоқ, дәл осылай демеске.  
Ғасыр ансап келген қазақтың,  
Армандары – Тәуелсіздік емес пе ?!

Алдан шықты көрген баба түсі кеп,  
Ал, мегзеп көр «адам ғой деп, кісі деп»  
Желтоқсанның қырғынын ел айтады,  
«Қолбин деген қарақшының ісі» деп.

Өкінішті қазағымның қамсызы

Жанға батпас түн ызғары, таң сызы  
Қынадайын қырсам дейді қазақты  
Горбачевтың Колбин деген жансызы !

Танып еді ұлтарақ кім. ұлық кім,  
Ей, келімсек, қанға неге құнықтың.  
Ар алдында атсын сені аруағы  
Ләззат пен Қайрат Рысқұловтың !

Көрмеді ғой қызыл дақты, ақ қарды,  
Жастарымның жүргеніде дақ тұрды.  
Бас кесерлер ұл-қыздарды аяусыз,  
Ұрып-соғып, қу далаға лақтырды.

Зар илеткен ағаны да, баланы,  
Қан жылатқан атаны да, ананы  
Боздақтардың қаныменен жуыңды  
Сонда алғаш «Тәуелсіздік аланы»

### **ӨМІР ДЕГЕН БІЛЕ-БІЛСЕК БІР МҰРАТ**

Рас, рас тіршілік бар, тұрмыс бар  
Жүректерден ұша берсін жыр-құстар  
Сезінеміз ел-жұрттың біз алдында,  
Жүгіміздің артқанын да бір мысқал !

Өмір сүруге өзімізде саналы,  
Басылмайды тірліктің тек нала әні.  
Серілерміз, желкілдейміз сайрандап,  
Тарқасын деп көңілдің бір аланы !

Әсем ән әсерімен бұрды білем,  
Көңілдің күн күледі түндігінен.  
Өнерлі өнер десе өліп-өшіп,  
Шаттықтан мұңдығынан нұрды шем.

Сыйла жұртым салиқалы салтыңды,  
Мен де сүйем сауық сүйген халқымды.  
Шын өнерді көкке көтеріп,  
Табанына басып тұрар алтынды.

Ыстық қаным жүрегімді ұрғылап.  
Ауыз ашсам көмейімнен жыр құлап.  
Өнер деген арман-қиял біреуге.  
Өнер деген біле-білсен – бір мұрат !

Мазақ көңіл бір биікке сұранған,  
Бір сырды ашпай мен де бүгін тұра алман.  
Өнер шіркін өнегелі керемет,  
Өнегелі өнерінде – бір арман !

### **КЕҢ ЖАЗИРА ДАЛАМ...**

Ағыбай батырдың асында оқылған өлең.  
Нұрына шомылып Күн, лағыл Айдың.  
Жігерімді мен неге жанымайын.  
Тойына келіп қалдық ат терлетіп  
Ақнық,  
Баба,  
Батыр – Ағыбайдың !

Үл – қызы едік біз деген саналы елдің.  
Құлпыруын қарашы дала-белдің.  
Риза болсын баба аруағы деп,  
Ақтоғайдың ән-жырын ала келдім.

Көріне берсе екен-ау алдан шынар,  
Ақиқатқа қалайша жалған шыдар.  
Ұрпақтары еске алып жатқан кезде,  
Жарықтығым бір аунап алған шығар.

Көңіл күмбез !  
Жиекте сағым ойнап,

Тұрар бүгін батырдың бағы жайнап  
Балуан да,  
Өншің де,  
Шабандоз да,  
Түсіп жатыр сайысқа - Ағыбайлар !

Бұдан артық сый табам, бақ табам ба.  
Міндім бүгін жыр тұлпар -- Ақтабанға.  
Атамыздың басында шабамыз ба,  
Ағыбайдың асында шаппағанда ?!

Білер бүгін жалын боп жанарын кім.  
Жоғалтарың жоқ мұнда, табарың мын.  
Ұлы тойға бөленіп жатыр міне,  
Кен жазира даласы Ағадырдын !

Кетеді мұндай сәтте кызып қанын,  
Берейін жақсылықтың үзіп бәрін.  
Тойларың тойға ұлассын ағайындар,  
Мәңгілік таусылмасын қызықтарың !

## **ТАҒДЫРЫ ТАЛҚЫ ХАЛҚЫМ – АЙ**

1

Тында сен,  
Үні зарлы, үні мұңды,  
Тағдыр да көпсінді ғой тұғырымды.  
Қазаққа қан боп жауған қасіреттей.  
Алка көл сұлама мен шұбырынды.

Сұм тағдыр беріп еді нені майлап.  
Бұзды ғой жылы ұяны селін айдап.  
Тұрымтай тұсқа, балапан басқа кетіп,  
Халқым қалды зар илеп «Елім – айлап»

«Қаратаудын басынан көш келеді»  
Маздаған сан ошактар өшкен еді.  
О, сұмдық, әкесінің құны бардай,  
Қазаққа неге тағдыр өш келеді ?!

Мұның көрмей бет-жүздің, қас қабақтың,  
Мына күнім кешеден басқарак күн !  
Құны болмай қазақта асқабақтың  
Аузына түсті барып ашқарактың !

О, құдай !!!  
Не боп кетті заманымыз,  
Осы ма, ақыл -естен танарымыз ?!  
Қай күні ағып жерге түседі екен,  
Жылуы жоқ, жас иген жанарымыз ?

## II

Түсінбейді құдайын ұмытқандар,  
Жанымды алып, қаныма құныққан бар.  
Жан азабын қазағым кешіп жатыр,  
Айналды да түнекке тұнық тандар.

Хаяқымды тулаққа да тең көрмеді.  
/Жалған болса арсызға теңгер мені/  
Отарлау саясаты қилікті де,  
Қазақтың басталды бір сергелдені.

Бұл тарих білмегенге сыр ашқан ба,  
Жер мұңайып, қан жылап, тұр аспан да.  
Ақ табан шұбырынды не болды екен.  
Алқа көл сұламаға ұласқанда.

Сұм тағдыр беріп еді нені майлап,  
Бұзды ғой жылы ұяны селін айдап.  
Жанға сауға, қарғысын жауға тілеп,  
Қазақ кетіп барады «Елім –айлап!»

## ӨМІР ӨТЕДІ АҒЫН СУ СЫНДЫ, БАЙҚАЛМАЙ

Тарихын білем, тамырын білем бұл жердің,  
Байқасақ мұнда қалмаған ізі кімдердің.  
Салмағын артып екі ондық жылдын жүрекке.  
Келеміз ұшып қанатыменен күндердің.

Сезбей де қалдық мезгілдің жылдам, ұшқырын.  
Ойласаң егер көңілге келің түсті мұң  
Көре алмай тұрмын, ару-қыз, қиғаш қастарды,  
Көре алмай тұрмын, қарақат көздің ұшқынын.

Арман-ай шіркін, аққанат көкке аспандар,  
Достарым менің – бір – бір том, бір-бір  
дастандар,  
Махаббат түнін, шапағат күнін аңсайды,  
Отыздан асып, қырыққа қадам басқандар.

Қиялдап жүрдік «өмірде гүл боп өрілсек»  
Мұндай бір сәтте мөлдір сезімге берілсек.  
Кешегі қыздар – балалы болып бүгінде,  
Мама қаз сынды мамырлап жүрген келішсек.

Күндерім қайда алмасты жонар қайрақтай,  
Түндерім қайда жүрегің басты байлатпай,  
Сал-серілер де жуасып қалған, о, ғажай,  
Мұрынын тесіп, шидерлеп қойған тайлақтай

Өмір өтеді ағып су сынды байқалмай,  
Қалармыз әлі достарға бір сыр айта алмай.  
Өсуге мақұл! Өшіуге сенің хақын жоқ,  
Өмірге берген есесін қашан қайтармай!

Ой бар да,  
Сана да бар,  
Талғам бар да.

Өмірден несібесіз қалған бар ма ?  
74-тің жазында көш-керуенге,  
Ілесті, сапар шектік армандарға,  
Өздеріңсіз біз қалай бақ табамыз,  
Өмір жолың том-тарих, жатқан –аңыз.  
Бос мақтанды жазбаған құдай бізге,  
Мақтансақ ұстазбенен мақтанамыз.

## ҒАСЫР ҒАЗАУАТЫ

### СОҒЫС ОТЫ

!

1941 жыдын 22 маусымы !  
Пәк таңдар атты пандана,  
Пердесін ақ нұр аптады.  
Әттең-ай, мына таң ғана,  
Тамылжыл бүгін атпады.

Арайлап таңның шапағы,  
Алқызыл қанға боялды.  
Алаңсыз жатқан Отаным,  
Атыстан шошып оянды.

Бір ауыз тилге келместен,  
Белінен басып ұятты.  
Гитлер – фашист тап берді,  
Құтырған қасқыр сияқты.

Ескертпей соғып талдырар,  
Ежелден шексіз, атасыз.  
Опалы жау жок,  
Ал, бұлар,  
Опасыздан да опасыз !

Қаныда қиып түсетін,  
Сілеусін дейтін бір ан бар,

Еліме қауып төнгенде,  
Уралап тиді ұландар.

Жамылып алып жалынды,  
Фашистке – жауға жолдан оқ.  
Қазбек пен Нұркен қос боздақ,  
Жарылды жойқын бомба боп !

Сөз айтпаймыз көлгірсең ен, көлденен.  
Ел едік - ау тозақ отын көрмеген.  
Күнлер еді адамдардың жүрегін.  
Майда самал жұмсақ қала тербеген.

Көрмеген ел соғыстың да кестрін,  
Көрмеген ел тар кезеннің кесімін,  
Бейбіт күннің бақытына бөленіп,  
Ұрпақ өмір сүрсе оның несі мин !?

Уақытқа айтпасақ та төрелік,  
Бейнеттің де бір зейнет төленіп.  
Тыныштықта жатқан ауыл еді бұл,  
Ақзер таңның шуағына бөленіп.

Жазылмаған «соғыс» деген тақырып.  
Күн батырып, шуақ таңын атырып.  
Жатқан кез еді, бір топ ауыл жастарын.  
Военкомат алды бір күн шақырып !

Армандары жатқан еді тоғысып,  
Жүректерде жамандықтың жоғы шын.  
Ақтоғайдың бір топ боздақ жастары,  
Алғаш рет көрді Финнің соғысын !

||

-Тыңдаңыздар !  
Тыңдаңыздар !



Сөйлеп тұрған, Москва ! Бүгін, 22- июнь, таңғы  
сағат 4-те Германияның неміс-басқыншылары  
Отанымызға қарсы опасыздықпен соғыс ашты !

-О, сұмдық -ай !

Сула ма жағама әкеп таққан гүл.  
Маусым емес, сақылдаған ақпан бұл.  
Соғыс деген не бөлекет басталды,  
Бесігінен белі шықпай жатқанда ұл !

Тағы да әкеп торладың ба бұзтыңды,  
Жүрегіме ойып жазам бұл күнді.

Зауал !

Зауал !

Зауал саған фашистер,  
Алмастайын қиып түскен күлкімді !

Айтылмай да қалғаныма бесік жыр,  
Бір зобалаң аспанымда көшіп жүр.  
Бәсе – бәсе ! Түнде менің түсімде,  
Азаматтар қызыл қанды кешіп жүр !  
О, сұмдық-ай !  
Сұмдық -ай !

### ЖОРЫҚ

Қалды артында ақ бозы, ақ табаны,  
Кім соғыстан шен іздеп, бак табады.  
Кетпендерін қаруға айырбастап,  
Ер азамат Батысқа аттанады.

Тиеп алып Заманның тауын нарға,  
Сарбаздарым дес бермес дауылдарға.  
Аттанады соғысқа өскіндерім,  
Өскен кеше тып-тыныш ауылдарда !

Енді, міне тағдырдың тізгін ерде,  
Азаматтар тар сәтте жүздің өрге.  
Аттанатын соғысқа азамат бар,  
Аналарын арда емген біздің елде !

### **БРЕСТ КАМАЛЫ**

Көрсен де әбден көрерін,  
Қабылдап шегей кең шешім.  
Брест қамалы жауына,  
Түсірген емес еңсесін !

Тасқа бір тимей тұмсығы,  
Тағылар тыным тапқан ба ?  
Осы бір қамал тұсында,  
Өздері түсті қақпанға.

Оқпенен отқа оранып,  
Тақса да тағдыр – шідерін.  
Жаужүрек біздің жауыңгер,  
Жасытқан емес жігерін.

Тарихты білген адамға,  
Олардай асыл жоқ шегі.  
Брест қамалы жауына,  
Оңбай бір тиген соққы еді !

### **ЕРЛІК ҮЛГІСІ**

#### **I**

Отқа оранып бейбіт елдің аспаны,  
Сіркіреді кінәсіз көз жастары.  
Нүркен аға қаныменен жазылды,  
Қайталанбас қаһармандық дастаны.

Күнбатыстан үзбей соғып тұрды ызғар,  
Түнгі атыстан тітіренді шың-құздар.

Әбдіровтың әруағына бас иіп,  
Өсіп-өніп келе жатыр ұл-қызы.

Сыналарын сындырмастан елдіктің,  
Дүшпанға да еркіндікті бердік тым.  
Нұркен деген кім десеңдер, ағайын,  
Байрағы ғой, қайрағы ғой, Ерліктің !

## II

Бұл Әлия көзінен от көрінген,  
Назағайдай жарқ етіп өтті өмірден.  
«Батыр қызы» қазақтың болып қалды,  
Орын алып тарихтың беттерінен !

## III

О, керемет, ғажайып Муза алыптар,  
Болашаққа осылай жырланып бар.  
Киелі Ақтоғайдың ұрпағы ғой,  
Кешегі Батыр Қазбек Нұржановтар !

Есімізде сұм заман қанды жасы,  
Қанды басы, ананың зарлы басы.  
Оған үшін от кешіп, күймей кеткен,  
Қазбегім исі Алаштың қарлығашы !

Ел үшін құрбан еткен қыршын жанды,  
Аңызға арқау болып жүрсін мәңгі.  
Ерліктің ен бір биік шоқтығындай,  
Атағын жерді жарып тұрсын мәңгі !

## IV

Мәншүк,  
Мәншүк ! Шыға бер қиянға сен,  
Сенсіз жырдың бұлағын құя алмас ем.  
Шығыстың бір жұлдызы кім десе егер,  
Есіміңді атауға ұялмас ем !

Бақыт,  
Шаттық,  
Тын шабыт басымызда,  
Өрге қарай домалап тасымыз да.  
Болашақтың жолында жебеп жүрген,  
Мәншүк батыр жүр біздің қасымызда !

Атыңды мақтаныш қып келем бүгін,  
Шарықтайды ақ қанат сенен-жырым.  
Ерлік жайлы жазам деп жүргенімді.  
Өзің жазып қойыпсың менен бұрын !

Жауар бұлттай түнеріп, түйілетін,  
Аңдаусызда ажал боп шүйілетін.  
Әр ұлттардан жиылып, немістердің,  
Иманын құйындайын үйретін !

Айырылмаған достықтың бірлігін де,  
От ішінде өмірді сүрді бірге.  
Түтқиылдан оғы мен отын бүркіп,  
Адамзатты бастаған нұрлы күнге,  
Партизандар !  
Партизандар !

### **АҚТОҒАЙДЫҢ ЕРЛЕРІ**

Гитлершіл – сілімтектердің.  
Кеудесін солай жаншыпты ел.  
Сыбағасын оқпен жолдады,  
Әлия менен Мәншүктер !

Жасырам қалай уақыттан,  
Бәрің де батыр, бәрің де Ер !  
Ажалға қарсы атылды,  
Ниқамбек пенен Әріндер !

Жасырам қалай уақыттан,  
Бәрің де батыр, бәрің де ер !  
Жауына бұлттай түйілді.  
Ыбырайкендер мен Әбілдер !

Ашылды соғыс отымен,  
Алғашқы ождан алғашқы ар.  
18-де оқ боп атылды,  
Омарбай, Бизак, Малдаштар !

Аттанды соғыс өтіне,  
Қатардан қалай қалам деп ?!  
Жасындай тиді жауына,  
Кенжебай, Жақан, Аманбек !

Жаужүрек азаматтарым,  
Жауына солай көнген жоқ.  
Қанымен жазып аттарын,  
Намысты қолдан берген жоқ !

### **МЕН СОҒЫСТЫ КӨРГЕМ ЖОҚ**

Мен соғысты көргем жоқ, көргенім жоқ лаңын,  
Бір кісідей бірақ та, естіп бактым «жыр-өнін»  
Мен соғысты көргем жоқ, соғыс салған жараны,  
Көрдім бірақ баласыз, жалғыз қалған ананы !  
Мен соғысты көргем жоқ, көргем жоқ сол  
кесірді,  
Көрдім бірақ қайғыдай, шашы ағарған жесірді.  
Мен соғысты көргем жоқ, көкейде оның зар әні,  
Көрдім бірақ үйінде жетім қалған баланы.  
Мен соғысты көргем жоқ, сырласпадым сол  
күнмен,  
Аяғы жоқ, қолы жоқ мүгедекті көрдім мен.  
Соғыс жайлы бұл күнде аңыздар көп қарашы,  
Жазылған жоқ әлі де, сол соғыстың жарасы.  
Женіске де 50 жыл ! Естілмейді кесірлі үн,

Тарқар емес бірақ та сағынышы жесірдің.  
Барлық жара жазылар, уақыт оны саралар.  
Жазылмайтын шығар-ау, жүректегі жаралар.  
Бәрі өшер, бәрі де бігер жерге келдік дер.  
Мәңгі өшпей қалатын тарихтағы ерліктер !  
Мен соғыста болғам жоқ, көргенім жоқ түнетті.  
Бірақ оның азабын сезінеді жүрегім.  
Енді қайтып жүректер сол аяздан тоңбасын,  
Қайғы деген болмасын, соғыс деген болмасын !  
Сүйемін мен адамды арқалаған намысын,  
Тарихатарда қалады елім деген арысым !  
Ақын жырын арнайды, еңіреген Ер үшін,  
50 жасқа келісің қасиетті Жеңісім !  
Соның бәрін жырлайтын асау шабыт керек бір.  
Тарих ! Сенде солдаттың бет-бейнесі бөлек түр !  
Бүгінгі жыр сол жайлы ұрпақ етті мәпелер,  
Бүгінгі жыр сіз жайлы қасиетті әкелер !

### **О, ЖЕҢІС СЕН ЕРЛІКТІҢ ЕЛЕСІ МЕ ЕҢ ?**

О, Жеңіс ! Қадірлім - ау, қымбаттым - ау,  
Мен саған ақын болып тіл қаттым-ау.  
Кел бүгін арқа-жарқа сырласайық,  
Дүние тұрсын бізді тыңдап мынау!

Емеспін қан майданда болған адам,  
Бірақ, мен өзің жайлы толғана алам.  
Сен менің өмірімсің, өлеңімсің,  
Өртенбей от ішінен қалған аман!

Намысты жаниды екен қайратты арман,  
Үнің бар жүрегімде сайрап қалған.  
Мен сені күнде көрем, Ұлы Жеңіс,  
Биіктерге байланған Байрақтардан !

Ерлердің есінде ғой татқан мұңы,  
Мамырдың сенсің шешек атқан гүлі.

Сен, Жеңіс ! Басталғансың Ақытайлар,  
Жауына алғаш оғын атқан күні !

Аңыз боп өткен жылдар белесінен,  
О, Жеңіс! Сен, ерліктің елесі ме ең ?!  
Басталғансың Ер Қазбек оқ пен оттан,  
Ұрпағын қорғағанда денесімен !

Боздақтар, ел-жері үшін оттай жанған,  
Сыр ашпайды, олар жоқ, айтпайды арман.  
Сен, Жеңіс ! Армысың жанын қиып,  
Мәңгілік мекеніне қайтпай қалған !

Жеңісім , мен өзіне борыштармын,  
Жүрегімнің лаулатып бар ыстығын.  
Елімнің төбесінде желбіретем,  
Бойдағы Жеңіс пенен Намыс туын !

### АРДАГЕРЛЕРІМ

Армысыңдар, алмас жүзді анттарым,  
Көзі тірі - дәстүрім мен салттарым.  
Армысыңдар, 18 –де ел қорғап,  
95-те қалт-құлт еткен қарттарым!  
Армысыңдар, шалған талай өрт – жалын,  
Сұр шинельді дәстүрім мен салттарым.  
Армысыңдар, Европаны еңбектеп,  
Арылаған ... он ораған... қарттарым !

Армысыңдар, таяқтылар, балдақтар,  
Сондарында қалды оқтар мен қалды оттар.  
Бармысыңдар, бөтуалы батырлар,  
Армысыңдар, ел қорғаған солдаттар !

Ұрпақ үшін жанын, тәнін бергендер,  
Қияметтің қыл көпірін көргендер,  
Әлі талай биіктерге өрлендер,

Енді қайтып зобаланды көрмендер,  
Барлығына сияпат бар, құрмет бар,  
Сол құрметті көру үшін, төрлендер !

Уақытпен бетпе-бетке келгенде,  
Мәртебенді ешкімнен де кем көрме,  
Бүгінгі мен болашақтың атынан,  
Бас иеміз Сендерге,  
Бас иеміз Сендерге !!

### **ҰЛЫ ЖЕҢІС 50-ДЕ.**

Ұлы Жеңіс 50-де !  
Халқым асыл,  
Елдігімнің ер тұлға нарқын асыр.  
«Елу жылда ел жана» - дегендейін,  
Ұлы Жеңіс тойына – жарты ғасыр !

Әкелерім,  
Ағаларым,  
Аналарым,  
Сендердей күшті қайдан таба аламын.  
Болашақтар 50-ді өрнектеп тұр,  
Тойлары тойға ұлассын замананың !

Жарты ғасыр !  
Айналайын тұлғаңнан жарқын асыл.  
50-деген әншейін цифр емес,  
Ол -- Жеңіс ! Ашып тұрған халқына сыр !

Жерім – жаңа, ырысты елім – теңіз.  
Салтанатты шеруге ерудеміз.  
Жеңісім де – 50 –де, бүгінгі күн,  
Жас емеспіз, бәріміз елудеміз !!



## ЕСІМІМ МЕНІҢ ЕРЛІК ДЕП

ЕҢБЕК АРДАГЕРЛЕРІ МЕН ТЫЛДА ЕҢБЕК ЕТКЕН  
АНАЛАРҒА

Ардагер Адам! Неткен бұл,  
Құдіреті күшті сөз еді.  
Осы бір сөзден мамырдың  
Шуағын жаным сезбеді.

Көкейде жүр ғой көбі оның.  
Қалғанын мезгіл өзі өндер.  
Ардагер Адам дегенін,  
Тарихы таудай кезендер !

Жасатты жылдар көші оған.  
Жеңістің жүйе жалғасын.  
Құлаштап соққан осылар,  
Ұстахананың бағасын.

Бар істен тауып орынын,  
Бұрымын түйіп тоқпақтай.  
Әйелдер тұрды ерінің,  
Елеулі орнын жоқтаптай.

Жұмыскер қолы тапшы еді,  
Жоқ болса қандай шара бар.  
Өгіздің басын ұстады,  
Бес-алты жасар балалар !

Жалықпай, талмай, тұрақты,  
Жұмысқа жанын тонатты.  
Бел жазбай малға шөп шауып,  
Қолымен орған орақты.

Күлкі мен ұйқы жоғалып,  
Жүректер қайсар от алды.

Есімім менің – Ерлік деп,  
Қыртысын жердің қопарды.

Шаң болмау үшін аспанын,  
Шайқалмау үшін босаған.  
Тылдағы ерлік-еңбектің,  
Тұтқасы болған осы Адам !!!

### **ТЫЛДАҒЫ ЕҢБЕК, ҚАРА ҚАҒАЗ**

Білегін қосып, белсеніп,  
Қияны шалған сұңқардай.  
Тылдағы еңбек қызып тұр,  
Дүбірді күткен тұлпардай.

Батыста, сонау батыста,  
Дүркіреп жатыр дүние.  
Тылдағы қызу жұмысқа,  
Демессің кім бас, кім ие ?!

Шакпасаң белді буынып,  
Жұртыңды қорғау қиын-ды.  
Қария,  
Бала,  
Ана да,  
Тас түйін болып түйінді.

Шарпысып кесел шақтармен,  
Арбасып қалар бастықпен.  
Ұйқы мен күлкі ұмыт боп,  
Шайқасты олар аштықпен !

Қайғыдан кенет күрт сөніп,  
Теңселді дара сабаздар.  
Шаңырақты талай шайқалтты,  
Қайсыбір кара қағаздар !

## ПАУЛЬС - СТАЛИН

Жеңістің өзін алғашқы,  
Жүйкесі жегіп көтермей.  
Арпалысып бақты Паульс те,  
Қу жаны шығып кетердей.

Паульсше: адамзаттардан,  
Қалмайтын мұра-қалдық қой.  
Соғысты баспап, жеңіліп,  
Гепеніп шығу сұмдық қой.

Гитлер, Паульс халқымды,  
Гап берді таптап көрмекке.  
Тып-тыныш жатқан елімді,  
Жоғалтпақ болды жөргекте.

Сұрапыл шақта сұрланып,  
Сойқанды салды не керім.  
Ақыры, түсіп, тұтқынға,  
Таба алмай қалды мекенін !  
Түсінген шығар тұтқында,  
Соғыстың енді не екенін !

## РЕЙХСТАГ. ЖЕҢІС ТУЫ.

Ортада алаң – қан майдан,  
Арғы бет – камал Рейхстаг.  
Жеңіске жетер сәт қой бұл,  
Мақсаты кімнің жер күшпак.

Қаншама жүрді алаңда,  
Жетті ғой жетті камалға.  
Ажалың арсыз, о, ғажап,  
Бас иіп қалды адамға.

Жетті ғой, жетті ер түлек,  
Жүрек те кетті елжіреп.  
Рейхстагта, сонау биікте,  
Біздің ту тұрды желбіреп.

### **БУХЕНВАЛЬДСКИЙ НАБАТ**

Жылама қалқам, жылама,  
Жылама сен де жетімім.  
Немістер қатыгездіктің,  
Көрсетті бізге не түрін.

Көзіммен көрдім, бәрінде,  
Жамандық жанға тілер ме ең.  
Адамды адам деп білмей,  
Отқа да салып жіберген.

Соғысты біл сен, ей ұрпақ,  
Сұрарсын қалай өткенін.  
Көрді ғой біздің боздақтар,  
Түрменің тауқыметтерін.

Сұра сен зобалаңдарды,  
Соғыстың жұрнақтарынан.  
Рухы ұшты Жеңіс боп,  
Фашистің тырнақтарынан.

### **СОҒЫСТАН ҚАЙТҚАН СОЛДАТТАР**

Жеңіс те келді, қуаныш қандай бүгінгі,  
Жүрекпен шолам ауылды, дала қырымды.  
Соғыстан қайтқан майдангер аға, жауынгер,  
Арнаймын саған жанары жылы жырымды !

Әкем де сенсін, ағамда сенсін мен үшін,  
Тарылып кеткен кеңейді менің өрісім.

Әкесін іздеп шыр-пыры шыққан жетім де,  
Көз жасын бұлап қарсы алды соғыс Жеңісін !

Кетіп ең кеше аяқты батыл нық басып  
Достарыңменен, бауырыңменен жұптасып,  
Селдіреп, қалып, қайтғындар қадау-қадау боп,  
Жеңістің бірақ сендерде қалды тұтқасы.  
Соғыстан қайтқан солдаттар,  
Соғыстан қайтқан солдаттар !

## СОҒЫСТАН ҚАЙТҚАН СОЛДАТТАР

/баллада – драма /

АНА: - /елес фонда/ /Қол, тізесі дірілдей,  
мұңлы-зарлы дауыспен:/

Жүйкемді жұқартқан жұлындарым-ай  
Анасын арда емген құлындарым-ай  
Жайылған шашымды өрсем деп едім,  
Қу жалғызымды көрсем деп едім,  
Жұлындарым – а – а – ай !  
Құлындарым – а – а – ай !

### II көрініс

/шыр-пыры шығып, көрінген солдатқа жүгіріп  
жүрген бала.../

/Әрқайсына бір жүгіріп/

-Көке !

-Көке ! Ауылға аман-есен келдіңдер ме,

... Менің көкемді көрдіңдер ме ?!

Азапқа, тозаққа көндіңдер ме!

Омырауыңды толтырып ордендерге

Ағатайлар көкемді көрдіңдер ме ?

/Жылай, алдыңғы солдаттың бауырына  
тығылады/

СОЛДАТ: /баланы көтеріп алады/  
-Бейбіт күннің болды ма құны жылау  
Қойшы, қойшы жылама құлыным-ау!  
Көкен сенің сыйлаған бар әлемге  
Қанын төгіп Жеңісті ұлы мынау

## СОҒЫС

*Автор*

Соғыс жайлы ертегі естип не түрлі,  
Соңғы ұрпақтар қайырып жүр кекілді.  
Зұлмат салған, жазылмаған жара бар,  
Аузын апсан ашылатын секілді.

Көз алдымда зауал заман оғы ұшқан,  
Талай-талай тағдырлармен тоғысқам.  
Мен соғысты көргенім жоқ, ал бірақ,  
Осколкамын – қалып қойған соғыстан !

Қайтпай қойған сұм соғыстың наласы.  
Мүгедектің дидарына қарашы !  
Жарты ғасыр жанын қинап келеді.  
Сол нәубеттің салып берген жарасы !  
Мүгедектің дидарына қарашы.

## АНАМЕН СЫРЛАСУ

*/цикл – өлең/*

МЕН:

-Сенің нұрын жүрегіме қонбаса  
/Ақын шықпас менен мүмкін, онда аса/  
ана жайлы өлең көрмеп ем,  
«Ана жырын» жаттағаным болмаса  
Айналайын қымбаттым,  
Бір шумакқа бола ұйқымды ұрлаттым

Саған деген жүрегімнің жылуын  
Берер дейсін жырлап кім?  
АНАМ МЕНІҢ...

АНА:

-Жыр жазуға керек қызым, зеректі ой,  
Бұл сөзімді шын көңілмен елеп қой.  
Маған сенің жырың емес, құлыным,  
Амандығың керек қой !  
Ұйықта жаным...

ӘКЕ:

-Жазғандарда арманда,  
жазбағанда арманда.  
Қайдағыны қоңырсытып жүрсің сен,  
Тұқымыңда өлең жазған жан бар ма ?  
Токтат!...

АНА:

-Отағасы! Ішін күйін бара ма,  
Дөнекер боп тұрсаң еді арада.  
Жазса жазсын ! Талабына қызыңның  
Күдікпенен қарама?  
Он-несі-ей !

МЕН:

-Жанашырлық жатты-ау сенің сөзінде  
Ізгілік бар, жылылық бар көзінде  
Саған арнап жыр жазамын деп жүріп  
Ана болып кеткен едім өзімде.  
Жан болса егер басын изеп мақұлдар  
Өзің жайлы жыр жазуға қақым бар  
Ақын болып не жарытып жүр дейсін,  
Өз анасын жырламаған ақындар!

## МҮҢ – ЖЫР БОЛЫП КӨҢІЛДЕ ЖАТТАЛАСЫҢ...

Сәулет Аманбаевқа

Сен фәниден қайтқанда,  
Жан бар ма, жанарын жас бұламаған.  
Жан жоқ-ау «бауырымдап» жыламаған.  
О, сұмдық, ажалдын да ақылы жоқ,  
Кімді аларын жар салып сұрамаған.

Сұм ажалдың зымиян, зұлымын-ай.  
Қан таратып, жан берген жұлыным-ай.  
Бір әулеттің жүрегін зар жылатып,  
Қақыратып кеттің-ау құлыным-ай ?!

Білмедік кімде қанша ғұмыр барын,  
Көпсінді ажал өзіндей ұлым барын.  
Енді кімге еркелер бауырларың,  
Енді кімге «папалар» құлындарын.

Өмірдің білмей кеттің ақ-қарасын,  
Жоқ еді ғұмырында бакталасың.  
Мұң-жыр болып көңілде жаталасың  
Есімізде мәңгілік сақталасың!

### АЙШЕКЕҢЕ!

Сіздің құрметті атыңыздан айналып  
отырғанмен,  
5 сом сұрауға тіліміз байланып отыр.  
Сондықтан: сіздің Айша деген атыңыз бар,  
Біздің еркек деген затымыз бар.  
«Айналайын ше-ғой» - деп ақша беретін  
қатынымыз жоқ,  
Сізден сұрауға не жүрек, не батылымыз жоқ.  
Алған ақшаны үнемдейік десек,  
Шақшадай басымызда ақылымыз жоқ.  
Айшеке, сіз бізді кешіріңіз,  
5 сом бере тұрыңызда, кейіннен өшіріңіз.



Аздап ішін қоймаса,  
Жаза алмайтын болып жүр ғой осы ініңіз.  
Сізді «Апамыз» деп сыйлаймыз,  
Бухгалтерліктен басқа жұмысқа қимаймыз.  
Бір күн жоқ болсаңыз есіміз кетіп,  
Мына кең дүниеге сыймаймыз,  
Себебі, сізді және қассаны сыйлаймыз.  
Айшеке, көріңіз көз жасымызды,  
5 сом берші, жазайық басымызды.  
Құдайға шүкір, сіз тұрғанда,  
Қолқанаттарыңыз біз тұрғанда,  
Құдайымыз қолдай берсін,  
Алламыз ондай берсін.  
Аумин!

*Сәлеммен: редакциядағы бойдақтар  
мен үйленген сойдақтар.*

### ҚАЙҒЫ

Жылағыңыз келсе егер жылаңыздар,  
Сотқар төтелер менен бұла қыздар.  
Құласандар тағдырдан құламандар,  
Тек қана экзаменнен құлаңыздар.  
Сотқар төтелер менен бұла қыздар.

Төтелер-ай, төтелер, төтелерім,  
Алақанға салдым да мөпеледім.  
Жүрсенде өзін қайғырып, Бибігүлдің  
Қайғырта көрмендерші әкелерін,  
Төтелер-ай, төтелер, төтелерім.

Келе жатыр оянып шабыт жана,  
Асықпайық баруға табытқа да,  
Мына өмірде қайғы мен қасырет жоқ.  
Бірақ зат бар, есімі – бақыт қана.  
Асықпайық баруға табытқа да.

Тірліктің сәтсіздігін жөтел дейді,  
Ел болмаса ер парызы өтелмейді.  
Өзіңнің көңіліңді өзің көтер –  
Әйтпесе құдай келіп көтермейді.

Тірліктің толқынына ересің кеп,  
Қоғамға жүрегінен бересің көп.  
Өмірде шалқып-күліп жүру керек,  
Біреулер көңілсіз жан демесін деп!  
Біреулер өмірсіз жан демесін деп.

Жер баспа бұл тірлікте қарап төмен,  
Сол кезде бақытыңды санап берем.  
Көңілің көтерілмей жүрсе егер,  
Бір көтеріп ал оны шараппенен.

Айшеке, не сұрайсыз қазір менен?  
Сіз үшін жаным оққа өзір дер ем,  
Жүрсе егер көтерілмей көңіліңіз  
Бір көтеріп тастайын әзілменен

Сөге көрме сол сөзге бола мені,  
Пәк көзге қайғы қалай жолар еді.  
Рымбектер болмаса дүниеде,  
Дүние ырың-жырың болар еді.

Жүректің Сіз таптыңыз жырын көктер,  
Шабытым сол бір шақта сырын төк тер.  
Қырықтың қыркасынан ассадағы  
Әлі де он сегізде Рымбектер.

Өмірде талай рет табысам да  
Әлі сан «шабысам да»  
Егерде әйел болып туған болсам  
Ғашық болар ем осы бір сары шалға.

Әзіл-әзіл, жоқ менің былайым да,  
Жоқтан бардан ойымнан құрайын да  
Рымбектер болмаса бұл көңілді!  
Көктен келіп көтермес құдайың да.

Қалжақтың қатты айтсаң айыбы жоқ,  
Тірліктің бөлек-бөлек айыры көп.  
Өмірге бәрін беріп, бәрін күйған,  
Қу шалдың шөлмегінің қайыры жоқ.

### **КАССИР А.ОСПАНОВАҒА**

Жақсыны барлық адам ардақтайды,  
Пәк тілексіз әдемі тан да атпайды,  
Қолынан дәулет кетіп кассир Айша,  
Серік құсап Ермекке жалтақтайды.

Айшеке, ренжіме сенсең мейлі,  
Ақшаға қарап адам кемсеңдейді.  
Байлығы жүрегіңнің жетіп жатыр,  
Бұл өмір ақшаменен өлшенбейді.

Сен барда қалай көкке самғамайын,  
Қалайша күн нұрындай жайнамайын.  
Бәрі ойын, бәрі қалжақ Айша тәтем!  
Азамат жүрегіңнен айналайын.

Өзгеріп жатыр гүлдеп дала мына,  
Бақыттың нұрын сеуіп жанарыңа.  
Тілеймін дүниеден, семьяда,  
Бақытты болуыңды жаңа жылда.

### **КОРРЕКТОР КҮЛӘШҚА**

Жүретін қайта қалап, бұзып алып,  
Мамандығы Күләштің қызық өрі.  
Өзі де қыз сияқты, жаны жайсаң,  
Тәтеме көп жігіттер қызығады.

Жүректе тулап жатқан сарыала арман,  
Тұлғанды көп адамнан даралаған.  
Қайтесіз жат жігітке көзінді тігіп,  
Аман болсын үйдегі Аман ағам!

### ТІЛШІ ӘБІЛҚАЙЫРОВАҒА

Жаңа жыл пәк тілекке сүйеу дара,  
Біреу бұрын біліпті, біреу жаңа.  
Жаңа жылда редакция алқасына,  
Кашан кіріп келеді күйеу бала?!

## Қайдан тауып алады?

*Соғыс-Жеңіс дегенде біздің ойымызға ә дегенде кеуделерін оққа, отқа төсеп, мұз жастанып, қар жамылған ардагерлер түседі. Олардың көзі тірілеріне де, бақиялық сапарға аттанғандарына да тағзым жасау – ұрпақтар парызы. Сол ардагерлердің бірі. Қожанасырлық мінезі жағынан бірегейі марқұм Төлеуқұл Таукеев еді. «Төкең айтыпты» - деген әжуа әңгімелерге езуімізден су, көзімізден жас аққанша күлуші едік. Бүгінгі мереке күні «Төкең айтыптының» бірін оқырмандарға ұсынып отырмыз.*

Жарықтық Төкеңнің бүкіл болмысы мен мінезі аумай қалған Зәрузада деген баласы бар. (Қазір Нұркен селосында тұрады). Он жақ желкесін сол қолымен қаситын қасқаның өзі. «Бұқа бұзаулапты» десең, «ә, бөрекелді» дейтін анқау болмаса сол Зәрузада есік-терезенін орнын ұмытып, біреу қора қалай ма?

Сол Зәрудің үйленгені не ұлан-асыр той жасаған Төкең (ұлының жайы өзіне мәлім) келінінің еті тірілігіне тәуба жасап іс-қимылын бақылап жүрсе керек. Келіні күнде

танертен Зәруді қарағайдай қатырып киіндіріп, үстіне қылшық жуытпай, жұмысына шығарып салады. Сол кеткеннен мол кеткен Зәру кейде кейде түн ортасы ауа күлге дунаған тауықтай болып оралады. Ал ертесінде түнде «пеш көмейін күлдеп» келген Зәруді сымға тартқан жүзіктей жарқыратып, аршыған жұмыртқадай қылып жұмысына шығарып салып тұрған тағы да сол келіні.

Бұл көрініс бір емес, әлденеше қайталанады. Бір күні жұмысқа жиналып жатқан Зәрудің киім-кешегін тазалап, бәтеңкесін шөткелеп, мұрын орамалына дейін дайындап, безек қағып жүрген келінін алыстан бақылап отырған Төкен: «Қазақ осындай пысық қатынды қайдан тауып алады ей?» - деген екен. Әбүйір болғанда бұл сөзді жаңа түскен келіні естімей қалыпты.

### **Ауырмағаныңыз жөн.**

Егер басыңыз ауырып, балтырыңы, сыздай қалса ауруханаға емес, калтаңыздағы қаражатыңызға сеніңіз. Онсыз «сауданыз сақал сипағанша».

Қазір аудандық ауруханада не көп, «жоқ» көп.

-Дәке жоқ.

-Мақта жоқ.

-Шприц жоқ.

-Ыстық өлшейтін жоқ.

-Жоқ! Жоқ! Жоқ!

- Ал оларда жоқтан бар жасайтын дәрмен тағы жоқ.

### **Құлақ қағыс**

«Бардың» ауылы ХХІ ғасырдың бел ортасынан шан көрсетпесе тәуба! Терін жейтін несібеңіз түгесіліп қалмаса, шанға дейін ауыр мағаназы жөн. Кім ауруды сұрап алады дейсіз. Жыламаған балаға емшек бермейді» деуші еді ғой. Қазір жылаған балаға да түк жоқ. Осыны түсінсеңіз, өзіңіз де ауырмаудың амалын жасарсыз бәлкім.

**Тау мінезді жігіт еді**  
(естеліктер)

3

### Жақсынын жақсылығын айт...

Үмітай (Мұбарак) Жармағанбетов Ақтоғай өңіріне ғана танымал ақын – журналист емес, Орталық Қазақстан өңіріне танымал сүйікті ақын, танымал азаматы болып еді.

Аудан экономикасы мен мәдениетінің өркендеп өсуіне қосқан үлесімен қатар, аудан көлемінің қай түкпірінде даудай, тұрғылықты халықтың мұң-мұқтажына барып әділдікпен шындықтың бетін ашып баспасөз бетінде жариялап, үлкен-кішінің алғысына бөленген шыншыл азамат еді.

Мұнымен бірге Ақтоғай өнерінің өркендеп өсуіне Венгрия, Индия, Россия, Украина елдеріне өнер сапарының сценарийін, Біріккен Ұлттар Ұйымы дәрежесінде және Республикалық дәрежеде өткен Абайдың 150 жылдық мерекесіне, Жамбылдың 100 жылдық мерейтойының, Ағадыр ауданында өткен «Ағыбай бабамыздың асына» арнайы сценарий, 1993 жылы «Тоқырауын толқыны» халықтық ән-би ансамблінің 20 жылдық тойының сценарийі, мұнымен бірге бүкіл даталы күндер 1 май, 9 май, 8 март, Жаңа жыл, «Қарттарым асыл қазынам» т.б. мерекелердің сценарийін осы Үмітай жазып сахнаға ұсынып отырушы еді.

Жезқазған облысы кезінде арқаның ақиық әншісі А.Ахановтың творчестволық кешінің сценарийін жазып, сол кешті өзі жүргізіп көрермендер мен ақын-жазушылардың алғысына бөленіп бір тамсандырып тастаған еді.

Ақтоғай топырағында туған өнер жұлдыздары Күләш, Манарбек, Әсет, Акқыз, М.Хамзин сияқты өнер жұлдыздарына арналған мәдени шаралардың барлық сценарийі Үмітайдың творчасымен жасалған еді.

Ақындықпен қоса өзінде өлең айту өнері болған еді. Көптеген халық әндері мен осы Р.Байқоңыровтың «Байқоңыр вальсін» алғаш рет Үмітай сахнаға шығарып еді.

Өнерге құштарлығымен қоса азаматтығы болар, ауданда М.Ержановтың өнер творчасынан кеш өтетін болып, материал-дәйек іздеп екеуміз ауданнан 18 шақырым жерде Қасабай ауылында тұратын Манарбектің жиені Жүнісов Амантай ақсақалға барып әңгімелестік. Сонда

Амантай ақсақал – Манарбек осы үйде болды. Далада қой бағып жүріп 4-5 шақырым жерде басы жалтырап, күнге шағылысып өлең айтып жүретінді - деді. Осы көріністі сахнаға шығардық.

Осындай творчестволық кештерді ауданның қай жерінде болсын іздеп барып, білетін адамдардан дерек жинап, өзі жазып дайындап, ол кешті өзі жүргізіп тыңдаушы көрерменнің алғысына бөленген азамат еді.

Ақтоғай өнерінің өркендеп өсіп отыруына қосқан үлесі, Үмітайдың азаматтық-ақындық бейнесі өнер сүйген халқының, оның ішінде мәдениет майданы қызметкерлерінің мәңгі есінде сақталады.

*Д.Сәдуақасов,*

*Қазақстан Республикасына еңбек сіңірген қызметкер,  
Ақтоғай ауданының «Құрметті азаматы»*

### **Рухани сырлас – хәм құрдас еді.**

Қасиетті Ақтоғай елі кеменгер көсемге көсілген шешенге, келелі биге, қол бастар батырға, ел қаратар ақынға, таңдай қақтырар әншіге кенде болған емес.

Ел жұртым деген қаншама ер кеше жалаң аяқ жар кешіп, қиындықтарға кез болып соған мойымай, қара нардай қайыспай терін текті. Олардың еңбегі мен абройы бүгінгі халық аузында. Бірақ тірісінде пенде-ау түсінікпен өзінің ел мен жерге сіңірген еңбегінің ерекшелігін, оның абыройын асқақтаудағы үлесін сезе алмай кетті. Оны айтасыз-ау «дұрыс» деп жүрген ісін, «бұрыс» деп жар басында оққа байлағаны қаншама. Әйткенмен түбінде ақиқат жететіндігі дәлелденіп бүгінгі күні ұлы бабалар мен қасиетті даналардың, ардақты азаматтардың аттары халық санасы мен естелігінен ақтарылып шығып ұрпақ тәрбиесінің көлесіне жарауда. Кешегі осы ұлылардың қарапайым басына күн туғанда жасырынып қалғандар бүгінгі жаймашуақта сол есімдерге жармасуда. Әсетке семейліктердің, Күләшқа алматылықтардың, Сахиға-қызылордалықтардың, Әлихан,



Әлімхан Жакыптарға қарқаралылықтардың иленуі, олардың кіндік қаны тамған жерге қиянат. Жақсының жалпыға ортақ екені белгілі. Әйткенмен Ақтоғайдың қасиетті топырағы, өрелі елі осындай жақсыларды исі қазаққа ортақ қып туғаны мақтанарлық. Кеңе асыл ерлердің басына зобалаң түсіп жала жабылған кезде, оның ауыртпалығын қоғамдағы керіағар көзқарастың зардабын тек Ақтоғай елі мен жері, осы қасиетті азаматтардың артында қалған ағайын-туысы көргені, тарихи шындық. Ол тәуелсіздік алған күнге дейін жалғасты.

Ақтоғай өңіріндегі алтын құрсақ аналарымыз аман болса, әлі сан тарлан исі Алашқа қызмет етер. Солармен мақтануға жазсын.

Бұл күндері ел өмірі мен руханияты келелі өзгерістерге толы. Халық жадындағы шаң басқан беттер ашылып ел өткенімен кеткендегі өттеген-айларды орнына келтіруде. Оған еліміздегі тәуелсіздік тұғыры, қоғамымыздың баға жетпес байлығы, адамдардың рухани еркіндігіне делінген сара бағыт, үлкен мүмкіндіктер беруде.

Мен Мүбәрәкпен бір жылдың төлі есебінде құрдас болдым. Құрдастар көп қой. Әйткенмен Мүбәрәкпен рухани сырластығымның орны бөлек еді. Мен оған барып, ол маған келіп қалжақпен жазылған өлеңдерімізді бір-бірімізге оқып жүруден бастап, кейіннен поэзия әлеміндегі үрдістер мен ерекшеліктерге өз деңгейімізде пікір таластарға дейін барушы едік.

Менікі поэзияға деген іңкөрлік пен ақын жүректердің сезіміне деген құрметтеушіліктен туған пікір болса, Үмітай оның мағнасы мен мәнінің, шөл қандырар дәмінің, сезіміне сергектік еккен дәнінің қадірін мейлінше ұққан азамат ретінде пікір айтушы еді. Осындай пікір сайыстан кейін екеумізде жеңілденіп, рухани түрде үндескенімізге көңіліміз жайланып тарасушы едік. Ол поэзияға төңірдей табынатын. Оны аялайтын. Орынсыз жерге шашпайтын. Жазса артында философиялық ой тұжырым қалатындай етіп, қарапайым сөзден қаймақ кілкіп қарапайым жүрекке жететіндей етіп жазушы еді. Мүбәрәк, кез келген өмір құбылысы мен табиғат тынысынан, адамдардың бір-біріне деген көзге көрінбейтін,

құлаққа естілмейтін сезім пернесінен сыр іздеп оны өзінің бойынан өткізіп лирикалық шумақтармен өре білетін.

Ол қарапайым ауылда жүріп, өзінің поэзияға деген биік талғамымен оны қызғыштай қорғап, осы қасиетті ұғымға шаң жұқтырмаған азамат. Оны алыстағы, жақындағы қаламдастары мойындады.

Үмітай тек поэзия емес, басқа жанрларға да ат салысты. Журналистиканың публицистика, фельетон, әңгімелер мен сықақтар саласына да қалам тербеді. Олары да мейлінше тартымды, ұтқыр, көздеген жеріне дәл тиіп жататын.

Оның аудандық газеттің редакторы болған жылдары ауыр кезең болатын. Ескі бұзылып, жаңа қоғамдық формация әлі бел алып кете қоймаған кезде, бұрынғы көзқарастағы ел санасына саңылау түсіруге көп еңбек етті. Бұрынғы таптаурын жол емес, екі ұдай пікірдің алмағайып уақытында аудандық газеттің іргесін шайқалтпай ұстау оңай болған жоқ. Қаржы тапшы. Ақылы қызымет пен демеушілер көмегі жоққа тәнтін. Газет беттерінде халықтың пікірі мен ой мүддесін ашып көрсетуде жұмыстар ұйымдастырды. Оның редактор есебінде сол кездегі өзгерістерге сәйкес атқарған жұмысы, газеттің мағынасы мен мазмұнына соны леп әкелген болатын.

Ол атақ даңқ қуған жоқ. Өзіне ұпай жинауға еңбек еткен жоқ. Оның еңбегі ел үшін сұраусызтын. «Мені мына бір еңбегім үшін елемеді-ау, мен көзден таса болып қалдым-ау», - деген ой оны еш уақытта мазаламайтын. Ол қарапайым еңбектің торысы еді. Бірақ сөйте тұра намысшыл. Ел мен жерге байлаңысты, үлкен мақсаттарға кедергі болар қаңқу сөз, жалғандыққа қаны қас болатын. Ол оның тынысын тарылтатын және оны жүрекпен қабылдайтын.

«Әй, құрдас бір өлең оқиықшы. Шаршадым», - деп жүретін кездерін өмірден өткен соң көп еске алып жүрдім. Ол өлең оқыса аруақтанып, көзі жайнап, сезімі сел боп кететін еді.

Тірісінде өлең жинақтарын шығаруды қолға алмады.

Осы алтын қазынасын халық кәдесіне жаратуға ат салысқан азаматтар, туыс-туғандар Мүбәрәк аруағының

алдында үлкен іс тындырған деп ойлаймын.

*Төлеужан Ахметбекұлы,  
Ауданның жаңа ғасыр басындағы әкімі*

### **Үмітай – Мүбәрәк.**

Үмітай, өлеңім-өнерім, өнерім-өмірім деп қамшынын сабындай кешкен қысқа ғана ғұмырында өзі өмір сүрген ғасырына тең келердей азаматтық тұлғалықтың, достыққа тән адалдықтың, кең пейілді жомарттықтың, тура сөзден қосылмайтын, басынан сөз асырмай-тын, мықтыларға бас ұрмайтын нар жігіттікке пар келетін өршіл мінезділіктің, елшіл намысқойлықтың ұнамасаң бет жүзінді осып жіберетін әділдіктің, тек өзіне ғана тән асыл қасиеттерін тасқа салған таңбадай етіп, артына мұра ғып қалдырып кетті.

Үлкенге де кішіге де езуінен күліп, жылы жүзімен жымыып амандасатын, қарапайымдылығы, қоңыржай біршіліктегі ырысы мол, ықыласын қой қылып сойып беретіндей қонақжайлылығы, өзі күлмей отырып-ақ өзгелердің шек-шілесін қатыратын әзілқойлығы мен қысылғанда табан астынан жол тауып беретін ақылгөйлігі, дүниеқоныздылықты парық қылмайтын, байлықты мұрат тұтпайтын тәубашылдығы, жан дүниесіне жарасып, айбынын асырып тұратын еді-ау.

Сирек болса да өзі бір кемеліне келіп, көңілі түскен кездердегі шертіп тартқан домбырасының үніне қосылып өнге салғандағы толқындалып шығатын қоңырқай, барқыт дауысы құлақ құрышыңнан өтіп, көңіліңнің сезім пернелерін тербетіп, баурап алатын.

Үмітай өзінің әр сөзі құйып қойған құрыштай қара өлеңдерімен Ақтоғайдың бір тасын өрге домалатқан ақиық ақыны еді. Ұлы Абайдың әлемдік денгейіндегі 150 жылдық мерей тойында, Қарауылда ақтоғайлықтардың салтанатты сахнасын өз жырымен бастап ашып, өнерімен шашу шашқан да арқаның дауылпаз ақыны Үмітай болатын.

*Т. Мұқан,  
Кәсіптік техникалық мектеп директоры  
Облыстық Мәслихат депутаты*

### Көңілден кетпейді

Ең алғаш қазіргі «Тоқырауын тынысы» ол кезде «Арқа еңбеккері» болған киелі қара шаңыраққа 1977 жылы келгенде көңілімнің алаң болғаны рас. Жоғары білімді мұғалім болғаныммен, кәсіби журналист емес едім. Газет жұмысының да қыр-сыры беймәлім. Газет редакторы Қасжан Ағеділов ағамыз жылы қарсы алып, филологтарға журналист болу қиын еместігін түсіндіріп жатыр. «Газетте көз көп. Оқырманның бәрі көз. Бірақ, сол көзді қарықтырар, қызықтырар ойың болсын. Ойды сөзбен жеткізесің. Қарықтырам деп қатты қазылма, қызықтырам деп сұлу сөзді көп терме. Аудандық газеттің өз ерекшелігі болады. Нақты фактіге жүгінесің, деректі зерттеп жазасың. Шындықты жазу, көргенінді дәлелді жазу үлкен шеберлікті қажет етеді» - дегені әлі есімде.

Қорықсам да тәуекелге бел будым. Өзіммен қатарлас журналистер Асыл Әбілқайырова, Оралбек Жүнісов, ақын ағалар Серік Ақсұңқарұлы мен Үмітай Жармағанбетов, редактордың орынбасары М.Жарылғап, жауапты хатшы А.Есмағанбетов, ауыл шаруашылығы бөлімінің меңгерушісі Рымбек Мәмбетов, фототілші М.Кәдірбеков тәрізді қаламдары ұшталған тілшілердің ортасына түсіп, газет мектебіне ендім. Алғаш жазған мақалама тақырып пен деректі Үмкең тауып берді. Осы аудан орталығында халыққа мәдени қызмет көрсетіп, ерінбей еңбек ететін киномеханик туралы жаз, мәдениет бөліміне барып, кино қоюдан айлық, апталық тапсырмаларын қанша пайызға орындап жүргенін анықтап алып, жазуға кіріс,- деді. Өзімше Үмкеңнен алған тапсырманы орындап, киномеханикті әжептәуір мадақылادым. Содан алғашқы «емтиханды» Үмкең тапсырып, мақалама тақырып тауып, айдарын қойып жазғанымды редактордың алдына қойдым. Сыннан сүрінбей өттім. Сөйтіп, біртін-біртін журналистер тірлігін меңгеріп, газет жұмысының қыр-сырын үйреніп, өрелі мектепте ұзағынан қалып қойдым.

Біздің журналистердің «аудиториясы» - шопандар

ауылы, механизаторлар қосы, егінді алқап, совхоздың, аудандағы ірілі-ұсақты мекемелердің партия және кәсіподақ жиындары, мектептер мен клуб, кітапхана, дәрігерлер ортасы болатын. Осындай түрлі мамандық иелерімен етене араласу, олардың талап-тілегін тиісті жерге жеткізу, ерен еңбектерін ашып көрсетудің де оңай соқпасы анық. Сол жолда әсіресе, Үмкен өзінен кейінгі жастарға ағалық ақыл-кеңесін аямайтын. Үмкен жалқаулықтан ада, ерінбейтін еңбекшіл еді. Жұмысқа елдің бәрінен бұрын келіп, соңында қайтатын. Қолға алған тақырыбын тез игеріп, әсіресе, еңбек адамдарын дәріптегенде мөлдіретіп жазатын. Газетті кеңестік кезеңде аптасына үш рет шығаратынбыз. Біздің газеттегі «Шопан ата», «Бағлан», «Көптің көзі-көреген», «Сұлушаш», «Жарыс жаршысы», «Идеология майданының жауынгері», «Ақтоғайдың арасы», «Денсаулық беті», «Экономикалық бет», «Тілшілері беті» тағы басқа айқарма беттер газеттің ажарын ашып тұратын. Ол беттерге тақырыпқа сай маңызды істер мен белгілі бір саланың алдында тұрған проблемалары айтылатын. Осы беттерде Үмкеннің проблемалық мақалалары, я болмаса очерк, суреттемелері үзбей шығатын. Оның жазғандарын редактор көп өзгертпейтін, өндемейтін. Өйткені, Үмкеннің очерктері, я суреттемесі қара сөзбен де, өлең жолдарымен де өріліп, жинақы, шынайы, әдемі жазылатын. Үмкеннің қарымды қаламгерлігімен бірге аудандық мәдениет бөлімінде өтетін сауық кештерінің, мерекелік, тәрбиелік шаралардың сценарийі де сол кісінің қауырсынынан шығатын. Әркез сұраныс жасап, өлең шумақтарын ұйқастырып берші дейтін оқушыларға да көмектесіп жіберуге уақыт табатын. Газетке кезекші болғанда да оның әр қарпінің кате кетпеуін ерінбей, ұзақ қадағалайтын да Үмкен еді.

Мінезінің жайлылығы, пейілінің кеңдігі, ақжүректігі де Үмітайдың азаматтық болмысындағы ерекшеліктері еді. Қашанда ол әдемі әзіл-қалжыңнан, кішіпейілдіктен құралақан болған емес. Алаштың ақиық ақыны Серікпен Үмітайдың сыйлас достығы, елдің бәрі «Сары шал» атап кеткен Рекең мен көптің Орашы болған Оралбек пен кейіндеу келген

Сәбилалармен әзіл-қалжыңы таусылмайтын. Редакция ұжымының жиын-тойларында қоныр да майда дауысымен ән салатын. Сол дауысы көптің құлағында әлі жүргендей. Жиырма жылдан астам уақыт қатар жүріп, бір кабинетте отырып, сырлас та сыйлас болған Үмкең қазірде бізбен бірге жүр деп ойлағанмен, орны ойсырап-ақ тұр. Уақыт-емші. Жылдар зымырап, алға жылжып келеді. Үмкеннің орнында бүгін Бағдаты бар. «Орнында бар оңалар» деген осы. Бағдаты да аумай қалған әкесі. Баяу да кішіпейіл мінезімен аспай-саспай жүретін жүрісі де «менің талантымды көрдің бе?» - деп кеуде сокпайтын өзіндік болмысымен ерекшеленіп өсіп келеді. Бірақ та табиғат сыйға тартқан талант, дарын оны да өз қатарластарынан оза шаппаса, кем қалдырмасы анық. Лайым тіл-көзден аман болып, ізденісі мен еңбегіне абырой берсін.

Журналист, ақын, замандас аға Үмітай Жармағанбетұлы көзден кетсе де, көңілден кетпейтін аңқылдаған дос, кішіге аға, үлкенге іні бола білген абзал азамат ретінде есімізде қалды. Ол өмірге өнер сүйген жүрекпен, қалам-қайратымен келіп, 49 деген қысқа ғұмырда өз елін таңқалдырып, әсем жырларына тамсандырып кетті. Алла берген талантын оның тіршілігінде-ақ оқырман қауымы, көпшілік ел мойындағанмен, өзі оған мән бермеді. Табиғатындағы қарапайымдылығы талант буына мастандырмады. Қатардағы біртоға тірлігімен көптің ортасында жүріп, өрілтіп өлең-жырларын жазып, артында өшпес қазына қалдырды. Үмкеннің дүниедегі бар байлығы да, нар тұлғасы да оның өлмес жырларында танылып тұр. Оқырманы бар өлең-жыр жетім қалмайды. Оны ертеңгі ұрпақ та іздеп жүріп оқитынына сенеміз. Өйткені, Үмкеннің жырлары жүректен шыққан. Ол жүрекке жетеді. Жыр ғұмырыңызды мәңгіге жалғасын. Күні кеше бірге жүріп, қызметтес болғандардың көңілінің төрінен орын алған ағамыздың мәңгілік мекені жайлы, топырағы торқа болғай.

*Надежда Ақбаева.*

*Қазақстан Журналистер Одағының мүшесі.*

– Елде қалған егіздер

(Үмітайға)

*Ақында адамзаттан дос болмайды,*

*Тек қана мұңын шағар қаламына.*

Мағжан.

Ақын Еркін Ібітанов өлең оқып тұр.

Ереке, мынауыңыз Мұханның өлеңі емес пе? – дейміз аңған қалып.

Е. Мұқағали екеуіміз ағайынды адамдармыз ғой – дейді ол алая қарап. – Біздің арамызда бір шумак өлең түгілі, бір-екі боталы түйе, екі-үш құлынды бие, бес-алты бұзаулы сиыр да жүре береді...

Тұрысынан, жүрісінен танымын,  
Топырактан ақын туса егіз болмақ негізі.  
Мұзарт шында туған Мұқағалидың  
Ібітанов Еркін екен – егізі.

Егізді айтсаң ет жүрекке толар мұң,  
Шатыршаның шалғайынан жол құлап.  
Қадырдың да егізі бар...  
Оралдың  
Құмында жүр ол, бірақ.

Ақын да бір, қажы да бір, шырағым,  
Ауылынан сапар шеккен Мекеге.  
Алашына тастамаса сыңарын  
Олжас ағам Альпіні асып кете ме.

Әлихан мен Нарманбетте – негізім.  
Мен айтпасам айтар анау жел оны.  
Ақтоғайда қалған менің егізім,  
Елін қиып кете алмай жүр себебі.

Сағынышым – сартап, миым – жүкарды,  
Дос жоқ менде, опасыз көп оттаған.  
Менікі деп иемденген Мұқанды  
Ерекеңе елжірейтін боп барам...

Қайтем, жақын дейтін пендем жатым да,  
Маған талай ойран салар ол әлі.  
Адамзаттан дос болмайды ақынға,  
Елде қалған егіз ғана болады.

Шатыршада – бар ойым  
Жас баладай мені күткен жол қарап, -  
Елде қалған егізіме барайын,  
Көздің жасы омырауға сорғалап...

*Серік Ақсұңқарұлы*

### **Ол аға, біз іні едік**

Үмітай алдымызда жүрген асқар таудай ағамыз еді. Мен аудандық комсомол комитетінде бірінші хатшы, партия комитетінде бөлім бастығы қызметтерін атқардым. Кейіннен «Жәмші» кеңшарының директоры болдым. Сондықтан аудандық журналистермен қоян-қолтық араласып жұмыс жасауға тура келді. Қоғамдық өмірдегі жылт еткен жаңалықты жақсы бастаманы іліп әкетуде, жұртшылыққа жариялап жеткізуде журналистердің алатын орны ерекше ғой. Біз оларға арқа сүйейтінбіз.

Аудандық газет редакциясының жетекші журналистерінің бірі – Үмітай Жармағанбетов ағамыз еді. Аудан көлеміндегі күрделі мәселелерді көтеріп, батыл жазуда шеберлік танытты. Қаламы ұшқыр болатын. Жастар өмірі жайлы толғаулы-толғаулы мақалалар жазып, комсомол жұмысының жүйелі жүргізілуіне мұрындық болды. Қысқасы – ол тамаша журналист болып өмірден өтті.

Ақындығы да бөлек еді. Адам жанын шуақты сезімге бөлейтін, өміршен жырларды жұртшылыққа ұсынып жүрді.



Бірде оған, Үміке өлеңдеріңізді жинап, кітап етіп бастырмайсыз ба дедім. Сонда ол газетке шыққан өлеңім оқырманға ұнап жатса сол да маған жетеді дегендей қанағатшыл мінез танытты. Ол өмірді өнер деп сүйді. Сондықтан кез-келген ұлттық өнерімізге бей-жай қарай алмады. Аудан көлеміндегі мәдени шаралар Үмітайсыз өтпейтін. Ол жазған сценарийлер күні бүгінге дейін жұртшылықтың аузында жүр. Мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеруге айтулы үлес қосты. «Қазақ тілі» қоғамын басқарды. «Жәмші» совхозында директор болып жүргенімде бір-екі ауыз хат жазып жіберіпті. «Мейірхан бауырым, депті ол хатында «Қазақ тілі» қоғамының халі мүшкіл, елден жарна жиналмай жатыр, соның салдарын көптеген мәдени шаралар өткізілмей қалды. Мүмкіндігінше жарна жинауға қолұшын беріп, көмектесші» деген.

Ол кезде ақшаның құны кетіп, елдің де еңсесі түскен кезең еді. Біз ақшаның орнына тұрғындарға шағып, есептеп, оншақты қой жеткізіп бердік. Ақ көңілімен ризашылығын білдірді.

Үмітай сері мінезді жігіт. Ол әнді қандай орындаушы еді. Тамаша әнші еді. Домбыраны шебер тартатын. Ол ешкімге ұқсамайтын волейболшы. «Арқа еңбеккері» газетінің жүлдесі үшін волейбол жарысын ұйымдастыруды бастан аяқ өз қолына алатын. Ал үзеңгілес інісі Оралбек Жүнісұлының айтуына қарағанда Үмкең жанынан ән де шығарыпты, бірақ оны ұнтаспаға жазып қалдыруды құнттамаған сияқты.

Мен Үмкеңді өз ауылымыздың «Ақтоғайдың Мұқағали» деп атап кеттім. Егер де ол ауылда қалмай Алматыға кетсе өз орнын өдеби ортада ойып алатын ақын екендігіне еш шүбә келтірмеймін. Үмітай біздің буынға аға, өзінен үлкендерге іні болды. Сонымен қоса шындықты айтатын, тіліп түсетін осы мінезі өзі жазған мақала жырларынан анық байқалатын. Ол ешкімге жалтақтамады, жағымпазданбады, өз көзқарасымен өмір сүрді.

*Мейірхан Тәтибекұлы,  
ҚР ауыл шаруашылығы министрлігі  
Балқаш қалалық басқармасының бастығы.*

### **Аяулы ағам еді.**

Кимас ағамыз Үмкеннің дүниеден өткеніне де төрт жылдың жүзі болып қалыпты-ау. Ақын Мұқағали айтқандай:

Сені де жұтқан қара жер,

Сан рет әлі көгерер,

Бірақ та маған не берер, - деп өзімді өзім іштей қинаймын да, елжіреп кетемін, сағынып кетемін ағамды.

Тіршілікте Үмкеннің еркін, ешкімге ұқсамай, нағыз ақындарша жүргеніне, өмір сүргеніне онша мән бермеппіз ғой. Сөйтсек, ол нағыз ақын, өнер адамы ретінде өз орнын әлдеқашан белгілеп қойыпты. Арқырап жүрді, бәз біреулер сияқты жалтақтамады, батыл мінезі арқылы өнерді де құрметтеді, қылау түсірмеді. Бәлкім жұртшылықтың жүрегіне ізгілік нұрын себуі де осыдан шығар.

Мен араға жылдар түскен сайын ағамды көбірек іздейтін болдым. Қадіріне жетпедік пе деп өкінетінім де шындық. Ит тірлік не нәрсенің байыбына бойлата бере ме? Ақтоғайдың көшесінде өзгеден окшау биік болып, ырғала басып бара жатқан өзінді көрсем деп сағынамын. Газеттерден жырларыңды іздеп, елендеймін, сал-серілердің арасынан сенің дауысыңды аңсаймын, жан аға. Бірақ естімеймін. Жыны тойларда бітімнің бөлек, окшау тұрушы едің, көп жыл болды көре алмадым. Мұнын бәрі сағыныш екен ғой.

«Орнында бар оңалар» деген Сіздің мәңгі сөнбес өнердегі жарық жұлдызыңызды жарқыратып, биікке көтерер ұлыңыз, Бағдат бар. Осыған тәубе! Сіз бізбен біргесіз, Үмітай аға!

*Тәбәрік Жармағанбетов,  
Ақтоғай аудандық мәдениет бөлімінің бастығы.*

### **Елдің жүгін аркалаған азамат.**

Соңымнан ерген екі талантты ақын інілерім Дәуітәлі Стамбеков пен Үмітай Жармағанбетовтың қазалары жанымды қатты қайыстырып кетті. Екеуі де ақкөңіл, ақ жарқын адал

көңілдерімен еркелеп қатар жүргенде менің де мәртебем өсіп қалатын. Дәуітәліні ақындар ауылындағы дүбірлі жарыстарға имене қосылуға ынтығып жүрген шағында жолықтырдым. Алматыға көшіп келгенде анам арнайы сізге жолығуды өтінген еді. Іні болуға келдім, - деген тілегін айтып, қазақ радиосында шұрқырасып қауышқанымыз әлі күнге көз алдымда. Содан өмірден өткенше жұбымыз жазылған жоқ.

Ал, Үмітайдың жөні бөлек.

1959 жылы ҚазГУ-дің филология факультетіне оқуға 10 класты бітіре салып түскен он баланы ауылға барып, бірер жыл жұмыс істеп келуге жіберді. Мен елге келіп «Сәуле» колхозындағы жетіжылдық мектептің 3 класс оқушыларына сабақ бердім.

Мектеп оқу ісінің меңгерушісі Ақдарбек Мұқатаевтың үйінде жаттым. Ол кісі еңбекқор еді, таңғы сағат 6-да оятып, мектепке әкелетін. Өзі бас болып, Күлия төтей қызымен төртеуіміз мектептегі оншақты пешті отынмен қыздыратынбыз. Ақаң екеуіміз үйге оралып, апыл-ғұпыл шайымызды іше салып, сабаққа келетінбіз. Осындай жағдайдағы маған сабақ үстіндегі тәртіп бұзатын баланың қылығы әсер ететін.

Бірде ұзын бойлы, басқалардан ересектеу оқушы алдында отырған қыз баланың бұрымын тартқылай берді. Мен қатқыл үнмен бұл қылығын қоймаса кластан шығарып жіберетінімді ескерттім. Ол оқушының аты-жөні Үмітай Жармағанбетов еді. Кейін тілімді алып, тәртіп сақтайтын болды. Келесі жылы ҚазМУ-ге шақырылып, оқуымды жалғастырдым.

Арада біраз жыл өткен соң аудандық газеттің редакторы Қасым Орынбетов елдің бір жігітін ертіп біздің үйге келді. Өзінің ойындағысын бүкпесіз айта салатын әдетімен:

- Жәке, азамат болған шәкіртінді ұмытпаған шығарсың, бұл өзің 3 класта сабақ берген шәкіртің Үмітай Жармағанбетов. Бүгінде жолыңды қуған әрі ақын, әрі журналист. Газетіміздің бірдей қызметкері – деп қуантып тастағанын. Осы екі азамат елге келгенде үнемі қасымнан

табылатын. Әсіресе, менің 50-ге толған тойыма байланысты Ақтоғай атырабын аралағанда бірге болып, елімнің өткен-кеткенін айтып білмейтінімді толықтырды.

Үмітай қайсар, алдына қойған мақсатын орындамай қоймайтын, еңбекшіл, ізденгіш азамат еді. Жұрттың бәрін бірдей көретін. Кісілік келбеті де бөлек еді. Нелер мықты ақын-журналистерді қанаттандырып шығарған бұрынғы «Қызыл ту», одан кейінгі «Арқа еңбеккері», бүгінгі «Тоқырауын тынысының» бас редакторы болып жүріп өмірден өтті.

Үмітай көпшіл еді, той-думанның сәні, көркі еді. Ол менің сөзіме жазылған тағы бір талантты бауырым, марқұм Бағдат Омашевтің «Оқуға жүрмек болып тұрғанымда» деген әнін асқақ шабытпен орындайтын. Амал қанша, енді ол күндер тек сағынышқа айналды.

*Жеңіс Қашқанов,  
ақын.*

*Қазақстан Жазушылар және Журналистер Одағының  
мүшесі.*

*Қазақстан Журналистер Одағы сыйлығының  
лауреаты*

### **Сағынышқа толы хаттардан**

Надя, қал қалай? Үмітайдың кітабын шығаруды қолға алыпсындар, естідім. Рахмет, кешін өткізісіңдер, дұрыс болған. «Өлі риза болмай, тірі байымас» дейді халық даналығы. Мен де өзімдегі аздаған материалымды берсем деп жинақтап қойдым. Үмітай мен Серіктің қалжың, әзілдері көп еді. Оқимын деп алып, қолдан-қолға кетіп, жете алмай қалдым, мынау сол тігіндіден қалғаны. Керегі болса ая, пайдалан.

Мендегі мына фотоларды да керек болар деп жіберіп отырмын. Бірге жұмыс істегендердің фотосы көп еді, жоғалып қалар деп өздеріне таратқан едім.

Мына Айшекеңе деген жазбасы, Серік пен Үмітай

менен ақша сұрарда қол қойғанның орнына өлең шығарып алып келеді. Еріксіз құжат етіп тігіп қоятынмын. Ал, мына «Кассир А.Оспанова» деген өлеңі 1977 жылғы Жаңа жылда шығарған. Ол кезде жаңа жыл қарсаңында әзіл-оспақсыз кеш өтпейтін. Суретімізді салып, астына достық әзілдер жазатын. Ол күндерді де ешқашан ұмыта алмаспыз.

Ал, мына «Фарабиге», «Ағама хат» атты өлеңі ұзақ еді. Газетке симаған соң кішірейтіп берген. Түпнұсқасын күнттай алмаппын.

Қазеннің інісі Алматыда тұратын, өзі ақын еді, неміс тілінің маманы. Тлеукадір Тыныбеков деген азаматтың жалғыз ұлы Орал қаласында үйленбекші болып тойға шақырған. Тойына Секен, Талғат үшеуіміз баратын болдық. Сонда Үмітайға Бибігүл қарындасының атынан өлең шығартып алып едім. «Анама» еген өлеңі Күләштің анасына шығарғаны.

Мен редакцияда есеп-қисап жағында істедім, зейнетке шыққанша Үмітай сырттан Алматы, Қарағанды, Жезқазғаннан ақын достары келгенде сыйлау үшін менен ақша алудың айласын ойластырады. Әрине, текке ақша бермеймін.

Бірде Айшеке – мен магазиннен күшті костюм-шалбар көрдім. Оның үстіне киетін пальтом жоқ, күн суытты, бір пальто қойғызып келдім, киіп көрсем дәп-дәл құйып қойғандай, жүріңізші – деп жанымды қоймай ертіп дүкенге апарды. Ақшасы қанша – десем сатушыдан сұраңыз соның айтқанын төлесеніз болды – дейді. Алдын ала келісіп қойған болу керек, сатушы да бағасына келісе кетті.

- Құтты болсын, игілігіңе ки деп ақшасын қолына бердім.

Екі-үш күн өткеннен кейін, бүгін күн суық, пальтонды неге кимейсің деймін ғой баяғы.

- Ой Айшеке, анау алыстан ат сабылтып келген ақындарды сыйладым, пальтоны ала алмай қалдым деп ақ көңілділігіне басты. Ол дүние-мүлік қумады, жолдас-жора жинады. Оларды сыйлап жіберуді ақын парызы, достық парызы ретінде қарады.

Надя қалдарын қалай? Үмітай менің екі рет түсіме кірді. Бірінші рет қайтыс болғаннан кейін кірді. Редакцияның ішкі есігінің баспалдағы жағындағы талдың ішінде ақ көйлегімен қараңғыда отыр екен.

- Үмітай, неге қараңғыда отырсың, мына жер салқын ғой. Жарыққа шық – деймін. Өзі төмен қарап отыр, үндемейді. Дәл маңдай тұсына дөңгеленіп күннің жарық сәулесі түсіп тұр. Ояnsам түсім екен. Бір баласы жарқырап, ізін қуып, өзі сияқты талантты болар деп жорыдым.

Мен өзім Үмітай, Оралбекті туган бауырымнан кем көрмейтінмін. Өздері де «апай» деп алдымнан кесе өтпеді. Қатты құрметтеді. Бәрі де сағыныш қой. Тіршілікте сыйласқаннан артық ештеңе жоқ екен.

Екінші рет Алматыда Бибігүлдің үйінде жатқанда түсіме кірді. Түсімде Үмітай – «Айна апай маған шай беріңізші», – дейді.

Мен оған Үмітай-ау, анау Надяның дастарханында жасаулы дайын шай тұр, соған бар – деп жатып оянып кеттім. Менен материалдарын сұрағаны ма деп өзіне арнап дұға оқыдым. Ертеңінде Ақтоғайдан Секендер сөйлесті. Светаға Үмітай түсіме кіріп жүр – дедім. Света болса – Үмітайдың шығармашылық кеші өтті – деп қуанышты хабар жеткізді.

Үмітай Серіктің жазған әзіл-қалжың өлеңдерін қыз-жігіттер оқимыз деп сұрап алып еді, содан қайтып қолыма тиген жоқ. Әсіресе, олардың Рымбекке, Құрманбайға т.б. шығарған өлеңдері ішек-сіленді қатырағын.

*Құрметпен Айна тәтең.*

### **Ақынның найзағай мінезі.**

Өткен жазда жарық көрген «Дәурен-ай» атты кітабымдағы «Тілшілікке жол» суреттемеде: «Ақтоғайдағы тілшілік қызмет атқарған жылдарымда жастық шақтың думанды күндерінің біразы ақын Мұбарак Жармағанбетовтың бір бөлмелі пәтерінде өткендігін айтпасам – кісілік болмас еді. Осы Оралбек Жүнісұлы, Құл-Саят Бейсенбай, Надежда Ақбайтегі, Шәмшиден Исин, өнерге

жакын жастар ошап жатушы едік. Бүгінде марқұм болған акын Мұбарактың талантты ұлы Бағдат оның атын алысқа әкетеді», - деп жазған едім.

Мұбаракпен таныстығымда «Арқа еңбеккері» газетінде басталды. Өсіңкіреген шашын артқа қайырған еңселі қараторы жігітті Оралбек маған: - Үмітай, - деген ағамыз болады. Өлең жазады, - деп таныстырды.

- Караманымыз сен екенсің ғой, - деп салалы саусақтарын ұсынып, қолымды қысты. Үмітай-Мұбарак ер көңілді, ойындағысын батыл айтатын азамат екен. Домбыра шертіп ән айтады, жазуын мөрлеп отырып өлең жазады. Ағамыздың екі баласы бар, әйелі Мереке мектепте мұғалім. Оған қосымша интернатта кешкі тәрбиешілікті атқарып, сонда қонады. Женгеміздің интернатта кезекшілік атқаратын күнін біліп алған біздер салып ұрып сол үйге барамыз. Думан басталады. Сол кездегі тамаша бір үрдіс өнерге жақын қыз-жігіттер жандарына жақын ақындардың өлеңдерін жатқа айтушы еді. Мұқағали Мақатаев, Төлеген Айбергенов, Мұхтар Шаханов, Ибрагим Исаевтың өлеңдерінен өзімізге ұнаған шумақтарды жатқа соғатынбыз. Серік Аксұңқарұлының «Шайтанкөл соннеттерін» білмеу ұят саналатын. Жатқа айтып, әндегіп жүретінбіз. Бүгін пайғамбарсып отырғаным емес, «Нан ұстап ант ет» - десе көнерім бар мен Серіктің шашасына шаң жұқпайтын, ак берен жүйрік акын болатынын сол кезде сездім.

-Дәуітәлі Стамбеков, Абзал Бөкеновтердің өлеңдерінің шумақтары әлі күнге есімде.

-Сөйтіп Үмітайдың үйін кішігірім өнер ордасына айналдырып жатушы едік. Бар-жоқпен жұмысымыз болмайтын. Шашып-төгіп арақта ішпейтінбіз.

«Бірге тумак болса да бірге өлмек жоқ», - демекші қаншама пікірлес, сырлас, сыйлас болсақ та өмірдің жолы сан тарау екені белгілі. Қызмет бабы дедік, тұрмыс жайы дедік. Бізде Ақтоғайдан араға жылдар салып әр тарапқа көш түзедік. Алайда қалам ұстаған қауымды бір-бірінен адастырмайтын «құс жолы» бар. Ол - газет, журнал, өзің білетін ақынның өлеңін, журналистердің түрлі тақырыпқа қалам тербеткен

шығармаларын оқып, «іштей сәлемдесіп» кезінде бірге өткізген, бүгінде сағынышқа айналған шақтарыңды еске түсіріп отырасың.

Осы ғасырдың басында калалық «Балқаш өңірі» газетінде республикамызға танымал журналист Оралбек Жүнісұлы редакторлық қызмет атқарды. Мен де сонда қызметтемін. Бірде екеуміз қызметтес болған журналистер жайлы әңгімелесіп, қызықты жағдайларды еске түсіріп отырдық. Әңгімеміз Үмітайға ойыса берді. Содан мен: - «Ореке, осы Үмітай балалы еді ғой. Жолын қуғаны бар ма?» - дедім.

«Бағдат атты баласы университет бітірді. Айтысқа қатысып жүлде алып жүр. Жаксы өлендер жазады. Қазір Ақтоғайда телехабар тарататын шағын студия ашылып, сонда қызмет істейді деп естимін,» - деп үнсіз қалды да сәлден соң: «Сол Бағдатты газетке қызметке шақырсам деп жүрмін,» - деді.

Мен өзіміз шеккен пәтер азабын айтып, бұл мәселені жан-жақты сараптауға ақыл қостым.

Сөйтіп, ойланып үйге қайтқан Орекең бірер айдан соң Бағдатты газетке шақырып, қызметке алып, қаланың сол кездегі әкімі Қасымқан Ахметов қабылдауына кіріп газет қызметкерлері, жас ақындар Серік Сағынтай мен Бағдат Мұбаракұлы екеуіне екі пәтер алып берген болатын. Серік пен Бағдатқа Орекең екеуіміз зор сеніммен қарап: «Ұлдар бұл жер сендер үшін старт алаңы деп ұғындар. Қарағанды, Алматы, Астана естеріңде болсын. Солай қарай ұшырамыз сендерді» - деп жүруші едік. Қазір екеуі де облыс орталығы – Қарағандыда. Серік «Орталық Қазақстан» газетінде, Бағдат облыстық телерадио компанияда жемісті қызмет істеп жүр.

Жаксының шарапаты, кісілік биік парасаты осылай болса керек. Бұл сөзімді Оралбекке арнасақ артық болмас.

Естелік Үмітай жайлы болғандықтан оның достыққа адалдығын, сыйластыққа беріктігін айтқым келеді. Оралбекті «Ораш», мені «Қареке» дейтін. Бізді бауырына тартып, бақылауына алып, қамқор болып жүретін.

-«Қараталға барып, көшкіндерді шығындап қайтпасам



болмас», - деп жүзіне жылы шуақ жүгіріп отыратын.

Сөйтсем, Көшкін атаға жиен болып келеді екен. Онысын орынды пайдаланып Қараталға барған сапарынан арқа-жарқа болып, мерейленіп оралатын. Бірде Оралбекке одағай қалжак айтып қалған бір әріптесімізді құлақ-шекеден отырғызып жібергені бар.

-«Жиен ел болмайды, - десеңдер де, нағашыларымды әділетсіз басынуға жол бермеймін», - деп еді күркіреп. Керек жерінде, кезі келгенде жарк ете түсетін найзағай мінез де одан табылатын.

Табиғатынан еркіндікті сүйетін, сұлулыққа іңкәр жүрегі бар Мұбарак жақсы өлеңдер жазды. Аз сөзбен өлмес өнер туғызуды армандады десек қателеспеспіз. Бірталай жауыар жырлар жүрегін әлдилеп жүрген азамат ақын мезгілсіз сағымғы айналып кетті. Біржола жоғалған жоқ, жүріс-тұрысы, сөзі, бейнесі санамызда жаңғырып тұр. Өлеңдері бар, оқимызда, одан Мұбаракты көреміз. Тірі.

Қараман Айтжанұлы,  
«Тоқырауын тынысы» газетінің меншікті тілшісі.

11 қараша 2003 жыл

Балқаш қаласы

Осы кітапты шығаруға демеушілік көрсеткен Ақтоғай ауданының әкімі Рысқали Қалиақпарұлы Әбдікерев мырзаға, «Балқаштүстіметалл» өндірістік бірлестігінің бас директоры Махмұт Қасланұлы Әліпбергенов мырзаға рахметімізді, алғысымызды айтамыз.

*Үмітайдың балалары*

Ақынның шығармаларын жинақтап, баспаға әзірлегендер:

Ұлы Бағдат Мұбаракұлы, бауыры Тәбәрік  
Жармағанбетов, үзеңгілес дос-інісі Оралбек Жүнісұлы.

## Мазмұны:

|   |    |   |    |
|---|----|---|----|
| Жанымның жайдым жапырағын                     | 1  | Манарбекке .....  | 47 |
| Ашыну.....                                    | 4  | Ардагерлер арамызда .....   | 48 |
| Элегия.....                                   | 5  | Жиырма жеті көктемім .....  | 49 |
| Досқа сыр.....                                | 5  | Арман .....   | 50 |
| Ғасыр перзенті.....                           | 7  | Ана туралы ода .....  | 52 |
| Табиғат мұны.....                             | 8  | Өнегелі өмір .....  | 52 |
| Ақтоғайдың кеңесі –<br>мақтаньшым.....        | 9  | Түс .....   | 54 |
| Ақ алтын.....                                 | 10 | Ақ көйлекті ару қыз.....  | 54 |
| Жүрегімде жаңа жыр.....                       | 11 | Мұқағалиға... .....   | 56 |
| Абайға табыну.....                            | 12 | Қасым Аманжоловша... .....  | 56 |
| ...Ер туған анасынан.....                     | 13 | 40 жасқа базына немесе<br>қайран жиырма бес .....   | 56 |
| Бір түп терек.....                            | 14 | Ана сүтін аспанға<br>сауғызатын... .....  | 57 |
| Қара шал.....                                 | 17 | Ғасыр перзенттері .....   | 59 |
| Тенге.....                                    | 18 | Ауданымыздың 60 жылдығы<br>қарсаңында.....  | 63 |
| Қараталым.....                                | 19 | Ардагерлер .....  | 61 |
| Ажалмен арбасу.....                           | 20 | Ауданымыздың 60 жылдығы<br>қарсаңында.....  | 63 |
| Бақыттың нұрын сепкендер... ..                | 21 | Обком мүшесі .....  | 65 |
| Ардагерлер!.....                              | 22 | «Қолда барда алтынның қа-<br>дірі жоқ» деген осы екен-ай!                                 | 66 |
| Өмірдің өзі сайқал-ау!.....                   | 23 | Арнау .....   | 67 |
| Ұлым Бағдатқа.....                            | 24 | Ағылсын жырлар... .....   | 68 |
| Қызым Салтуға.....                            | 24 | Батыраптың балтасы... .....   | 68 |
| Ұлым Мақсатқа.....                            | 24 | Жыр жинақтарым .....  | 69 |
| Базына.....                                   | 25 | Достық деген немене? .....  | 70 |
| Күрсінс (баллада).....                        | 27 | Анамен сырласу .....  | 71 |
| Кешір мені.....                               | 30 | Д.Стамбековтың 50 жасқа<br>толуына орай.....  | 72 |
| Ақын. Дос. Бейтағыс.....                      | 31 | А.Ахановтың Жезқазған<br>қаласындағы<br>шығармашылық кеші .....                           | 73 |
| Шөп те өлең.....                              | 33 | Жиенім Мәдениет   |    |
| Мен ұйқымнан шопынам... .....                 | 34 | Түгелбайұлының 60 жылдық<br>мерейтойына ақын-<br>нағашысы Үмітайдың арнау-<br>өлеңі ..... | 75 |
| Ару жыр.....                                  | 36 | Бабаларға бас иеді бүгінгі<br>үрпақ .....   | 76 |
| Не тындырдым .....                            | 37 |   |    |
| Әйелдің соңғы мұны (баллада)                  | 38 |   |    |
| Түсімде көрдім мен сені... .....              | 40 |   |    |
| Ақтоғайым – арыстардың<br>мекені.....         | 41 |   |    |
| Алмас ақын .....                              | 43 |   |    |
| Сырды бүгін жасырмау қажет<br>тегі .....      | 43 |   |    |
| Біз қазақпыз... .....                         | 45 |   |    |
| «Мен қазақтың мың өліп, мың<br>тірілген»..... | 46 |   |    |

|  |     |   |     |
|--|-----|---|-----|
| «Жігіт сыны» байқауындағы ой.....                | 77  | Соғыс .....                               | 114 |
| Туған өлке .....                                 | 78  | Анамен сырласу .....                      | 114 |
| Қазыналы қарттарым .....                         | 87  | Мұң-жыр болып көңілде жатталасын... ..    | 116 |
| Арманға мұрат ұптасты .....                      | 88  | Айшекене! .....                           | 116 |
| Желтоқсан ызғары .....                           | 91  | Қайғы .....                               | 117 |
| Алматыдан сөйлеп тұрмыз!.....                    | 92  | Кассир А.Оспановаға .....                 | 119 |
| Совет Одағы телеграф агенттігі.....              | 92  | Корректор Күләшқа .....                   | 119 |
| Желтоқсан ызғары .....                           | 93  | Тіліш Әблқайыроваға .....                 | 120 |
| Өмір деген біле-бісек бір мұрат.....             | 94  | Қайдан тауып алады? .....                 | 120 |
| Кен жазира далам... ..                           | 95  | Ауырмағаныңыз жөн. ....                   | 121 |
| Тағдыры талқы халқым-ай .....                    | 96  | Құлақ қағыс.....                          | 121 |
| Өмір деген өтеді ағын су сынды байқалмай .....   | 98  | <b>Тау мінезді жігіт еді (естеліктер)</b> |     |
| <b>Ғасыр газуаты</b>                             |     | Жақсының жақсылығын айт.....              | 123 |
| Соғыс оты .....                                  | 99  | Рухани сырлас – хәм құрдас еді.....       | 124 |
| Жорық .....                                      | 101 | Үмітай – Мүбәрәк.....                     | 127 |
| Брест қамалы .....                               | 102 | Көңілден кетпейді.....                    | 128 |
| Ерлік үлгісі .....                               | 102 | Елде қалған егіздер.....                  | 131 |
| Ақтоғайдың ерлері .....                          | 104 | Ол аға, біз іні едік.....                 | 132 |
| Мен соғысты көргем жоқ .....                     | 105 | Аяулы ағам еді .....                      | 134 |
| О. Жәніс сен ерліктің елесі ме ең?.....          | 106 | Елдің жүгін арқалаған азамат.....         | 134 |
| Ардагерлерім .....                               | 107 | Сағынышқа толы хаттардан                  | 136 |
| Ұлы Жәніс 50-де .....                            | 108 | Ақынның найзағай мінезі ...               | 138 |
| Есімім менің ерлік деп .....                     | 109 |   |     |
| Тылдағы еңбек, қара қағаз... ..                  | 110 |   |     |
| Паульс – Сталин .....                            | 111 |   |     |
| Рейхстаг. Жәніс туы. ....                        | 111 |   |     |
| Бухенвальдский набат .....                       | 112 |   |     |
| Соғыстан қайтқан солдаттар                       | 112 |   |     |
| Соғыстан қайтқан солдаттар (баллада-драма) ..... | 113 |   |     |

Үмітгай Жармағанбетұлы

## Жанымның жайдым жапырағын

өлеңдер, естеліктер

редакторы – Оралбек Жүнісұлы  
техникалық редакторы – Алма Тоғызбаева  
беттеуші – Дана Максұткәрімқызы  
әріп түзеуші – Үмітхан Мауасова

Геруге 10.10.2003 жылы жіберілді. Басуға 17.11.2003  
жылы қол қойылды. Әріп түрі «Times New Roman»  
компьютерлік терілім Тапсырыс № 1043. Тиражы 300 дана.

Кітап «Полиграфия» ААҚ «Гортипография» Балқаш  
қалалық баспаханасында басылды.

Балқаш қаласы, С.Сейфуллин көшесі, 25-үй

